



## ТАС ТҮЛЕК

4 актілі, сегіз суретті пьеса

*1935 жыл, июль—август*



### АДАМДАРЫ:

1. А р п а б а й – 55-те}
2. Е с б и к е – 50-де } Қондыбайдың батырақтары.
3. Қ а м б а р – баласы. Байдың жылқышы болған. Жасы 18-де.
  4. К ё м ѡ ш – қызы. Жасы 16-да.
  5. Қ ў с б е к – Қондыбайдың жақын туысканы, Қемештің күйсүі. Жасы 18-де.
6. А л а т а й – Арпабайдың жиені, кедей баласы. Қамсомол, о да Қондыбайдың ауылында малшылықта болған. Жасы 16-да.
7. С а п а р – бай ауылының бисшісі болған. Жасы 16-да.
8. С ө л к е б а й – койшы, жасы 20-да.
9. Б ө л т і р і к – байдың пілленшісі, шөп машинасын жүргізеді. Жасы 19-да.
10. А л т ы н – Сөлкесбайдың қарындасты. Жасы 16-да.
11. М е с – жылқышы. Жасы 19-да.
12. Т о п а й – Белтіріктің катыны.
13. Ш ә к е н – Қондыбайдың қызы. (Өзгелерінс басында басшылық етеді. Бойы кішкентай арықша.) Жасы 17-де.
14. О м а р – азғана окуы бар қаладан келген қамсомол. Жасы 18-те.
15. Н ұ ғ ы м а н – конфискеші өкіл, кіндік өкілі. Жасы 35-те.
16. Қ о н д ы б а й – Конфискеге ілінген бай.
17. С ы б а н б а й – Қондыбайдың бір туысы, шабан.
18. Н ұ ր б а й – о да шабан.
19. Ә ш і м – үлпішыл, оқыган жігіт. Жасы 30-да.
20. С е р г е й с п }
21. М и т я } – қамсомол ячайкесінің хатшылары.
22. Ш у а ш б а й }
23. Е н с е б а й } – ел қазактары. 40-35-те  
Шабалдар, үршілар.

## АКТ

### 1 – көрініс (1-ші сурет)

Бай үйі, үйдің іші бұрқырап жатыр, ортада үлкен сандық, аузы аңық. Ішінен օқалы шапан, ішік көрінеді. Айнала кілем, шағи, дүрие тортіпсіз үйде өр жерге тастай салынған сияқты. Үшеуі де шымылдық ашылған соң (Құсбек, Әшім, Сыбанбай) кіреді.

Ә ш і м (жолдан жаңа келген кісінің түрінде, қолында қамышы, басында шіләне, үстінде жұқа шапан). Жүргізіп те жіберді ме? Қап, Қондекене амандаса алмай да қалдым-ау?

С ы б а н б а й. Қарағым, несін айтасың, қолды-аяққа тұрғызбай дедектетіп, бір-ақ өкетпеді ме? Ағайын ортасының құты еді. Қажы баласынан қалған үлкен діңтек Қондекем еді. Кетті ғой елдің басы. Құт шайқалды, ел дуние шашылды міне! Табар ақылың бар ма? Жоқ па?.. Қондекенің сенгені сен екеуің емеспен?

Ә ш і м. Ағайың, туысқан қайда? Неге ізденбедіңдер? Өз басы болыс болмаған адам деп неге айтпадындар?

С ы б а н б а й. Әшеке-ау, болды ма оған? Көрнеу шығып, айдалмасын деп айтуға бірде-бір кісі жарамады ғой.

Ә ш і м. Кедейге айтқызбайтын ба?

С ы б а н б а й. Кедей дейтін кедей қалды ма қолымызда? Кеңес-кеңес деп құлағына сініріп тастамады ма баяғыдан? Кеңес кедейдің кеңесі, билік сенікі, дүние сенікі, жалғыз-ақ жолында кедергі болып тұрған осындай бай, жуан деп кедейді үгіттегелі қашан?

Ә ш і м. Е, ал оның несін айтасың? Соған бар кедей елігіп-ақ кетті ме? Бәрінің көзі ашыла қап па! Олақсындар ғой! Шырғаласа, торый білсе қақ осы ауылышының өзінен, осы малшы, жалышынан-ақ таппас па едіңдер жоқшыны?..

С ы б а н б а й. Ойбай, малшы-жалшыны атамаңыз, қызыл көз пәле боп шыққан солардың өзі емес пе?

Ә ш і м. Қойши, өкіл зорламай, солардың өзі-ақ шықты ма?

**С ы б а н б а й.** Үлгі осы ауылдың талай жылғы құл-  
құтанды... өсіресе бір, жастары шетінен жылқышы, биеші,  
қойшы-қолаң еді.

Ә ш і м. Оларды кім еліктіріп жур?

**С ы б а н б а й.** Осында қамсомол болып жүреді екен  
ғой, әлті бір Қамбар деген жылқышы. Сол бәрін бастап  
журген.

Ә ш і м (*Құсбекке*). Мұнда қамсомол бар ма еді? (*Құсбек*  
*ундемейді.*)

**С ы б а н б а й.** Қосшы, қамсомол бар, бәрі де қаптап  
кеткен емес пе? Мынау бесінші ауылда ұясы бар екен ғой  
соларыңын?

Ә ш і м. Е, Қамбар боса, мына Құсбектің жақыны емес  
пе?

**С ы б а н б а й.** Е, бәсе, бәсе соны айтам-ау енді. Қарын-  
дасы мына Құсбектің қалыңдығы. Енді осы бала бой са-  
ғаттамай ізденсе, міне Қамбарлармен сейлессе (*қалтасы-  
нан қагаз шыгарып*), сонымен мынау пргауарға жалшы-жа-  
қыбайдын пргауарын қоса тіркесек.

Қ ү с б е к. Бұның не? Қайдагы пргауар? (*Әшім, бәрі  
қарайды.*)

**С ы б а н б а й.** Бұл ауыл кеңестікі.

Қ ү с б е к. Ол негып берді?

**С ы б а н б а й.** Барды салып, игі жаксы бол жабысып  
журіп алмадық па. Бірақ осыны бергенін біліп барлық қос-  
шысы қамсамолы жабылып, мынаған қол қойған ауыл  
кеңесті орнынан жұлдып таstadtы (*Әшімге.*) Ал осымен  
ізденсек іс бола ма?

Ә ш і м. Неге іс болмасын?! Бұған жаңағы айтқанды ке-  
дей пргауарын қосса, тіпті жақсы болар еді. Сол екеуімен  
ізденіп біреу жол жүрсін, үзак жол жүрсін. Анау Қызылорда,  
одан ары тіпті Мәскеуге, Қалининнің өзіне барсын. И сол.

**С ы б а н б а й.** Міні-міні байдың айтқаны да осы ғой,  
сұра деген ақылы осы ғой. Ал енді осымен байдың ізденіп  
жол жүрсін дегені мына Құсбек бала еді. Бұдан басқа жол  
жүріп, жөн білерлік ешқайсымыз жок.

Ә ш і м (*Құсбекке*). Қазақ малының тұқымын құрту  
ғой бұл іс. Момын шаруа, енді қаңғып кетіп бара жатқаны

мынау, мұны іздемей болмайды. Кіндіктен, Мәскеуден осы жайды айтса жол табылуы мүмкін. Мен ондағы кіслерге хат берем. Сен ізден. Және мұндағы ана жастарына да салмақ сал.

Құсбек. Жоқ, мен бұл жолға журмеймін... Бармаймын!

Сыбандай. Шырағым! Қондекенің сенгені сен едің, бір жолға ісінді аяйын дедің бе? Бұл не қылғаның?

Құсбек. Өзгеге де тіршілік керек. Бір кісі кетті дең, қойша шұбыра қырылуши ма едік бөріміз соның сонынан?!

Әшиим. Сенің не есебің бар? Бұл не дегенің?

Құсбек. Дегенмен сол, қанпескеленген байды жақтап, қайтып ел бетін көре алмайтын қара бет болайын ба?

Сыбандай. Е, өйдегенше, одан да ана желіккендерге қосылып, сен де қамсамол болсаң еттің.

Құсбек. Болсам болам! Бере түршы әлгі пргауарыңды (Сыбанбайдың қолынан алады да.) Кеткен бай кетті. Енді түк те өнбейді. Жаманатты болатын, соның ығында өлеңтін ақмағың жоқ. Мә сенің пргауарың (дал-дал қып жыртып, лақтырып тастайды.)

Сыбандай. Ойпыр-ау, ойпыр-ау! Сығыр мұндар, ел десем жау ма едің. Жоқ, құтырып кетіп пе ең әлде, байдың жар дегенде жалғыз жақыны!

Әшиим (Сыбанбайга). Тоқта, шығын қылма! Байдың қамын басқа жерде, басқамен сөйлес (Күсбекке кекетіңкіреп) Жолың болсын, шырағым!..

Құсбек. Сізден ақыл сұрамаспзы.

Сыбандай (есікке таман барып.) Ой-бой, әлгі құтырган малышылар келеді екен, жүріңіз, Әшеке, кетейік. (Әшиим есіктен қарайды.)

Әшиим. Ылғи қарсы шыққандар ма осылар?..

Сыбандай. Жүріңіз бұл әлгі Қамбардың сонына еріп, Нуғман өкілдің қасынан шықпайтын ылғи өнер таптық деген жастары. Көп кедей тағы бар. Олар ана жақта мал үлесіп, иелік жөргесіп жатыр. Соған мұның... (Кетеді.)

Құсбек. Аулақ кетші бәсе, жабыснай (Бір бөлек кетеді.) (Тыстан кедей жастар дабырлап, сөйлеп кіреді.).<sup>1</sup>

## Көрініс

Қамбар, Бөлтірік, Кәмәш, Топай, Алтын кіреді.

Қ а м б а р (*Бөлтірікке*). Кәнпеске деген осы екен, ө?..  
Қондыбай байды өрен-жаранымен...

Б ө л т і р і к. Тамыр-түбірімен де...

Қ а м б а р. Өп-сөттің ішінде жұлды да өкетті, ө?!.

Б ө л т і р і к. Сайтанын бір-ақ қақты. Кеңес-кеңес болғалы қайратына көзінді өбден жеткізген, айзыңды шын қандыратын іс осы болды, ө, Топай! (*den Топайга қарағанда, өзгелері құледі.*) Бұ да осал демендер, көсеудей қара қолын бай айдалсын ба деген жерде көтеріп-ақ алды-ау сорлың.

Т о п а й. Қашан?..

К ә м ө ш (*өзгелermen бірге құліп*)<sup>2</sup>. Ал Бөлтірік, бәсе, Топайдың өтірікке жайы жоқ ол.

Қ а м б а р. Бөрекелде, байының құлметін қатыны анты деген осы да! (*Кұліседі.*)

Б о л т і р і к (*қолын созып мазақтап көрсемін.*) Осы сейтіп, битіп, мені тіпті иығынмен қағып, созып тұрганың қайда еді? Көзі ашылған кедей қатының біз боламыз деп?..

Т о п а й. Өй, жаның шықсын (*Өзгелері құледі.*) Тіпті өтірік.

Б ө л т і р і к (*өзгеріп, мазақтап*). Өй, аруақ атсын, аруақ атқыр. Үйдегенше козім ашылғаны рас, сүйттім десенші, аруақ атқыр.

Т о п а й. Көзі ашылды деген жас күшік қой деймісің?

Б о л т і р і к. Ойбай, соп-сопақ болған байғұс. Топай деген атың құрсын сенің, түйіліп тұрган.<sup>3</sup>

Қ а м б а р. Ал, бай кетті. Ел, дүние қалды. Енді қайтеді екеміз, бұл, ө!? Арқа-басымыз бір-ақ босап, әншайін еру болдық та қалдық-ау, өзі...

А л т ы н (*Кәмәшқа*). Айтты-айтпады, өзі бір түрлі қазір көшкен сияқтымыз ба? Еру сияқты ма?

К ә м ө ш. Бәсе, онесі екен? Бір салық салған ауыл сияқты ма? Бай-бәйбіше енді болмайды дегенге көңіл сенбейді тіпті, о несі?

Б ө л т і р і к (*есік жаққа барып, қайта үмтүліп*). Қамбар! Кәмәш! Сендердің өке-шешелерің келеді екен. Тұра тұрындар, бір састырайын.

Байдың ішігін киіп, тосекке жантайып теріс қарап жата қалады. Өзгелері босағада, Арпабай есікке жақындаій бере.<sup>4</sup>

Б ө л т і р і к (даусын жуандатып, өзгертіп, бай даусына салып). Уай, Арпабай!.. (Арпабай сасып қалады. Қалт тұрып қалады. Артындағы кемпірін үстай береді.)<sup>5</sup> Қамбарга қарайды. Ол муләйім... Қыздар теріс айналып, шиді жагалап жұмыс істеген болып жүр.) Уа, жылқыны суардың ба?

А р п а б а й (сасып қаң). Ойбай, өлі суартқан жоқ едім, бай! (Қалбақтайды).<sup>6</sup>

Б ө л т і р і к. Уа, жау алғыр, негып жүрсің өлпі күнге? Бар, түгі, суар. Уа биені байлат, шашаң, ой қарғыс тигір өңшең (Арпабай айнала береді.) Уай, Есбике!

Е с б и к е (сасқалақтап). Котек-ая, өлі кетті дегені қайда, түгі? (Дағдарып Қамбарга қарап, ернін сылп еткізеді. Қамбар ым жасап, әне жатыр дегендей қылады.)

Б ө л т і р і к. Уа, дәрет су жылдытың ба, кемпір, шайың қайнады ма?

Е с б и к е (қорғаншақтап). Қайнаған жоқ еді, бетім ау, енді не деймін? (Шөугімге ұмтылып, Қамбар Қемошті қагып қаң.) Тұршыбылай арман (Ернін сылп еткізеді, Қамбарлар құліп жібереді, Бөлтірік сақылдан құліп атып тұрады, кемпірдің қолында шоугім. Тап беріп.) Ой, жүгірмек өңшең, арқа басым айқайы мен ызғарынан жаңа босады ма десем (аналарды қуып ұрып жүріп) зәремді алғаны несі өңшең қаңғырган неме! (Күлкі.)

Омар кіреді, қасында Құсбек, Мес, Алатай, Сапар бәрі алқа-қотан жинала береді. Омардың қолында көп кінешкे<sup>7</sup>.

О м а р. Ал, кедей-батырақ! Бай кетті. Арқа-басың босады. Енді тіршілікке де, кеңес дүниесіне де өздерің иесің.

Б а т ы р а қ т а р. Уа, айтқаның келсін, жолың болсын! Дегенің келсін!

О м а р (құлімсіреп, даурықты басып). Тұра тұрындар, жолдастар. Сендер бәрің де байды қуарда, нағыз кедей табы болып біргіп еңбек еттің, таптық санасты ашылған деген осы болады. Енді үйымдасу қажет. Бәрің де жассың, қамсомолға арыз да берісп едіндер. Міне, енді сендерді тегіс қамсамол алды. Әуелі соны білдірем.

---

### Көрініс

Қамбар, Болтірік, Кемәш, Топай, Алтын кіреді.

Қ а м б а р (*Бөлтірікке*). Қоңпаске деген осы екен, ә?..  
Қондыбай байды өрен-жаранымен...

Б ө л т і р і к. Тамыр-тубірімен де...

Қ а м б а р. Әп-сәттін ішінде жұлды да өкетті, ә?!

Б ө л т і р і к. Сайтанын бір-ақ қақты. Қеңес-кеңес болғалы қайратына көзінді әбден жеткізген, айызынды шын қандыратын іс осы болды, ә, Топай! (*den Tonaiга қараганда, өзгелері күледі*.) Бұ да осал демендер, кесеудей қара қолын бай айдалсын ба деген жерде көтеріп-ақ алды-ау сорлың.

Т о п а й. Қашан?..

К ә м ә ш (*өзгелермен бірге күліп*)<sup>2</sup>. Ал Бөлтірік, бәсе, Топайдың өтірікке жайы жоқ ол.

Қ а м б а р. Бәрекелде, байының күлметін қатыны ашты деген осы да! (*Күліседі*.)

Б ө л т і р і к (*қолын созып мазақтап көрсемін*.) Осы сейтіш, битіп, мені тіпті иығынмен қағып, созып тұрганың қайда еді? Қөзі ашылған кедей қатының біз боламыз деп?..

Т о п а й. Өй, жаның шықсын (*Өзгелері күледі*.) Тіпті өтірік.

Б ө л т і р і к (*өзгеріп, мазақтап*). Өй, аруақ атсын, аруақ атқыр. Үйдегенше көзім ашылғаны рас, сүйттім десенші, аруақ атқыр.

Т о п а й. Қезі ашылды деп жас күшік қой деймісің?

Б ө л т і р і к. Ойбай, соп-сопақ болған байгүс. Топай деген атың құрсын сенің, түйіліп тұрган.<sup>3</sup>

Қ а м б а р. Ал, бай кетті. Ел, дүние қалды. Енді қайтеді екеміз, бұл, ә? Арқа-басымыз бір-ақ, босап, әншейін еру болдық та қалдық-ау, өзі...

А л т ы н (*Кемәшқа*). Айтты-айтпады, өзі бір тұрлі қазір көшкен сияқтымыз ба? Еру сияқты ма?

К ә м ә ш. Бәсе, оннесі екен? Бір салық салған ауыл сияқты ма? Бай-бәйбіше енді болмайды дегенте көніл сенбейді тіпті, о несі?

Б ө л т і р і к (*есік жаққа барып, қайта үмттылып*). Қамбар! Кемәш! Сендердің әке-шешелерің келеді екен. Тұра тұрындар, бір састырайын.

Байдың ішігін киіп, төсеккес жантайыш теріс қарап жата қала-  
ды. Өзгелері босағада, Арпабай есікке жақындаій бере.<sup>4</sup>

Б ө л т і р і к (*даусын жуандатып, өзгертіп, бай даусына  
салып*). Уай, Арпабай!.. (*Арпабай сасып қалады. Қалт тұрып  
қалады. Артындағы кемпірін үстай береді.*<sup>5</sup> Қамбарга қарай-  
ды. Ол мұлдайм... Қыздар теріс айналып, шиді жағалап жұмыс  
істеген болып жүр.) Уа, жылқыны суардың ба?

А р п а б а й (*сасып қан*). Ойбай, әлі суартқан жоқ едім,  
бай! (*Қалбақтайды*).<sup>6</sup>

Б ө л т і р і к. Уа, жау алғыр, неғып жүрсің өлгі күнге?  
Бар, түгі, суар. Уа биені байлат, шашаң, ой қарғыс тигір  
өңшең (*Арпабай айнала береді*.) Уай, Есбике!

Е с б и к е (*сасқалақтап*). Қотек-ая, өлі кетті дегені  
қайда, түгі? (*Дагдарын Қамбарга қарап, ернін сылт еткізеді.*  
*Қамбар ым жасап, әне жатыр дегендей қылады*.)

Б ө л т і р і к. Уа, дәрет су жылыттың ба, кемпір, шайың  
қайнады ма?

Е с б и к е (*қорғаншақтап*). Қайнаған жоқ еді, бетім-  
ау, енді не деймін? (*Шоугімге үмттылып, Қамбар Қемәшті  
қагып қан*.) Тұршы былай арман (*Ернін сылт еткізеді, Қам-  
барлар күліп жібереді, Бөлтірік сақылдан күліп атып тұра-  
ды, кемпірдің қолында шөугім. Tan берін*.) Ой, жүгірмек  
өңшең, арқа басым айқайы мен ызгарынан жана босады  
ма десsem (*аналарды қуып ұрып жүріп*) зәремді алғаны несі  
өңшең қаңғырган неме! (*Күлкі*.)

Омар кіреді, қасында Құсбек, Мес, Алатай, Сапар бәрі алқа-  
қотан жинала береді. Омардың қолында көп кінешке .

О м а р. Ал, кедей-батырақ! Бай кетті. Арқа-басың бо-  
сады. Енді тіршілікке де, кенес дунисіне де өздерің иесін.

Б а т ы р а қ т а р. Уа, айтқаның келсін, жолың болсын!  
Дегениң келсін!

О м а р (*кулімсіреп, даурықты басып*). Тұра тұрыңдар,  
жолдастар. Сендер бәрің де байды қуарда, нағыз кедей табы  
болып бірігіп еңбек еттің, талтық санасты ашылған деген  
осы болады. Енді үйымдасу қажет. Бәрің де жассың, қам-  
сомолға арыз да берісіп едіңдер. Міне, енді сендерді тегіс  
қамсамол алды. Әуелі соны білдірем.

**Б а т ы р а қ т а р:**

- Бәрекелді!
- Да, жарайсың!
- Е, бізді алмай кімді алушы еді.
- Боламыз, боламыз қамсамол!

**О м а р. Жолдастар!** Үйірмелерің мына 5-ауылдың үйірмесі, соның есебінде, соның мүшесі боласындар. Енді кешікпей барып кнежкелерінді алындар.

**Д а у ы с т а р:**

- Е, Қалдыбай ғой.
- Қалдыбайта мүше екеміз ғой.
- Қалдыбаймен бір мүшеде... дұрыс-ақ.

**О м а р. Қамбар,** мә кнежкен, екі айлық взносың теленбеген еken, мен төлеп алыш келдім. Ендігөрі салақ болма.

**Қ а м б а р.** Салақ болайын деген кісі бар ма, жаным-ау. Мынау бай малын қайда тығып, қайда қашырап еken деп соны аңдудан мұршамыз келді ме? (*Кнежкесін тізесіне қойып отырганда Есбике қолына алады. Қамбар түсін өтірік сұтып.*) Қой, апа! Не қыласың? Қартайганда қамсамол еken деп шатақ қыла береді!..

**Е с б и к е.** Ибай, котек! Мә, ендеше (*лақтырып жібереді, жүрт ду құледі*), қолым үшы тиіп кеткен еken, о несі еken?!

**Қ а м б а р.** Қашан, үстадың ғой, құдай қански!

**Е с б и к е.** Ибай, аулақ пәленді қашан үстадым?

**Б ө л т і р і к.** Куә бар ғой, мен де көрдім (*Өзге дауыспен.*) Пәле қып конфескелеп жүрмесе игі еді? (*Жүрт құледі.*)

**Е с б и к е.** Тәйт арман, өңшең жугермек, қара бұны, бірі бастап, бірі қостап!

**Қ а м б а р.** Е, кедейдің басы біріккенін жаңа біліп пе ең?

**Е с б и к е.** Ие, жетістіндер ғой, ана байды сейтіп, қара орны хан тағынан аударып жетісерсің, түге!

**Б ө л т і р і к.** Ой-бай, бетім... Өзі бай-құлақтың құйыршығы ғой, өзі мынау.

**Е с б и к е.** Омай... Адыра қал... (*Жүрт құле береді.*)

**Қ а м б а р.** Қой дейім енді, жылы жауып қой мұны.

**А р п а б а й.** Е, тәйірі, не қыласындар, сол кемпірдің қоясын шығартып...

**О м а р. Жө,** жолдастар, мен сіздерді тәртіпке шакырам, келіндер, мәдениетті жүртша тәртіппі мәжіліс өткізейік.

М е с (қасындағы *Бөлтірікке*). Өй, осының тілі қалай еді озінің. Ұғамысың осының сөзін?..

Б е л т і р і к. Білмейім, толайым жылда осындай қазак көрген емен ныспы! Мадақият, аттақият дей ме немене? Сен үктың ба өзі? (*Қамбарды тұртеді*.)

Қ а м б а р. Қой енді, дұрыс тыңдаңдар.

М е с (*Қамбарды нұсқан*). Ой, ол көпір қоят деймісің? Бәрін ұтып отырған шығар.

Қ а м б а р. Оннан бірін үқсан да осының сөзінен дәмді сөз жок.

О м а р (*Сөйлем тұрып*). Бай-кулақты қанфесқауант ету ауыл-деревнеде классоби барбаның дамуын көрсетеді.

Б е л т і р і к. Уай, Омар! Осы озің бізге сөйлем тұрсан өзы өзіміздің қазағымыздың жалпақ қара тілімен сөйлеши, түге. Жок, жалғыз біздің Топайға сөйлем тұрсан, онда өзің біл, оның үгатыны рас! (*Жұрт құледі, Топайды қарасады*.) Бирақ, әттең, тілмаш болатын да шығып кеткенін қарашы.

Қ ү с б қ. Қой енді, айта берсін, сөзін бөлме.

Д а у ы с т а р:

— Ие қойындар.

— Тыңдандар...

— Тындандар...

А р п а б а й. Не десе де әйтеуір кедейге жақсы айтып жатыр. Тек отырмайтын ба, түге?

О м а р. Міне, енді күндерін туды, ұйымдастындар... Байды аластап айдастындар. Ендігі тіршілікті қалай, қалай ойлайсындар?

Қамбар атып тұрып келіп кебежсіні сүйреп өкеп ортаға қоюып, үстіне шығып ап.

Қ а м б а р. Жолдастар! (*Mes pen Бөлтірік құледі*.) Тәлкекті қойындар, жолдастар, батырақтар... Әңгіме енді кайда барамыз, не істейміз, кім боламыз деген ғой. Соны шешіп алайык (*Toқтан қалып орнынан түседі*.)

М е с. Болғаның со ма?

Қ ү с б े қ (*Күлін*). Шешеді-ақ екен мына шешен! (*Көмәшқа*.) Сен шық, сен сойле, әйел тенденгі ғой.

К ө м ә ш. Е, шықса несі бар екен?

Бирақ шыға алмайды. Алатай шығады да, қып-қызыл бол үялады.

М е с. Ал сейле, о неси екен?

А л а т а й (*тоқтап тұрып, жүрт күле бастаганда*).  
Сөйлесе, құр батырақ болып қалмайық... Өнер табайық.

М е с. Е, бәрекелде айта бер, айта тұс.

А л а т а й (*тұрып қаң*). Мен boldым! (*деп ата жөнеледі*.)

О м а р. Бәрің де айтындар, іркілмендер. Бірігіп отырып алдағы мәселелерді шешіндер. Иркілмендер, жолдастар! (*Жүрт үндеспейді, аздан соң Бәлтірік турегеліп кебегеге шыгады*.)

Б о л т і р і к. Омар айтқандай мен де орысшылайын.

Қ а м б а р. Е, сен көпір қандайсың.

М е с. Пөле, бұл ма? Бұл ағып кетеді, көні айт, айт.

Б ө л т і р і к. Уа, мұның өзі боғалам қауарит қой өзі.  
Батырақ, батырақ дейсің, тақ осы Құсбек те батырақ па?  
(*Жүрт аңыра қалады*.) Ал неменеге бақырайдындар. Соны айтам...

К ә м ә ш (*ыза бол*). Батырақ болмаса жердің үстінде  
жүрмесін деп пе, болғанның бәрі жалғыз батырақтан ғана  
бол пе екен?

Е с б и к е. О несі, түгі, Құсбектен қайсың өулие едің?..

Б ө л т і р і к. Жога, өшейін, ана қанпескелентен Қон-  
дыбай байдың жақыны еді, дегенім гой (*деп түсे береді*.)

Қ а м б а р. Е, айтындар, жігіттер, ондайдың бетін  
ашып сөйлендер, біздің үйдің, мына Кәмәштың қүйеуі екен  
деп іркілеміз бе? Байдың ағайыны екені рас, жасырайық  
па, міне, оздерің біл, ортамызға аламыз ба, жоқ па?

К ә м ә ш (*орнынан*). Өйтіп жағынбай-ақ қой, сен де  
мүйіздейін деп пе едің Құсбекті?

А л а т а й. Жоқ, жолдастар! Ол бізге қосылған, байға  
ерген жоқ.

Қ а м б а р. Айтындар, бәрің де айтындар. Мен мына  
өзіме сырғы мәлім, мына Местің жайын айтайын деп  
түрменин.

М е с. Е, мені қатыныңың қойнынан суырып алғып па ен?

Қ а м б а р. Жоқ, өлгі ненді айтам, үры болғанынды  
айтам. Таза кедей, таза батырақ бір сәрі, ал мынадайдың  
өзінің ең болмаса басын ашу керек қой. Білсін кеңес. Әлі  
осы жасыратынымыз бар ма кеңесімізден?

Б ө л т і р і к. Бәрекелде, айт, айттылсын.

М е с. Ой, тәйірі, торы жабагыны айтамысын? (*Жүрт күледі.*) Байдың малын қоргайын деп пе едің? Ол күнде байдан кегімізді сойтіп алмағанда қайтушы ек.

Қ а м б а р. Е, соның аты да үрлыш та, бәрі бір...

М е с. Ой, езуінді... Қайдың жау, бай жапқан жаланы жауып отырганың маған. Сен ойтіп өткенді қазбалап, қас жаманы қасындағысын қарақтайды деме, білдің бе? Менің кешегі еңбегімді айт, айтқыш болсан.

А р п а б а й. Бәсе, соны айтсаңшы. Азы алты қарыс байына алдымен қарсы шыққан Мес емей кім еді?

А л а т а й. Мес нағыз қара табан батырақ, өжет батырактың өзі, өзімізді жетектеп жүрген осы.

Қ ұ с б е к. Бәсе, мұндай жерде шатақ сөйлемеу керек, жолдастар біреуге анауың бар, мынауың бар дей бермей, өзіне қарau керек. Кеңеске істеген адад еңбегіне қарau керек. Кешегі Қондыбай байдың жауыз екені рас. Ағайын десендер де, біз екеш, біздің де қанымызды сорған еді. Сол байдың тыққан қазынасын Мес болмаса кім табар еді? Соны көпе-көрнеу бай кетпей түрғанда ашып берген, бар қоймасын ақтарған Мес емей кім еді? Батырақ деген, кеңес досы деген осындай іспен көрінеді. Байды құртайық дегенниң бірі осы Мес екеуіміз болатынбыз. Енді бүгін кеп кияс сөйлемендер, жолдастар, ол жантан бататын сез.

А л а т а й  
А р п а б а й  
Е с б и к е }      Уа, дұрыс, қарагым, дұрыс... Сезің жөн, айтатын жөні бар, дұрыс.

Қ а м б а р. Ал енді, олай боса, бағанағымызға қайта келейік, қайтеміз? Ал не істейміз, қайда барамыз? Осы мал сонында баяғыша журе береміз бе? (*Нұғыман кіреді, бәрі түршіл орын беріседі.*)

### К ө р i n i c

Н ұғы м а н. Е, не десіп жатырсындар, жолдастар?

А р п а б а й. Тілеуің бергір, мына кісінің өзі де келді фой. Уа, мына көп суырың ін қазам деп қазалмай жатыр. Жөн нұсқап, жол көрсет мыналарыңа, қарагым Нұғыман.

Б ө л т і р і к. Ағай, ана өзі егде тартқан кедей-жалшы өз бетінше орналасып жатыр фой.<sup>8</sup> Біз мына өңшеу жас,

ішімізде тіпті мына Арпакен, мына отырған Есбике шешеніз де бар (*Жұрт күледі.*) Жоға деймін бұлар бәріңген жас өлі, түге. Осы бәріміз ылғи жас бол кеңесіп отырмыз. Мал соңында қалмай, басқа бір өнер іздесек дейтініміз бар ішімізде. Мына Омарды соған шақырып ек.

Нұғым а. Е, бәрекелде, оларың ақыл-ақ, олай болса өнер ізде, оқындар. Кеңестің шын жақсы азаматы оқынған, саяси сауаты ашылған, көзі, қарақты адам болу керек.

Қамбар. Ие, соны енді талап қылсақ дегеніміз бар еді. Кеңес өзіміздікі, күніміз туды, тіршілікке өзіміз иеміз. Енді кеңестің жарық дүниесіне орлек көзімізді ашсақ дейміз.

Нұғым а. Ендеше, неменесі бар? Оқыым детен кедейге жол ашық. Мысалы, мына Қамбар, анау қарындастарым: Алтын, Көмәш, – бәріңіз оқындар.<sup>9</sup>

Бөлтірік } Жоға тіпті, бәріміз, бәріміз де  
Мес } іздесек дейміз.

Нұғым а. (*көтеріліп*). Үө, ендеше, тіпті нұр үстіне нұр. Бұларың бір жақсы ниет екен. Ендеше, бәрің бірдей білім алыш, көздерінді ашып алыш келіп кірісіндер. Кеңесіңе сүйеніп, өмірде өзімізге өз талабымызben жол саламыз. Киынға жетеміз деп аттанындар.

Омар. Мен айтсам, былай ма деймін (*Баптанып сөйлей бергенде.*)

Бөлтірік. Ой, Омар, осы сен өз сезінді қоя тұрып, осы біздей кедей-батырақ, кешегі өңшең жылқышы, биеші, ана Сөлкебайдай қара табан қойшы, пішениш сияқтыға Елен жолдас осындаиды не айтқан екен, соны бір айтты бізге...

Дауыстар. Иә, иә, соны айт, бәсе соны сұрандар. (*Омар болғелендең қалады.*)

Нұғым а. Ленин жолдас Октябрь тәңкерісін жасағанда: еңбекші бұқара қорғанбай өз сыйағасын алуға үмтыхын. Тәңкеріс те, билік те соныкі, тіпті әрбір ас пісіруші қатынға шейін үкіметті қалай менгеріп, қалай басқаруды үйреніп алсын деген.

Бөлтірік (*жұрттың “бәрекелді, ой аузыңнан айналайын” деген қостауларымен қатар*). Бәрекелде, оныңыз-

дың дәл өзі де бар бізде. Анау отырган Есбике сол ас пісіргіш қатындардың дәл озі.

Нұғымадан. Ол кісі болса соған және де мынау отырган бәріңде де арналған көсем сөзі сол. Бірің оқуга барсан, бірің өлде өндіріске баарсың, ол да бір үлкен қазан, көздерінді ашады.

Сапар, Сөлкебай, Топай кіреді.

Камбар. Міне, бәсе, жол мен жөн деген осы да. Өңішең тепсе темір үзеді деген жаспыш. Қараңғы болып неге қаламыз?

Мес. Бәсе, айналышың жегендей, сол байдың уағын-дай ошақтың үш бұтын күзеттіп отырамыз ба?

Белтірік. Бәсе, тіпті қыынға басамыз. Женеміз. Аламыз сыбагамызды. Жаңа мына ағай айтқандай аттана-мызы (Белтірік Сөлкебайга қарал.) Жә, мынау қайтеді екен? Үә, Сөлкебай, біз мынау Алматы, сонау Мәскеу сияқтыға аттанып өнер табамыз дейміз. Сен ересің бе, не дейсің?

Сөлкебай. Уай, аулақ журші өзің, тәлкегің керегі жоқ (Жұрт құледі.)

Алатай. Ай, Сөлкебай, анау күнгі арызben бізді алыпты. Енді ана бесінші ауылға барып кнежкені алып қайтамыз.

Сөлкебай. Кнежке? Ол неме жарайды?

Мес. Шай-қант аласың (Жұрт құледі.)

Алтын. Қойшы әрі, қағыта бермей шеттеріңнен!

Мес. О несі екен! Қамсамол. Бәрімізben бірдей қам-самол боласың? Соның кнежкесі, оқисың енді.

Сөлкебай (таңдаіын қагып). Жоқ! (den басын шай-қайды.)

Белтірік (Топайга). Эй! Сені окута жібергелі жа-тырмын.

Топай. Иә, өзің-ақ оқып карық болып ал.

Белтірік. Бәсе байқусың, бұ да бір оптарой Сөлкебай (Жұрт құледі.)

Нұғымадан. Эй, жолдастар! Сендер дұрыстап үғын-дырындар. Оқу ешкімнен үрікпейді. Кеңес оқуы шын ке-дей жалпының окуы.

Б ө л т і р і к. Соны айтып отырмын той, бұл аруақ атқырға! Әй, (*den an Қамбар мен Меске*) әлгі баяғыда Қондыбайдың баласы оқыды деген школдың аты не еді?

Қ а м б а р } Семнажиа, кемнажиа... Кемнажиа...  
М е с }

Б ө л т і р і к. Ие, ие, кемназия.... Сол кемназияга жіберем. Песір боласың. Әшейін сұңқылдатып арыз жазып отыратын баяты Шодыриша.

Қ ү с б е к. Барам де, Топай. Сен жібермей-ақ барамын деші соган.

К ә м ә ш. Барса несі бар екен, бәріміз де барамыз (*Топай да еліккендей болады.*)

Қ а м б а р (*Сапарға*). Мына жұрттың бәрі де бір үлкен талапқа мінді. Бұл бай кәнпескелеуден де нәрлі деседі. Осыны ниет қылып отырмыз, оқу. Оны сен не дейсін? Жүресің бе бірге?..

С а п а р. Әліпті таяқ деп білмейміз, біз оқып жеткенше қашан? Не өнеді той дейсін?

Қ а м б а р. Жоқ, талап қой, бәріміз де өзіндей, ең болмаса шала сауатты болып қайталық, жүр, барамыз, міне...

С а п а р. Енді сомадай болғанда не шығар дейсін?

Н ұ ғ ы м а н. Олай деме, шырағым, қырыққа келіп оқып та данышпан болғандар бар.

С а п а р. Әй, біз оқып мәндытпаспсыз, ал жазсаң жаз!..

Б ө л т і р і к. Қараши өзін, көшке мінетін көлік сұрагандағысына салып кергіп отырғанын (*Жұрт құледі.*)

Қ ү с б е к. Ой, қойындаршы осы сендер ажуалаганыңды. Сөлкебай, Топай, Сапар бәрінің тауын шағатын осы қылықтарың сендердің! Немене, ылғи қылжақ қыла бересіндер?

К ә м ә ш. Бәсе, тіпті сендерден басқа да тіл, жақ жоқ дейсіндер ме?

А л т ы н. Ие, тіпті жүртты ылғи шетінен қағытып. Өздері бір қара суды теріс ағызып отыргандай.

О м а р. Рас, бұл сөздің мәні зор. Қамсамолсындар, енді қамсамолдық дисциплина деген бар. Соны...

Б ө л т і р і к. Ал, тағы бірденені айтты (*Нұғыманға.*) Ағай, осыған айтып қойыңызыбы, тіпті сөйлей бастаса бол-

ды, так әнеугі мына Мес үйреткен асau қара тай сияқты, бір жағына сыңар езулеп ылғи біз үқпайтын бір қияға алып қашады да кетеді.

О м а р. Қамсамолдық тәртіпті айтамын. Біріңе-бірің жақын жолдасша қарау керек. Ол жағына басынан қырағылық керек.

Б ө л т і р і к. Бәсе, ал, ендеше, тәртіп-кеертіп деп кеп қырағылық дейсін. Дұрыс-ақ, босын. Ал, өзінді ғой, осы біздей жастарды үйыстыр, баста, қырағы бол, таза үйыстыр деп жіберді. Олай боса, сенің қырағылығың, қайда? Анау күні о да болады деп, Шәкенді алғаның қайда? Байдың қызын қамсамолга алғызып, әне... енді бүгін аузынды аппақ қып әкесімен бірге кетті де қалды.<sup>10</sup>

Дәл осы кезде Шәкен кіріп келсі. Кебежете шығып сөйлем түрған Бөлтірік оған сырт қарап түршіп кормейді. Жұрт тегіс анырып Шәкенге қарап үмтүлғандай болады. Есбике, Арпабай аймалап құрметпен қарсы алып жатады. Барлық жұрт соган үцілген.<sup>11</sup>

Е с б и к е. Е, айналайын-ай, келе ғой, Шәкен!

А р п а б а й. Қарағым, ермей қапты-ау мынау. Келе ғой.

Б ө л т і р і к (*бұрынғыша сойлем береді*). Шәкен деген ол әшейін сені мазақ етіп, бұлғақтап жүрген байдың еркектентек қызы емес де? Соган сеніп ... Оны да қамсамол деп...

М е с. Е, тағы айта тус, шешен дейім тіпті өзі!

Б ө л т і р і к. Міне, енді қамсамолдың қөдірін түсіріп (өзгелері күліп отырады.)

М е с. Ой, аруақ атқыр<sup>12</sup>, артына қара (*жұрт жабыла күледі, Бөлтірік артына бұрылып таң қалады.*)

Б о л т і р і к. Ойбай, Шәкен!

Ш ә к е н (*Өзгелердің үйірілгенін елемей мынаны тыңдал тұрған күйінде*). Омай, адыра қылғын тентіреген...

Б ө л т і р і к. Е, бас-аяғынды шымқып өкетіп еді ғой. Қайдан білейін.

Ш ә к е н. Е, мен құндақтағы бала ма едім? Ермедім, қайтып келдім. Ал, міні, енді өке-шешем де, үйім де жоқ.

А р п а б а й. Қарағым, Шәкен, дұрыс-ақ. Тіпті биттей күнінен бері барлық үй-ішінен бұның мінез қалиы ала

**бөтен төтенше еді. Қылғаны-ақ байға... Осының тіпті мақұл, балам<sup>13</sup>.**

**Е с б и к е (biresе шалына, biresе Шәкенге қарап).** Бала қып алайық өзіміз. Қарағым, ана Қамбар, Көмәшпен бірге озімнің балам бол, айналайын (*Ekei үйіріле береді, өзгелері ақ-таң*)

**М е с. Сендер** күргейлеп жатырсың-ау... Бірақ Шәкен өзі бетке айтқанды жақсы көретін. Мен айттайын. Тақ осы кісі содиядан сәлем хат алыш, сонымен келген болар<sup>14</sup>.

**Қ а м б а р.** Ал, содияң бай қызын алушан қорқып жылысқан болар. Өзі тіпті, Мәскеу кетіпті дейді содияң. Ал, ендеше<sup>15</sup>!

**Ш ө к ө н.** Мәскеу түгіл марғау кетсін (*Жүрт құледі.*) Соны іздеп келуші ме едім?

**Қ ү с б е к.** Ойбай, бұл тентектің қолынан не де боса келеді.

**Б ө л т і р і к.** Ал енді, жаңым, жөнінді өзің айт, ендеше. Мына жүрт жорамалдағанмен таба алмады гой, көріп отырсың.

**Ш ө к ө н.** Сендер кім босан, мен де сол болам. Сендер көргенді мен де көрем (*Жүрт дагдарып қалады.*)

**М е с.** Мәс-саған! Сен бай қызы, біз батырак, сорпа-мыз қосылмаса қайтеміз?

**Ш ө к ө н.** Бай қызы деген сөз адыра қалсын. Тәрбиесін кеңес, мені де адам қылсын. Соган келдім.

**Б ө л т і р і к.** Сөз-ақ-ау дейім осынысы (*Жүртқа қарайды, Сөлкебайга.*) Сен қалай қарайысын, айтар сөзің бар ма? Қарсы емеспісің? (*Сөлкебай ыржанаңдан күле береді.*) Әй, қарсымысын дейім? (*Сөлкебай таңдаіын қагып, басын шай-қап құледі.*)

**Н ұ ғ ы м а н.** Жолдастар, дағдаратын дәненде жок. Қарындастымдікі тіпті дұрыс, бұрын да өзі қамсамолға алышған екен. Енді міні өзі тіпті сыннан етіп келіп түр гой. Бұнысы өнер. Орталарыңа алындар. Батырақпен бірге о да тәрбие алсын.

**Қ а м б а р (Шәкенге).** Жарайды, бірақ қамсамолдық деген үлкен сын. Біз көп сынайтын кісіміз. Сол есінде болсын<sup>16</sup>.

**Д а у ы с т а р.** Дұрыс, мақұл, Қамбар дұрыс айтады. Жақсы келдің... Жарайды мұның (*Шәкен Алтын мен Көмәштың қасына барып, сөйлесіп тұрады.*)<sup>17</sup>

Б ө л т і р і к. Ал, жолдастар, енді жаңағы ниет – ниет қой. Өнер іздел аттандық қой, енді тегі. Солай ма?

Д а у ы с т а р. Аттандық, тәуекел.

– Жөнелеміз... Ізденеміз.

– Жолымыз болсын.

Н ү ғ ы м а н. Жарайды, жолдастар. Міні, бұларың талап-ақ. Тегіс енді пісіп-қатып, жақсылап өсіп, кеңестің табанды, жойытпас азаматтары болып келіндер<sup>18</sup>. Жалғыз-ақ уәде сол болсын. Әбден толып болған соң, тізеге-тізе, білекке-білек қосып, осы жерге бірге қайтып кеп, бірге істендер. Ал, жолдарың болсын.

Д а у ы с т а р. Уа, айтқаның кесін, бірге келеміз, дегениң болсын, ағаке. Уәде сол болсын. Талапты ерге нұр жауар.

Қ а м б а р. Қайта оралып кеп, дүниесін бір жаңғырттайық.

Д а у ы с т а р. Жөнелеміз ілгері. Ал қамданындар...

Қ а м б а р (*әке-шешесіне*). Ал, кемпір-шал, сендер де қамданындар, Кәмәш те жүреді.

Е с б и к е. Е, не дейді, сығыр! Мана ғана байды айдал, енді өзіміз де айдаламыз ба!

Б а р л ы қ ж а с т а р (*Шулап, қамап*). Жок, жүресіндер, бәрімізге бір әке-шеше керек емес пе? Өлтірмейміз сендерді. Мына бәріміз балан, сендер әке-шеше, жүріндер!

Қ ү с б е к (*Арнабай мен кемпірге*). Өзге болмаса да Кәмәшпен мен барамын, басқасына сенбе, екеуімізге сен. Өзім асырайын.

А р п а б а й (*кемпіріне*). Уа, ілгері басқан жасты кейін басқан көрі тоқтатпасын, кел, кемпір, біз де кеттік. Жол болсын (*Шу-құлқі, қуаныш*.) Илани аумин.

Шымылдық.

## БІРІНШІ АКТ

### ЕКІНШІ СУРЕТ

Сахна жаңа салынғалы жатқан үлкен зауыт, үлкен дүкен орны сияқты. Әр жерде тәшкे, пәселке, үйліген топырак. Жұрт үлкен ор қазып жатыр. Ұзынша терен жар. Қатлобан ішінде істеп жатқандардың бастары ғана көрінді. Еркектер осы жұмыста, әйсл-

дер: Шәкен, Алтын, Топай жоне Сөлкебай солармен бірге нөселкемен топырақ тасып әкстіп жүр. Топай мен Сөлкебай бір істейді. Құсбек жогарыда десятнік.

### Көрікіс

Құсбек (*төмөндегілерге*). Ал, тастап, тастап жіберіндер, бітіп қасын сонымен (*аналар қыза-қыза топырақты лақтырады*), е, солай, солай! Бәсе, істейім дегенде біздің бригат жұмыстың тас-талқанын шыгармай қоюшы ма ед, тәйір деген! (*Әйелдер келгенде.*) Кәне, кәне, тағы біраз апарып тастаңдар, бітіп қалды (*Әйелдер даяр нөселкені алып кетеді, еркектер күрек, қайлаларын сыртқа лақтырып тастап, артынан өздері де бірі артынан бірі шыгады. Қамбар, Болтірік, Мес, Алатай, Сапар, Арнабай мен Есбике азық, әкеле жатады*)<sup>19</sup>.

Арпаба бай. Осының нормасы аз ба? Жоқ, біздің балалардың ісі ширак па? Тағы бітіріп тастапты-ау!

Есбике. Несі аз босын. Көрсөнші, мына ен дала қыл-қызыл тас еді... әлем тапырағын шыгарыпты-ау, туу, қараңтарым-ай!

Арпаба бай. Ана жақтағы бригадтар мықшындағ әлі жарымын да бітірген жоқ.

Белтірік. Е, тәйір деген, бізге жұмыс шыдаушы ма еді, не айтып отыр өздері.

Мес. Тек Қамбардай жігіттің бағы ашылмай жүрген де бай жаншы!

Есбике (*ерінін сүлп еткізін*). Сөзіңе болайын.

Белтірік. Ал бітірдік, бітірдік, бірақ осы істеп жатқанымыз не екен езі?<sup>20</sup>

Алатай. Бәсе, мен де осыны бір сұрайын деп ем... Өзі осы істеп жатқанымыз не езі?

Қамбар. Станса... станса. Улken үй салынады мынаған.

Алатай. Ал сонда мынауымыз несі болады соның?

Белтірік. Бәсе, өзі құдық па? Көр ме? Арық па дейім езі.

Мес. Ай, шіркін, қарандылық-ай, істеуін істеп ап, енді ит көрген ешкі көзденіп тұруын, түге. Өнен, бұралап келеді, өні содан сұрандар.

Прораб шығып қарайды, өлшейді, дұрыс деп басын изейді.

Б ө л т і р і к. Әй, жолдас бұралап, мынауымыз не, бұл өзі, Местің көрі емес пе? Олай болса мынау сияды, енді казбаса да болады (*Жүрт күледі.*) Бұл не нәрсе, штакой!?

П р о р а б. Котлован, котлован это.

Кетіп қалады.

М е с (*Бөлтірікке*). Ал, қарық болдын.

А л а т а й. Немене деді?

М е с. Көк табан, көк табан! – дейді, ал (*Бөрі аңырысады.*)

Б ө л т і р і к. Өй, көк табан десе мұнда мән бар екен. Осының асты сыз, су. Өне шығайын, міне шығайын деп қылқылдал түр өзі.

А л а т а й. Күз тақап келе жатқаны мынау.

М е с. Су шықса келіседі екеміз.

Қ ұ с б е к. Табандыңнан су шығады, мұз боп қатады.

М е с. Соңда көк табан боласың де. Жарайды, жетіскен екенсің, Бөлтірік.

Бір жақтан бос жүрген Көмәш шығады, екінші жақтан Шөкен, Алтын, Топай, Сөлкебайлар кследі, отырысып тамаққа кірісе бастайды.

А р и ғ а б а й. Аты қалай жаман еді көпірдің.

Е с б и к е. Табандарыңнан сыз өтіп ауырып жүрер ме екен қарақтарым.

М е с (*Топай мен Сөлкебайдың алдына азықты бір бөліп қойып*). Мә, екеуің бір отырсың. Топай, енді Бөлтірікке пысқырып та қарама, не де болса осы Сөлкебайынмен кор. Анау, әбден жалынып, жалпы етек болғанша жотанды көрсете бер, өштейін<sup>21</sup>. Өз еңбегің, өз табысың, жалынарың жоқ. Бөлтірік көпір ыржандап құр қол жаулық қылғаны болмаса. Қатын қәдірін біле ме? Ақырын жүріп, андан басып қөнілінді түшіндіретін Сөлкебай да (*Топай, Сөлкебай күле береді.*)

С ө л к е б а й. Ал, “оыйн түбінен от шықты” деп Топай екеуіміз осыңа иланып қалсақ қайтесің?

М е с. Е, илаһим сол болсын. Аузын аппақ қылышдар тек. Т о п а й (*куліп*). Бәсе сол керек.

М е с. Міне-міне. (*Екеуіне қарап иіліп, Топайдың тақымын қысып.*<sup>22</sup>) Өздерің де үй ішінен үй тігіп, икемдескен-сіндер ме дейім тегі (*Аналар күледі.*)

**Б ө л т і р і к** (*Meske*). Өй, аруақ атқыр, пәле ізdemесен ішің кебеді гой сенің. Мынау екеуін қалай- қалай телисің өзің, менің көзім тіріде?!

**Қ а м б а р.** Болтірік, тегі, сак болғайсың. Мынау көпір үйіріп әкетіп бара жатқан көрінеді, тәрізі.

**Ш ә к े н.** Е, Сөлкебайдың басы кімнен кем екен! (*Kүлін*.) Бостандық Сөлкебай мен Топайга бұйырмап па?

**Б ө л т і р і к.** Бұйырса бұйырсын-ау, тек сирағы қырқылып жүрмесін Сөлкебайыңың.

**Т о п а й.** Ие, далада жатқан сирақ бар деген (*Сөлкебай күле береді*.)

**М е с.** Е, бәсе, мен болсам Бөлтірікке шын көрсетер ем.

**Б ө л т і р і к.** Ал енді көп ауыз біріксе бір ауыз жоқ болады, мен қойдым.

**Ш ә к े н** (*Kүлін*). Ойбай, орын босаттың ба, жарықтыым-ау?

**Б ө л т і р і к.** Қайтейін енді, басу айтады десем, өзің де солар жаққа шығып кетіпсін (*Кемсендеген бол*.) Дарада қалғанымыз да енді, міне, қу тізені құшақтап, бізге кім көзінің қырын салсын (*Шекен күледі*.) Шекентай, енді, өзің қолың ұшын созбасаң, су түбінے кеткені де енді Бөлтірік сорлының.

**Ш ә к े н.** Жоқ, ейтіп жанындағы жолдасынан жагаласпай айрылатын жігітке жәрдем ету арам. Саған істеген достықтың өзі бір бос шығын (*Қамбар келеді*.) Солай әмес пе, Қамбар? (*Қамбардың тізесіне шынтақтайды*.)

**М е с** (*Boltirikke*). Ал, бәлем, Топайды арзанға сатып жүргендегің сол еді . Жат сол сыйынмен.

**Қ а м б а р.** Шекеннің терелігі өділ емес пе? (*Шекенге*.) Міне, бәсе сүйесең осы біз сияқты сыналмаған жасты сүйе.

**Ш ә к े н** (*бұны ауызга қагып*). Қой енді сен де, Бөлтірікше барынды жарыққа салмай, ана үлкен кіслерді көремісің, үят-ай.

**А р ғ а б а й.** Қаректарым, жасқанбаңдар бізден. Біз байғұс қуанғаннан басқа не дейді дейсің.

**Е с б и к е.** Жатсам-тұрсам тілегім со да, айналайын, өмір жастарың ұзақ болсын тек.

**Ш ә к е н** (*Қамбар қасынан атып кетін*). Қарашы сактан-саққа мінгізіп әкетіп бара жатқандарын. Саған

**жолағым келмейтіні осы (Жөнеліп Құсбек, Көмәштар тобына барады.)**

**Қ а м б а р (әке-шешесіне жақындаған).** Қайдағыны қайдан шығарып аласыздар осы. Орынсызга килігіп.

**Е с б и к е.** Қарағым-ау, үялғанмен ата-енеңнің жоралғысы ғой. Бетім-ау, үялады-ау, өңшең жаман неме!

**М е с. Иө,** өзің өдейі сойтіп беттерін аша бер. Еркіне қойма, түге... О несі екен, жаман немелер?..

**Қ а м б а р.** Қойшы, өй, сен. Шын деп ойлайды (*Есбикеге.*) Осы сендер не айтып жүрсіндер өзі. Ешкімнің ойында дәнене жоқ, ошейін құдай аманат, өздерің бірдеңені жаңынан шығарып ап, бұ не, бала бол кеткенбісіндер?

**М е с. Иө,** көнгені-ақ оған Есекенің.

**Е с б и к е.** Иө, болғаным-ақ... Қуанғанымды көпсінген несі, жасық неме.

**М е с. Ал,** тіпті найзасын тура-тура салсын Есекен.

**Е с б и к е.** Өл де маган.

**Қ а м б а р.** Уа көр сыбан дәнене жоқ, ойбай.

**Е с б и к е.** Жө, аулақ, сөзің керегі жоқ.

**Қ а м б а р (қолын бір-ақ сілкіп жөнеліп).** Міне, қызыл коз пәле көрсөң.

### **Көрініс**

Бір топ жұмысшы келеді. Бұларды бастаған Шуашбай, Еңсебай.

**Ш у а ш б а й.** Е, өй, Уай!.. Мынау солар ғой.

**Е н с е б а й.** Әй!.. Тұра қалындар, осылар сол... Уай, бері тартындар... Әй, өй (*Жүріп бара жатқандар тоқтайды.*)

**Б е л т і р і к (тұрып тапырақтап, мазақтап).** Әй... Әй... Құр жануар.. Құр!.. (*Лықылықтай аналармен қарсы тұрып анысады.*) Немене? Қашаған қуып келемісіндер? Қерсетші өзін біздің Қамбарға, тарпа бас салсын. Бұл қашаған құыш...

**Ш у а ш б а й.** Уа, кой-ой тәлкегінді, біз сендерді ізден жүрміз.

**Қ а м б а р.** Е, біз болсақ міні, тіпті тып-тыныш жатырмыз ғой жусал, немене сонша даурыққандарың?

**Б е л т і р і к.** Әй, өздерің сөйтсе де, мал біткен ауылдың адамысындар ма дейім.

Ш у а ш б а й. Е, тәнірі құрдымынан сақтасын.

Б ө л т і р і к. Онда, тегі, жылқыларының тұқымы қашаған келеді екен-ау, ә?!

Е н с е б а й. Е, оны қайдан білдін?

Б ө л т і р і к. Жоға дейім, тіпті әккі боп қалған адам сияқты тәрізді де.

М е с. Е, рас, жылқысы қашаған ауылдың адамы даурықпа, қау-көрік, қөкірек келетін рас.

Е н с е б а й. Жігіттер, сендер ерігіп отыр екенсіндер.

Қ а м б а р. Еріккеннен сақтасын, алдымызда тұрган жұмыс мұнау? Неге ерігейік.

Ш у а ш б а й. Е, ендеше, немене жылқы-мылқы деп қолға алғандарың?

Б ө л т і р і к. Е, жай, шаруаның мұны ғой. Біздің де басымыздан кешкен еді.

Е н с е б а й. Бәсе шаруаның мұны боса мұның. Біз сендермен осы шаруаның мұнын сейлесейік деп келдік.

Ш у а ш б а й. Қазақбайдың баласы екеміз. Мына біреу бір тар жерде кездескен екеміз. Тегі, осы қазақ боп бірігіп, ынтымақтасып алмасақ болмайтын тәрізді.

Б ө л т і р і к. Жарықтық, со кісіде де арман бар маекен, осы, ә?..

Е н с е б а й. Кімді айтасын?

Б ө л т і р і к. Әлті, әкемізді айтам-ау, бір әкенің кіндігінен 20-30 екеміз-ау өзіміз.

Қ а м б а р (*Арнабайды нұсқап*). Әкеміз мына кісі ме деп жүр ек, шын әкеміз жаңа табылды ғой (*келгендерге*), е, тілеуің бергірлер, ал қане сөйлеңдерші!

Ш у а ш б а й. Сейлесе жігіттер, осы араға аштықтан келгеніміз жок. Пайда табамыз деп келдік қой. Сендер жақсы біриғат деп мақтау алыпсың!

Б ө л т і р і к. Ендеше, танысайық, осында бір сөзі көп жалқау біригады бар деп еді. Толайым, сөз өлпеттеріңе қараганда сол сендер екенсің-ау!.. Ал, өлік-сәлем.

Қ ү с б е к. Қой, қылжакты қойсанышы, айтайын дегені көптің жайы сияқты ғой.

Ш ә к е н (*Бөлтірікке*). Қайдагы бір кісі сыйладап көрмеген бейбастактың міnezін өнеге қылады екен өзі.

Б е л т і р і к. Ойбай, ал, құдаша, біз қойдық. Осы кісілер, мен білсем Қондекенің сүйек шатысы, ал енді тұр... Қам қыл... Үй тіктірейік пе өлде?

Ш ә к е н. Өй, соziң бар босын.

Ш у а ш б а й (*аңырып Шәкенге бір, Болтірікке бір қарап*). Шырақтарым, Қондеке дегендерің Қондыбай бай ма?

Қ ұ с б е к. Иә, мына, Шәкен соziң баласы гой.

Ш у а ш б а й (*Шәкенге*). Алда, қарағым-ау, рас-ау. Экесінен бір бала жырылып қалыпты деп естіп ем, сол сен бе ең? Қарағым-ау, мен нағашың гой, білемісің. Алда, айналайын-ай!

Е ң с е б а й. Ойпырм-ау, қарағым-ау, бұз неткениң естіп тасып, табаның тиіп. Бұл қорлыққа неге келдің, шырағым-ау! Әттең, шіркін дүние, қараши енді мынаны...

Ш у а ш б а й. Қарағым жиенім-ай, ернің кезеріп, иығың талып неге кеттің мұншаға (*Шәкен жылап жіберіп, отыра кетеді*.)

А л т ы н. Өй, Шәкен, бұл не, әлі біз не босақ сол боламын дегенің қайда, бәрекелде!

Қ а м б а р. Шырағым, Шәкен! Ықтиярың, бізге ергенің рас боса, біз не корсек соны коресің дегеміз кедей. Еңбекші жолы еңбек жолы. Жаюлы мамық төсек, құрулы шымышыңдарың бар дегеміз жоқ-ты. Бұл немене?

Ш у а ш б а й. Әттең, қор қылған дүние-ай, есіл бала, қараши!

Ш ә к е н (*тізесін жиып an*). Қойшы әрі, сен мыстан кемпірше жамbastамай, Қамбар! Рас, дұрыс айттың, менікі бір әшейін ақымақшылық.

Е ң с е б а й. Қөрген соң шыдай алмағандық қой біздікі.

Б і р і н ш і ж ұ м ы с ш ы (*Шуашбай мен Еңсебайга*). Уай, Шуашбай, Еңсебай! Сен екеуің де езे береді екесің өзің. Не ақыларың бар?

Е к і н ш і ж ұ м ы с ш ы. Бастаймыз деп алып осы жүртты өбден жел буаз қып бітірдің-ау осы екеуің.

Ү ш і н ш і ж ұ м ы с ш ы. Не бітірген жұмыс жоқ, не байлау, тұрақ жоқ. Құтандарың ылғи бос сөз.

Ш у а ш б а й. Уа, тұра тұр, тұгі!.. Айтайық та енді міне.

Қ а м б а р. Қане, айтшы, не демексің?

**Ш у а ш б а й.** Демегіміз мынау. Осында істеп жатқан-  
ның, көйтен көбі қазақ екен. Бір арадан сөз шыгарып, тегіс  
бір бас, бір тас болып ат, мынандай бір шарт қояйық дейміз.

**Б ө л т і р і к.** Иә, бәсе, соныңа келші.

**Ш у а ш б а й.** Келсем, біріккен көптің сөзі ғып, ең  
алдымен мынаган азығынды күшейт дейік, екінші, нормынды  
істеп көрмеген дейік. Дәл осы арада сендер ылғи үлкен  
нормыны тап етіп, деген үағында бітіре қоятын боп, біраз  
кедергі жасап тұрсын... Одан сендер іркіліндер. Мына көп  
үшін, көптің ынтымағы үшін дейім.

**Б ө л т і р і к.** Иә, бақырым-ай!.. Yay, өнеу күні тамақ  
аз дегенде күшеткен жоқ па оны?

**Е н с е б а й.** Күшеткенмен жұмыс қынданап барады  
ғой. Оны қайттік? Міне, қып-қызыл тас.

**Қ а м б а р.** Өзге жұмысшы болса, тамақ жетсе болады,  
жұмыс қын деп жыламайды.

**Б ө л т і р і к.** Бізді айтсаншы, тамақ деп бір жылаймыз  
да, жұмыс ауыр деп екі жылаймыз. Уай, шіркін, туғызған  
өкемізге болайың, жарықтық, сол кісінің өз тұлғасын көрер  
ме еді бір. Е, айта тұс тағы.

**Ш у а ш б а й.** Сонан соң мына қаперетібіне, нан  
ләрөгіне, сталабайларына басшы қып, мынау осы жұмыс-  
шы арасынан шықкан қазақты қояйық... Е, пайда болса,  
қазақ баласы көрсін, өзіміз көрейік.

**Б ө л т і р і к** (*Шуашбайга*). Уа, соған осы сен болсаң  
қайтеді?

**Ш у а ш б а й.** Е, бол десендер көп үшін неси бар!

**Е н с е б а й.** Ана рабошкоміндегі қазақ осындайға  
ылғи бөгет бол қыңыратқи беретін көрінеді. Оны орны-  
нан алғызып, тағы өзіміздің біріміз болайық.

**Б ө л т і р і к.** Ендеше, оны саған берейік, ол қалай  
болады?

**Е н с е б а й.** Е, ақылласайық дегенім со-дағы, пайда  
керсек өзіміз көрейік, алдымыз сөйтсе, артымызды мына  
қалың қара жұмысшы да қарап қалмайды. Міне солай  
емес пе?

**Қ а м б а р.** Ал енді осыған қостаушы жиып жүрсіндер  
ғой, солай ма?

Ш у а ш б а й. Бөрекелде, міне, міне... сендер жақсы бригаді екесің, алдымен сендер сөз қоссаң тіпті абзал болар еді.

Қ а м б а р (*өзге жұмысшыларды көрсөтін*). Мыналарды осы деңгендеріңе ертіп алғандарың ба? Уай. Сендер не дейсіндер, жігіттер?

Б і р і н ш і ж і г і т. Ой, білмейміз, өйтеуір мыналар осының түбінен жақсылық шығады дейді.

Е к і н ш і ж і г і т. Кімге пайда, кімге сор екенін кім білдіті. Өйтеуір осыған бар қазақ жұмылды дейді мыналар.

Қ а м б а р. Олай болса, ендеше, жігіттер, сандалмаңдар, білдіндер ме? Мұнда ата қуатын дәнене жоқ. Осы арада партия, қамсамол, рабочком бәрі бар, бәрі де кенестің көзі. Сенің де қамқорың солар, мұның болса соған айт. Көсегенді мыналар көгерпейді (*Шуашбай мен Еңсебайды нұсқайды.*) Не де болса сол кенесіңе жабыс (*Өз кіслеріне.*) Ал, біздің жігіттер, сендер не айтасыңдар?

Б е л т і р і к. Мен тек осы құдалар кит кимей-ак қайтса екен деймін осы біздің ауылдан.

Қ ү с б е к. Қазақ боп бірігейік деген тегі теріс сөз емес-ау, осы.

М е с. Бәсе, құр қутаспен алықанша, сондайдың біріне біз де ілінсек қайтушы еді?

С а п а р. Уай, қойшы өрі, сол бықсыманнан аулақ, керегі жоқ.

С е л к е б а й. Таза еңбегіміздің өзі артық.

Ш у а ш б а й. Бізді айтасың, сендердің аранда да бізше сойлейтін табылатын ғой түрі.

Қ а м б а р. Табылмайды бізде ондай. Егер болса ол біз емес болғаны.

Е н с е б а й. Е, жалғыз біз дейтін шығарсың (*Тұрып кетуге айналады.*)

Б е л т і р і к. Е, құдай, жалғыз болмассың, табылар... Болар. Толайым бас алып, құлак тігісіңен шошып ем. Тамам қараңғы жұмысшыны алдына салып алып, Сөрекінің өгізін айдағандай қып: “һай-һой”, – деп жүрген. (*Қамбарга.*) Қамбар, байқадың ба мына жұмысшыларды, мына бөледен құтқармай болмайды екен. Мынаны Сергеевке айт, ө...

Қ а м б а р. Мен өзім де соны ойлап тұрмын. Былықтың мұнда да ілесіп жүргенін көремісің (*Kemedi*.)

Бұл топ тарай береді. Бөлегірек Құсбек, Алтын, Алатай тобы қалады.

Қ ұ с б е к (*Kəməshqa*). Сен енді жұмысқа кіремісің, жоқ па? Осы өзіндей жүрттың бәрі істеп жүргенде жалғыз ерке сен бол жүре бергеннің не лайығы бар?<sup>23</sup>

К ә м ә ш. Қойши, бір емес, екі емес.

Қ ұ с б е к. Екі емес жүз айтам. Істе жұмысты.

К ә м ә ш. Аш-жалаңаш жүрген жоқсың ғой. Жетіп жатыр анау өзгенің істегені де.

Қ ұ с б е к. Сөз-ақ, мойнына мінейін деп пе едің өзгенің.

К ә м ә ш. Е, байғұс, ауырлайын деген екенсің ғой. Ендеше (*Алатайды құшақтаңқырап*) өзімнің жиенім Алатайым-ақ асырайды. Солай ма, қалқам?

Алатауды аймалап, Құсбекке сырт қарап кетеді.

А л а т а й. Кәмәш! Мен сенен еш нәрсемді аяマイмын! Білесің, бірақ...

К ә м ә ш. Бірагыңың керегі жоқ, айттың болды. Өзгенді қоя тұр.

Қ ұ с б е к (*соңынан ыза бол қарап тұрып, Алтынга оралып*). Алтынжан, мына кісі көдірін, сөз көдірін білмеген деген не деген қын еді. Мұндауды көріп пе едің?<sup>24</sup>

А л т ы н (*қызырып, сыйырлан*). Құсбек, сіз кісі ренжітуге қиярлық кісі емессіз ғой...<sup>25</sup>

Қ ұ с б е к. Қалқам-ай, қадір білетін сен ғанасың ғой. Жанға майда тигені-ай мына сөзіндін.

А л т ы н. Білеміз тіпті Кәмәштың не ойлайтынын. (*Кәмәш жалғыз қайта оралады, қарап тұрады*.) Сізben тату-тәтті болған аз ба кісіге.

К ә м ә ш. Эй Құсбек, жүр үйге, шәйінді іш (*Құсбек қарамайды. Алтынмен сырттай береді*.)

А л т ы н. Не арман? О, не дегенің?

Қ ұ с б е к. Не көріп жүргем мен бұрын. Көзімді дер кезінде шел қаптаған ба деймін.

А л т ы н. Үққам жоқ. Ау, Құсбек, осы сөзінді.

**Құсбек**. Ұғайын десен қын ба? (ундеспей қарасады)  
Соны айтам.

(Кәмәш жетіп келеді. Алтын ұялып тайқи береді.)

**Көмәш** (*Күсбекке*). Сенің не ойлап жүрген ойың  
бар? Мынауың нең!?

**Құсбек**. Қой, тек. Осы екеуіміз аз сойлесейікші осы!

**Көмәш** (*Күсбектің қасына кеп, жабыса тусяң*). Жа-  
ным-ай, не дейсің!? Мынауың бір сұық соз ғой.

**Құсбек**. Жаңа “Жұмыс істе”, – дегенімде сен де  
келтесінен қайырдың ғой. Менікі де – сол. Болды.

**Көмәш** (*Жалынып*). Құскетайым, кеше гөр ендеше!..  
Мен жаңылған екем... (*Кеудесін ұстап*) Апыр-ай! Жүрегі  
құрғырдың ауызға тығызып тұрғанын қарашы. Мен жаңағы  
қызбен тату тұрғаныңдан жаман шошындым ғой.

**Құсбек**. Өзіңнен, не көрсөн де, озіңнен болады.

**Көмәш**. Жарығым, ендеше, “қыл” дегенінді қыла-  
йын. Көңілінді бұзып өкпелеме енді.

**Құсбек**. Қөрейік... (*Жүре беріседі. Қарсыларынан  
Қамбар, Бөлтірік бар, барлық жүрт қайта шыгады. Бұрын  
сахнада жалғыз Сапар ғана шығып жатқан*).

**Сапар**. Бұл не өзі, совхозға бардық, онда тұрмадық,  
шойын жол барып ек, одан кеттік, енді мынаған байыздап  
ек, бұдан тағы сусып... Кетпейміз, түге (*Жүртқа қарайды,  
қостаушы серігі жоқ*.) Мен өзім осында қалам.

**Арапабай** (*күрсініп*). Е, ата қоныс мекенінен кеткен  
не оңсын. “Қырсыққан ит қыңыр жүгіреді” деп, ежелден  
ісі онып көрметеген саяқ сандырақ едік.

**Есбеке**. Енді, міні, туып-өскен жерден кетіп, жел  
куған қанбақтай ауып жүргеніміз.

**Бөлтірік**. Иә, қан қазынаң қалып еді сонда.

**Арапабай** (*ашуланып, тенсініп*). Атаңың басы, сон-  
да өстіп артым жер иіскемей жүр ме еді?.. Өндіріс-ондіріс  
деп өндіршегің созғаның осы емес пе еді, түге?..

Прораб шығады, қасында бір орыс.

**Прораб**. Міне, қамсамол бригадасы, шетінен жақсы  
істейді. Жалқауы жоқ... Жақсы бригад..

**Бөлтірік**. Жаман бригад... Бұралап, сен білмейсін,  
біздікі жаман болды қазір.

**П р о р а б. Неге-неге жаман?**

**Б ө л т і р і к.** Біздікі бошал болады қазір, кетеді қалаға Алматыға.

**П р о р а б (өте беріп).** Жоқ, сен қалжындаисың, жақсы... Сөйлесеміз.

**Б ө л т і р і к.** Иә, сөйлескеніңе Қамбар болайын ендең осылай деп түр.

**А р п а ба й.** Тұрлау жоқ, байып жоқ. Жел құған қаңбак түге. Әйтеуір іздеген соң, іздету ғой. Өрлей берің.

**А л а т а й.** Бәсе, тіпті құр тамақ тоқ екен деп, қаламық ба осында.

**Б ө л т і р і к.** Олай боса, “Осы тоқсан бір оқ, бір өндіріс бар”,—деп еді ғой: осының екеуін бірдей қосып өндіріп оқиықшы. Келіндер, жігіттер. Келіндер, Арпеке Есеке. Пәқтаспайық. Кел кетейік (*Бөрі кеткендей ыңгайлана береді.*)

**Қ а м ба р.** Ендеше, тағы кетеміз де, болды сол (*Сергеевке*) Сендер біздің орнымызға жұмыскер тауып, бір бригады сайлап алындар, сол табылған соң біз кетейік. Онағ соң өзің бізге қалай беттеу керек? Қандай оку лайық, соң жақсылап айттып бересің, бола ма? (*Сергеев мақұлдагандай басын изейді.*)

**С е р г е е в (Сапарға).** Но, жарайды, бұлар қайда барса да біздің кісі ғой, барсын, оқысын, ол да жақсы. Ал сен екеуміз мұнда қаламыз. Но, ешкімнен кейін қалмаймыз Бұларға біздің комсомолский ячейкемен жақсылап документ бересің. Сен бұнда жаңа бригаді жаса да, өзің бригадир бол, жарай ма?

**С а п а р.** Болды. Байлау сол. Мен өндіріс қазаның сүйдім, қалдым осында (*Жолдастары құшақтайды. Қөңілі пішиңі бір-біріне жол болсын айтқан сияқты.*)

**Ш ө к е н.** Әйтеуір ізденген соң ғой, өрлей берейік ендеше осылай.

**Б ө л т і р і к.** Олай болса осы Нұғыман бір оку, бір өндіріс деп еді ғой? Осының екеуін бірдей қосып өндіріп оқиықшы. Келіндер, жігіттер! Келіндер, Арпеке, Есеке! Тарпақтаспайық бұл жерде, кел кетейік! (*Бөрі көнгендеі ыңгайлана береді.*)

**М е с.** Уай, ал кетуін кетейік, сонда осы біздің атымыз кім екен осы. Біздейді не дейді екен.

Құсбек. Летон-летон, қаңбақ-қаңбақ (*Mes ekeyi kүледі.*) Қамсамол-ақ екенбіз. Ой, пәле.

Қамбар (ыза бол). Қойшы өрі... Бәлем, енді көрерсің! (*Сөлкебай, Топай одан өрі Бөлтірікпен тұрып қалысады.*).

### Шымылдық

## ЕКІНШІ АКТ ҮШІНШІ СУРЕТ

Улken мектептің жатақханасы, жақсы, жарық, кең бөлме. Қабыргаларында көсемдер суреттері. Карталар. Диаграмдар, үйдің бір жағы қатар тұрган 6-7 тәсек, жігіттер орны, 2-3 стол. Бір жақ бүрышта биікше – шар сияқты кең тәсек, Арпабай мен Есбике орны. Төріне таман қайырылып жылған текеметше, көнелеу көрпе-жастықтары бар (*Жатақханаға Құсбек, Өшім кіреді*).

Әши м. Мәселе солай. Жұрттың бәрі комсомол емес те, игіліктің бәрі коммунистке байланып тұрган жоқ. Салт-сана дейді гой. Салт-сана бізде де бар, ол осындаидан құрапады. Айналаңа қара, ойлан. Осы таяқ кімге тиіп жатыр? Құр бас амандыққа мәз болатын уақыт емес. Сені онсыз да тұртпектемей қояр деймісің!

Құсбек. Комосомолмын, өншейін болса бір сәрі. Жауаптылығы қын гой.

Әши м. Ендеше, бас сондайға керек, білдің бе? Өзінді неге үстай бересің? Kicі жи, жолдас тап. Осының бәрі кедей-батырақ емес пе? Сал соларды ақылыңа. Оп-ондай топ боласың.

Құсбек. Оларға топ болайық деп шетін ашқан соң бітті емес пе?

Әши м. Иә, рас, топас түрде қойма мәселені. Баста-рын құрайтын істер, ұсақтан да, оңайдан да табылады.

Құсбек. Олай боса, бұнымыз істеліп келе жатқан жоқ па?

Әши м. Бәсе, жалғыз-ақ осыны сен өзің үлкен есеппен алысты болжап істе дейім (*Алтын кіреді, мынау тез өзгеріп бір хатты берін.*) Міні, осы бір хат саған тиісті екен. Адресі де бар. Енді тауып ал осы жақыныңды... Ылғи сені

сұрап жазады. Онан соң біздің үйге келіп жүрсөндерші. Мына қарындасым да біздің елдікі ғой. Келсін, ерте кел, жарай ма?

Құсбек. Жарайды, барса... (Әшім, Құсбек шығып кетеді.)

Кешкі мезгіл, столдарда көк абажурлы электр лампы. Жастар келеді. Бір үстөлде Болтірік, Мес, Қамбар, Шәкен отырады. Екіншісінде Сөлкебай, Алатай, үшіншісінде Топай мен Алтын және Құсбек. Бөрі дс сабак өзірлеп жатыр.

### Керініс

Бөлтірік (оқып- жазып отырган кітап- қагаздарын жиып жатып). Бұл есеп байқұс, бізге ауыр емес өзі...

Қамбаратай. Бұны оңай-ақ жеңіп көлеміз. Әкпел енді орыс тілін (Басқа кітап- қагаздарын алысады.)

Мес. Бәссе, соны айт. Ай, қыны со болып түр-ау!

Бөлтірік. Қын да боса соны жеңбей күн жоқ. Айта берсөң орыс тілінсіз бізге мәдениет жоқ, білдің бе?

Қамбаратай. Шырагым-ау! Ленин мен Сталинді өздері жазған тілінде оқып түсінбеген соң күн қараң емес пе?

Бөлтірік. Әй, тауып айттың? Обалы қаніки, мұнысы сез-ақ (Митя кіреді. Бөлтірікке жақындаиды.)

Қамбаратай. Ә, Митя, кел міне отыр. Мына біз сабак өзірлейміз, тыңда.

Митя. Нока, мен көрейін.

Бөлтірік. Көргенде осы саған айтатын бір сөз бар. Ол сенің өшепкең, білдің бе.

Митя. Қандай, немене ошибке?

Бөлтірік. Міне, біздің қатшымыз, осы жердегі саяси басшымыз сенсің. Ал, біз міне тамам батырақ, орысша білмейміз. Кеше комсомолдың жалпы жиналысында орысша сөйлейін деп үмтүліп-ақ едім, сөйлей алмадым. Қашанғы мен устіп жүрем? Сен не қарал жүрсің? Тіл сенікі. А, біз сенікі жолдас. Өзің білесің де, біз білмейміз. Міне, сенің өшебкең, вот қалай!

Митя. Но, оқы жақсылап, білесің. Білмесең жаман болады. Жақсы оқысаң білесің, ал жаман оқысаң білмейсің, онда комсомол ұрады сені.

Қ а м б а р. Ал, бәссе, сонда енді бізді сабатып қойғаның ба?

М и т я (*басын көрсөтін*). Міне. Сал басты да... Мен де латыншаны аз білем. Қазақ тілінің грамматикасын білмеймін. Оған кім виноват?

Б ө л т і р і к. Оған ба? Оған мына Қамбар виноват болсын. Памагайт етсін ол. Оқытсын.

Қ а м б а р. Білмесе қайтейік?

Б о л т і р і к. Білмесе жаман оқыган болады, онан соң комсомол мұны үрады. Ұрамыз міне (*кулki*.)

М е с (*Камбарга*). Ал олай болса “сторожды” скланайт ете ғой.

(*Қамбар сыйырта жөнеледі. Жалғыз-ақ винительный падежге келгенде тоқтаңқырап тұрып*). “Сторожа”.

М е с. Токта, шатастың.

Б о л т і р і к. Бөгеме, шатасқан жоқ.

М е с. Уай, көпір-ай, “стол” бенетелнейде де “стол” болады. Можысский рот. Е!

Ш ә к е н. Е, болса е... Адошовленныйды қайтесің?

Б о л т і р і к (*Меске*). Ол сендей өлік қой деймісің? Озі тіпті колхоздың сторожы болса қайтесің. Өлі үстелмен тенеп садағасы кеткір, жаман көпір!

М е с. Ал қойдық.

Қ а м б а р (*тагы да сартылдатып жөнеледі, кәптік түрдің родительный падежіне келгенде*). Сторожей!

Б ө л т і р і к. Жаңылдың, Старажов.

Қ а м б а р. Сторожей.

Б ө л т і р і к. Старажоп.

Ш ә к е н. Ножей...

Б ө л т і р і к (*болмай*). Сторожов – ножов, Шәкен.

М и т я. Ана Қамбар, Шәкен дұрыс айтады.

Ш ә к е н. Мә, болмасаң! (*Кітапты көрсетеді*.).

М е с. Ал болмайды, бұл болса текедей тіресіп, енді не бетінді айтасың?

Б ө л т і р і к. Ал мақұл, мақұл, коп ауыз біріксе бір ауыз жоқ болады. Мен дауласпайтын кісімін (*Кітапқа қараң бастайды*.) Ал “кровать” қай рот? Айта қойшы?

Қ а м б а р. Қай рот екен бұл?

М е с. Мужской.

Б ө л т і р і к. Қисынға қарағанда бұл женский.  
К а м б а р. Әй, осы не рот тұрады да, не мен тұрам.  
Бір пәле енді.

Ш ә к е н (*Bөлтірікке*). Қандай қисынды айтасың?  
Б ө л т і р і к. Кровать деген белгілі енді, әйел жағына,  
мына Шәкендерге тансық нәрсе ғой. Қайда бір Мес сияқты  
ку тізесін құшақтағандар болмаса кім даулассын! Кровать  
енді ол женский тіпті енді.

Ш ә к е н (*kітапқа қарап*). Путь ше, оның да аяғы  
мягкий знак.

К а м б а р. Путь па? Ал, оны не дейміз? (*Bөлтірікке*)  
Бұл кімге таңдық.

Б ө л т і р і к. Ал жарайды, Шәкен! Оны да сен ала ғой.  
Тіпті енді буынсыз жерге пышақ салған екенсің. Қайтейін,  
оны да бердім саған. Женский!

Ш ә к е н (*күліп*). Ал “Ленинский путь” дегенге не  
дейсін?

К а м б а р. Әй, ендеше, бермейміз (*Bөлтірікке*) Не  
дейсін?

Б ө л т і р і к. Буынсыз деп айтып ем ғой.  
М е с. Уай, байғұсың-ай!  
Б ө л т і р і к. Енді Ленин жолы әйел жолы дегенге  
Шәкеннің тіпті өзінің де аузы бармас.

К а м б а р. Азар бүгін.  
Ш ә к е н (*күліп*). Е, тіпті өре тұра келдің ғой бәрің  
бірдей (*Bөлтірікке*) Осы ротқа келгенде сен өзің бас бұзар-  
сың тіпті, білдің бе? Саяси қате жасайтын кісісің.

М е с. Ол жағын жазып қой. Баяғы ескіге салады тіпті.  
Б ө л т і р і к. Ал олай десен, мен тіпті шалқамнан  
түсем. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Тіпті осы тілді  
алғашқы шығарған дүмшө молда бар ма?

К а м б а р. Молда емес, халық шығарған.  
Б ө л т і р і к. Кім шығарса да осының кей жерінде  
накұрыстық та бар.

М е с. Ол не дегенің?  
Б ө л т і р і к (*kітапты алып отырып*). Ал мына кровать  
дедік, ол көне-көрнеу енді женский болып тұр. Ал “стол”  
міне, үстел басы еркек болған, қызметі. Еңбегі сонда, оның  
можский болғанына міне Шәкен де таласпайды. Ал мына

бір “семя” дегенді алайық. Ол ұрыктың средний рот болуы о да мақұл. Өзі өлі ұрық – екі ұдай нәрсе, ерек жағына кете ме, өйелге кете ме, құдай білсін. Ал енді ол-ол болса, мына “доскы” түр. Осы неге женский? “Карандаш” мажский болғанда, “рошка” неге женский?

Ш ә к е н. Аяғына кара.

Б ө л т і р і к. Аяғына қарама, миға сал... Сөдиені қайтесің? (*Bіраз үндемей қалысады.*)

Қ а м б а р. Қой, бақасты қой, уақыт кетеді. Өзінің барлық сәсшественниң қарадық қой?

Ш ә к е н. Қарадық, келіндер енді, жазайық (*bəri de үндемей жазуга кіріседі.*)

А л а т а й (*орысша олең оқиды, Салкебай тыңдал отыр*).

Буря мглою небо кроет,  
Вихри снежные крутя.  
То так зверь она завоет,  
То заплачет как дитя.  
То по кровле обветшалой  
Вдруг соломой запушит,  
То как путник запоздалый  
К нам в окошко застучит...

С ө л к ө б а й. Ал енді сен осы араға шейін тыңдал отыр. Ағаң бір жатқа айттың шықсын (*Aйта жөнеледі, тілі ылғи қате.*)

Бойра мыглой нибо қыройыт  
Пихри снежным құрутa  
То қақ ізбер ана забойыт  
То заплашіт қақ детa  
То па креплем абешшалым  
Ыбдрок саламай зашомит  
То қақ петнегім запоздалым  
Қынам пакошка застошит.

Күсбек күледі.

К ү с б е к. Алда құдай! Әй, мойнын, мойнын үздің, ақырын-ақырын (*куліп мазақтан*), би қырий!!

А л а т а й (*қарап*). Анау күліп отыр.

С ө л к ө б а й. О... Күлкісі көмір болсын. Оған, Сөлкебай қыңқ, етпейді.

Күсбек. Жаттап жүргенінің озі баяғының бай ақыны.

Сөлкебай. Иә, арамза молда дін бұзар... Ескі мұраны біл деп Ленин өзі айтқан комсомолдар съезінде. (Алатайга.) Мынаның сөзінің өзі де жік-жігімен түсеме деймін өзім. Шіркін, жақсы оленге жаным құмар;

Қараңғы тұнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Далаңы жым-жырт дел-сал қып,  
Тұн басады салбырап,—

деген ақындар гой бұлар.

Алатай. Бұгін өзің тым шабытты екесің, өлең шығарасын ба дейім өзің тіпті!

Сөлкебай. Үндеме, бала, ағаның ыстығы торінде (Тұрын Топайга таман аяқдан.)

Сыр сандықты ашып қара, ашып қара сырласым.  
Сым пернені басып қара, басып қара, жырласын, дейді-ау,—сорлы ақын!

Топай. Уа, қоя тұршы (Қаламын ұстаган бойында.) Осы есептің скопке дегеніне келгенде қалт тұрамын да қалам... Құрып қалғыр...

Сөлкебай. Тоқта, тоқта, оқып қарайық (Үңіліп қарап, оқып) 50-ден алғы скопке, екі жерде он жеті скопке жабылады. Қосу бес! Ә, мұның мысалы мынау: Елу қозы қоздаған екен. Соның 17 пар қозысы егіз, осыларды өүелі есептеші, егіз қозы нешеу?

Топай. Ал, 34.

Сөлкебай. 50-ден шығарсан қозысы нешеуі қалады?

Топай. Ал, 16.

Сөлкебай. Соган енді тоқты қоздаған 5 қозыны қос.

Топай. 21 болды гой...

Сөлкебай. Болса бір мон бар, бері жур, Топеке.

Екеін сойлесіп оңашарак кетеді, олар кеткендс Құсбек Алтынға оралып, бірдемені көрсетіп сойлесіп жатады. Алатай бұларды көріп, қызғанғандай қиналып, сабағын тастап бір тұрып, бір жүріп, тынышсызданып кетеді. Кезін алмайды.

Камбар (Шекенмен оңашарак). Бетіміз түзелді-аудейім осы, Шекен, қалай ойлайсың?

Ш ө к е н. Түзелді емес, түзелдік десенші.  
Қ а м б а р. Иә, болды, болды енді, тіпті жағалай солай болсашы.

Ш ө к е н. Не деп жамбастап келесің?  
Қ а м б а р. Көңілдегі бір мұратты айтам-ау (*Үндеспейді.*)  
Не дер едің?

Ш ө к е н. Жок, әзір оқудан басқа мұрат жок. Өзгені ойласпайық та жәнс осыны сенен сұрайын, қозгама.

Қ а м б а р. Мұлде ме?

Ш ө к е н. Боса белгі өзімнен босын.

Қ а м б а р. Болмаса нетейін?

Ш ө к е н. Болмаса тәйір деген өлуші ме еді? Көрген-баққаның Шәкен болып па? (*Кітаптарына қайта қайырылышады.*)

Қ ү с б е к. Қалқам Алтын, осы үялшақпышың, жок әлде коніл жыртқың келмей ме. Неге ылғи тайки сөйлейсің?

А л т ы н. Тіпті ешбір сөзге орны жок. Құрдан құр немене? (*Қазазга қарап.*) Әй, сенің мынауың бір шатақ өзің ғой! Бұ қайдан шыққан?

Қ ү с б е к. Неге орын жок? Неден іркілеміз?

А л т ы н. Жок, сен оны қой, мынауың жөнін айтшы!

А л а т а й (*қызындып, жақындап кеп үялып.*) Алтын!  
(*Анау бұрылығанда сөз таба алмай қап.*) Сабағың бітті ме?

Қ ү с б е к. Біткен жок. Өзің бітірсен, жүре бер (*Алатай үялып кептің қалады. Аналадай барып қарап тұрады.*) Шынымен борі сол-ақ болғаны ма?

А л т ы н. Қой, шырагым, мен Көмәшты сыйлаймын, досым. Сен анаған неге жауап бермейсің?

К ө м ө ш (*кіріп келеді, сыртқы күімдерін тастап, Алатай қасындағы айнага кеп қаранып, сыланып*). Япырай, бір қызық сурет екен. Бір қыз бен бір жігіттің сыры (*Алатай тыңдамайды. Аналарга қарай береді.*) Саған айтып тұрмын. Ойпир-ау, ғашық деген сиқыр-ау өзі, тыңдашы! (*Алатай аналарга қарайды.*) Немене сен? (*Өзи де аналарга қарап қалып, тұтандып.*) Е, анау ма еді? Қараңы түгі, аузына аузы жабысып отырғанын ғашықтарша.

Жылдам басып қастарына жетіп келгенде Құсбек тұра береді.

Күсбек. Ө, сен келдің бе? Ойын кордің, ө?  
Көмәш. Иә, келдік, араңдан көк тікен болып қадалып, бөгет шығардым ба өлде.

### Көрініс

Митя (аңырып Қамбарга кеп). Не, окуларың болды ма?  
Қамбар. Иә, немене?  
Митя. Боса, жолдастар, міне қандай вапрос. Бері келіндер (Барлығы бір арага жиылады.) Сендердің бәрің комсомол және бүгін кешке жиылтыс, бұл мәселе сонда ашық қойылады. Проработкеге алынады. Қазірде мен сендермен алдын ала сейлесіп алайын.

Қамбар. Но, кәне, айтши.  
Алатай. Бұ немене екен?  
Митя. Қазірде бізде студенттер арасында бір жаман сөздер шығаратын адамдар пайда болған. Сол сез осы обізжектиеде особенный көп болған.

Мес. Иә, қандай сез екен?  
Митя. Ең өуелі. “Анау күнті стипендие бөлгенде, қазақ баласы аз сомалы стипендие алды, үлкен стипендиelerді орыс балалары алды”, – депті. Екінші ма-нуфактура бергенде тағы да “Қазақ балалары жаманын, азын алды, жақсысы мен көбін орыс балалары алды”, – депті... О немене?.. Осыны айтқан кісіні сендер естіндер ме, білесіндер ме?

Бөлтірік. Ол кім екен?  
Қамбар (Митяга). Кім екен, сен өзің білесің бс?  
Митя. Но... Вог таза, честный комсомолдар болып мұндаиды білсе, өздері айтсын. Кәне... Стипендиенің көбі қазақ балаларына берілген, оны сендер білесіндер, солай емес пе?

Қамбар  
Алатай  
Бөлтірік } Конешні, білеміз, иә, өзіміз үлестірдік.

Алтын. Орыс балаларынан алса, ылғы жоғарғы курсегілер алды.  
Сөлкебай. Ондай жоғарғы курсегілерге көбірек белгіленген дұрыс.

**К а м б а р.** Ол бүтіл союзда солай. Бұны бұрмалап сөйлеуші болса ол демагоктер... Кім екен?

**М и т я.** Ал мануфактура үлестіргенде сен бар емес пе едің, Алатай?

**Т о п а й.** Мен де бармын. Ол тұрасында жаңағы айтқан сөз тегіс өтірік. Алдымен киімі жоқ деп ылғи қазақ балаларына, ауылдан келген батырақтарға бергеміз. Япирай, мынандай да отірік айтатындар бар екен? Мынау бір зиянкес жау болу керек.

**М и т я.** Жау боса, жау. Тап жауы бар жерде де бар, білесіндер ме? Бдительность керек деп неге айтады партия? Енді бұл ғана емес, тағы создер бар: қазақтың байын конфискелеу теріс. Қазақ байы орыстың кулагындағы емес еді. Кедейге жақсы еді. Қазірде қазақ байы алынды. Ал, орыстың кулагына тиғен кісі жоқ. Бұл да теріс — отаршылдық деп айтады дейді.

**Б ө л т і р і к.** Ә, солай соқ, мынау бір әнді түзегендер екен өзі тегі.

**М и т я.** Бұл өзі жалғыз студенттер ғана емес, бізге учитель бол кіріп жүрген жат элементтер де бар екен. Солардың арасында жүрген сөз дейді. Сондай учительдермен байланыс жасаған студенттер бар. Солар кім, оны білесіндер ме, мұнда бар ма сондай кісі?

**А л т ы н** (*Құсбекке қарап тұрып*). Ол қай өшетел екен?

**М и т я.** Әшім Жұманов, тағы басқалар. Солардан тараган контрреволюционный олендер де бар дейді. Қазір бізге де өкеп берді мұның бірін... Міне...

Алтын алдымен барып карап жібереді.

**А л т ы н.** Әй, Митя, әй, жолдастар! Осы айтылған сөздің көбіне, мен білсем, тақ мына Құсбек жауап беру керек.

**Қ ұ с б е к.** Ой, Алтын, сен немене, құтырып кеткенбісің?

**М е с** (*Алтынга*). Сен, немене, түсінген шошып оядың ба, немене сандырақтап?

**А л т ы н.** Сандырақ емес, дұрыс, комсомол шын айту керек. Әшіммен байланысы бар да осы. Жаңа мына өлеңді

мен жаңа осының қалтасынан көрдім (*Құсбекке бір басып.*)  
Айт шыныңды, немене сен, не ойлап жүрсің?

Құсбек. Бәлем, Алтын, момын қыз атанип журіп  
сен тыңшылықта шығайын деген екесің. Келтірерсің за-  
лал, но бірақ көріп алармын. Мениң комсомолдан бөтен  
оіым бар ма еді?.. (*Өзгелерге.*) Сенесіндер ме осыған?

Қамбат (бұган қарай бір басып). Көрсет қалтандығы  
өлеңді! (*Анау іркіледі.*) Ендеше, Алтыңдікінің бәрі рас, жал-  
ған айтпайды бұл (*Митяга.*) Міне, біздің ортамызда  
бүндайға араласса, араласатын кісі осы. Тегін емес.

Мес. Өй, сен өзің не былшылдаң тұрсың? Стипендиені  
аз береді дегенді бәріміз де айттық, ал, неси бар екен? Күімді  
де жүрттың бәрі алмағаны рас, айтса, қайтеді екен?

Бөлтірік. Ендеше, қостауышының бірі сен болдың.

Мес. Қостаса, қайтеді екен, тапқан екесің жауыңды.

Құсбек. Қазекендер, мүйіздеуге кіріскең екенсіндер  
ғой екеуін.

Қамбат (*Митяга*). Мынау Құсбек байдың жақыны,  
бірақ “өзіне қараймыз, сынмен алу керек” дегенді мен  
осында кеп оқуға түсерде айтқам... Міне, сын... Ө, ол кім  
болып шықты, көріп тұрсың. Осынысы жетеді. Сал кешке  
жиналысқа. Аямаймыз біз ондайды...

Топай. Бәсе, өйтіп арамызға кіріп, жылым құрт бол  
жайылmasын, ашып салу керек.

Сөлекей. Е, қалжың деп жүр ме өзі? Мынау тап  
жауының ісі ғой, былғамасын бәрімізді. Сал, сал мына  
жиналысқа.

Митя. Ну, болды, мен енді басқаларды анықтаймын.  
Міне, жолдастар... Сын осы.

Митя кетеді.

Шекен. Сендердің-ак сынның бітпейді екен осы.

Бөлтірік. Е, саған да ауыр тиді ме, сенің де көмейінде  
бірдеме түр ғой өзі.

Алтын. Әлде сен де біліп пе ең? Таза комсомол  
босаң, айт, міне, шыныңды. Көріп пе ең сен әлгі өлеңді?

Шекен. Көрнем... Оның неси бар екен. Жай қалтада  
жүрген қағаз. Одан басқа не бар?

Алтын. Көресің де, айтпайсың ғой.

Ш ә к е н. Оның несін айту керек сумандап? Ал, жұр бір қағаз.

Қ а м б а р. Жарайды. Біліп тұрып жасырган екесің, кешке онда сенің жайынды да талқыға саламыз.

Ш о к е н. Қате боса алындар, коруін көргем.

Қ ұ с б е к. Демогок өңшен!

Б ө л т і р і к. Сен олай болса, сыртынды ғана бояп жүрген жатсың. Бұ не?

М е с (*Қамбарларға*). Немене, сендер сандырақтап?

Есбике, Арпабай кіріп тұрады.

Қ а м б а р. Е, осынықі дұрыс демекшіміз?

М е с. Дұрыс оның ашуы... Сендердікі не?

Б ө л т і р і к. Сүркіяланба өйтіп!

М е с. Олай болса өздеріңде жаға қояр. Айтайық, міне, біз де! Өне анау тұрган Арпабай, Есбике мынау Қамбардың әке-шешесі. Міне, солар да байдың құйыршығы, соларың да айтылсын, ендеше.

Арпабай жақындаған, тамсанып басып шайқайды.

Б ө л т і р і к. Өй, үятсыз, қайтып аузың барады, сөйдеуге?

Қ а м б а р (*Meske*). Кәпір, тұбиң үры еді, бойыннан бұзықтық кетпеген екен!

Б ө л т і р і к (*Meske*). Кәпір, сен бүлдірерсің.

М е с (*ашумен ілгері басын*). Қыскарт енді, ойранынды шығарармын. Бұлдіргішті тапқан екенсің. Бәлем, сен Бөлтірік, булінгенінді білерсің жақында.

Қ а м б а р. Жоғалт көзінді арамыздан, бұзар.

М е с. Бақырма, көзінді ашып қара. Мен өзім де сендермен бірге болмаймын енді.

Қ ұ с б е к. Бірін мазақтап, бірін даностап, бірін ақымақ етіп өтті ғой жүрттың бәріне сен екеуінің қылығың!

Ш ә к е н. Қой, Құсбек, олай шарпыма!

К ә м ә ш (*Жақындаған Құсбекке келіп*). Қойшы, Құсбек, немене сен көріспейтін кісідей?

Қ ұ с б е к. Аулак, мен енді көріспеймін. Гүрмаймын мұндаимен, не менімен, не ана жауыққан ағаңмен бол!

К ә м ә ш (*Бөлтірік пен Қамбарға*). Сендердің мінездерің осының бәрі. Бұзық сендердің өздерің!

Қ а м б а р. Сөйлеме, бар, еңдеشه, кет бар соныңа.  
Жетісерсің, ақымак.

К ө м ө ш. Сен ақымак.

А р п а б а й. Көмөш шырагым, айырылсар болсан  
жолың болсын, қияннаттамай кет.

Е с б и к е (*Арпабайга*). Қой әрмен, ө неси екен, бала-  
лардың арасына күлгіп? Көмәшым мен Құсбегім менің  
балам!

А р п а б а й. Бар, еңдеشه, сен де кет, көзінді шел  
қаптап түр ма?

Қ ұ с б े к. Болды енді, кетеміз (*Көмәшқа*) Жүр бол,  
жинал!

М е с. Мен де кетем! (*Талқан бол жинала бастайды.*  
*Көмәш жиналып жатыр*.)

Қ ұ с б े к (*Шәкенге*). Сен де жүр. Тұрғызады деп  
тұрмысың мұнда. Өлмес құнімізді көреміз.

Қ а м б а р (*Шәкенге*) Ал, өзің біл!

Ш ө қ े н. Мен кетпеймін (*Өзгелер кетеді*.)

Е с б и к е (*Қамбарга*). Не істедің сен бұл? Жақыннан,  
достан бәрінен ажырап? Тентек сенсің, айырдың мына  
баламнан. Міне, бәрі кетті.

Б ө л т і р і к (*шалқасынан төсегіне жатып*). Кетсе кете  
берсін, түгі, өңшең жат.

Солкебай, Топай кіреді, олар да жиналатын сияқты. Қипақ-  
тап, екеуі де Бөлтірікті жагалаң, Қамбардың қолын алып қошта-  
са бастайды. Бөлтірік қарамайды.

Қ а м б а р (*таңданып*). Ой, сендердікі не?

С ө л к े б а й (*үялып төмен қарап міңгірлен*). Солай  
болып қалып еді. Енді сөге-жамандамандар.

Ш ө қ े н. Не айтасындар өздерің? (*Бөлтірік басын  
көтеріп қарайды*.)

Т о п а й (*Сөлкебайга*). Айтсаншы езілмей, о неси?

С о л к े б а й. Үят болып тұрганы. Сөз пісіп қалып еді.

Қ а м б а р. Меске еремісің өзің?

С ө л к े б а й. Жоға. Е, қарасы өшсін Местің, біздікі  
бір болек.

Б ө л т і р і к. Уай, Сөлкебай! Қораға келген ұры едік.  
Әрине, мен құтылдым деп, өзің Топайды өкеткелі тұрган-  
нан аманбысың?

**Сөлкөбай** (*уялып*). Анырай, енді (*Топайга қарап, жәрдем тілегендей*.) Топай... Эй... Э!..

**Бөлтірік**. Уай, арақ атқыр өңшең (*Сөлкебайга*.) Уай, жаным, алар болсаң өзің жәндеп алсаншы, ерекше былай... Жерде жатқан қатын бар деймісің! “Мен енді осыған осылай қолқа салып тұрмын десеңші” адамша, е! (*Жүрт, бірі тамсанады, бірі күлерін де, күйерін де білмейді*.)

**Сөлкөбай** (*Топайга үялып*). Тіпті бетімнен отым шықты-ау (*Болтірік күледі*.)

**Топай** (*ашуланып, Бөлтірікке қарай басып*). Ал, енде-ше өзіңің асқақ мінезіңнен көр. Баяғы қатын бар деп журмісің? Біз, міне, ерлі-қатынды болдық. Ал!.. (*Сөлкебай қолынан тарта береді*.) О несі, езіліп.

**Арпабай**. О, жасаған...

**Есбике**. Өңшең жын ба, не өздері, тоба?

**Бөлтірік** (*есін жиып күліп*). Уа, бәсе, Топекең ер ол. Ал, батамды бсрейін. О, жортқанда жолың болсын, Топай. Олжан ылғи Сөлкебай болсын. Ал, бар жөнеліндер, аулақ.

Сөлкебай үяльп қозғалады. Топай Болтірікке ыза боп жұлқынып қан, қатты-қатты басып екілсінің жонеледі.<sup>26</sup>

**Сөлкөбай** (*артына қарап, үзап барып, басын шайқап*). Үялмаған бүйірмәғанды алады деп ә, Топеке!

Жүрт мұңдайып қалады. Алтын нәрсесін алыш, ол да кетуге айналады. Алтатай жылағандай болып отырып қалады.

**Шәкен** (*Бөлтірікке жетіп кеп құшақтай ап*). Япырай, Бөлтірік-ай, не деген азаматсың, қандай мінез істедің, неткен жақсы едің? (*Құшақтап жүлмалайды*.)

**Алтын** (*Бөлтірікке жалт қарап, аз тұрып қалады. Нәрсесі қолынан түседі*). Япыр-ай, ә?!

**Болтірік**. Сен де кетемісің?

**Алтын** (*бұған қарап үмтыйп жыламсырап*). Бөлтірік аға! Бір әкенің баласындағы боп ек, Сөлкебай, Топай бір болған екен деп неге кетем, жақынның сендерсіндер, бірге болам (*Шөкен оны құшақтай алады. Екеуді де құшақтасып, бір сөтте жыласып қалғандай болады. Алтатай жүгіріп келіп, екеуін қоса құшақтайды*.) Жындылар, үятсыздар олар.

**Е с б и к е (жылап).** Қайтып, қысты екен, мұндар.  
**Қ а м б а р (Бөлтірікке).** Сен осы арада қалай өскенсін,  
жаным-ау (*Арқага қагады, қасына отырады.*)

**Б ө л т і р і к.** Өй, тәйір, өзге мінез істесем мен комсо-  
мол кнежкесін қалтаға босқа салып, камбоздың нанын  
bosқа жеп жүрген болмаймын ба, тегі... Ә...

**Қ а м б а р.** Бәсе, ескінің бойда қалмайтын бір өдеть  
осы еді, жесір дауы. Басқа қалай тепті біздің батырақ!

**Б ө л т і р і к.** Олар осал ма? Олар да жаңаның мінезін  
іstemеді ме? Баяғы болса қашып-пысып ырың-жырың  
қылар еді. Әншейін ап-ашық, тапа-тал түсте қоштаса келдік  
деп бір-ақ кепті. Сонда енді мен осал болайын ба олар-  
дан? Неге кем түсейін! (*Ойланыңқырап, құлімсірен.*) Ә, аруақ  
атқыр Топай, Сөлкебай! (*Қамбар екеуі күледі.*)

**Қ а м б а р (Алтынга).** Міне, саған сабак бір емес,  
әлденеше.

**А р п а б а й (мыналарга сүйсіне қарап).** Қарақтарым,  
мен таң-тамашамын, мыналарың тіпті іс-ақ, мінез-ақ екен,  
яу көп жасал.. (*Кемпіріне.*) Кемпір! Осыдан да үлгі алмай-  
мыз-ау енді, жана деген осы емес пе, міне?

**Е с б и к е (жақтырмай, тамсанып теріс бұрылып бетін  
жыртып).** Бетім-ау, не деп отыр өзі? Сомадай бол.

Ш ы м ы л д ы қ.

### **TӨРТІНШІ СУРЕТ**

Арада бес жыл өтті, екі бөлмелі таза жақсы пәтер. Қамбар  
пәтері. Отken кафедредегі үлкен үйді арадан фанермен бөліп алған  
тәрізді. Ауыз бөлмеде Арпабай, Есбике, киімдері қалаша, Арпа-  
бай көзіне көзілдірік салып, “Социалды Қазақстанды” оқып отыр.  
Екі үйде де орындық, стол және шкаф толы кітап. Дивандар.

### **Көрініс**

**Е с б и к е.** Көзетінде бүгін тиатр бар деп пе, қарашы!

**А р п а б а й (қарап отырып).** Қайтейін деп едің мына  
жердің лайсанында? Көктемгі көтерем сиырдай батып  
өлейін деп пе ең Алматының батпағына.

Е с б и к е. Е, жарық қошемен қайтармыз. Қайтер дейсің, тіпті бармағалы көп болды оз! Бар ма екен өнеуігі ақсақ кемпірдің ойыны.

А р п а б а й. “Майдан ба?”

Е с б и к е. Майдан ба, қайдам? Әйттеүір құтты Құсбектің шешесі, япыр-ай.

А р п а б а й. Құсбек демекші, хабар-ошарсыз жоқ болып кетті-ау өздер! Қызынан да зым-зия тук белгі жоқ.

Е с б и к е. Кәмәш па? Діні қатты көпір еді — іздесе өздері іздесін деп қырықтанып алған ғой (*аздан соң*) Япыр-ау, дәп сол Құсбектің шешесі. Бай-бай дегені болмаса, қасымызда жүрсе де білмейді екеміз-ау сүмдышын, сумай сүркияның.

А р п а б а й. Уа, қайсысын айтасың?

Е с б и к е. Әлті мына ақсақ құнді айтам да! Ойпыр-ай, қастығына шыдамай, нелер айқайлаң айтып жіберейін десем балалар бомайды, етегімнен басып, “бұл тиатр, тиатр” деп.

А р п а б а й. Е, сол шарай топтың көзінше айқайды бір салайын деп ем де?

Е с б и к е. Қайтейін, араларына удай тиіп бұлдіріп барады.

А р п а б а й (*куліп*). Онда, қап, бекер істеген екенің, О, не демек ең сонда?

Е с б и к е. Уа, колхозшы бищара-ау, есің қайда кеткен, уа, сенбе! Сенбе! Ойбай, ол шойнақ қарға,— демеймін бе?

А р п а б а й. Уайт, сорлың-ай, енді де дейсің!

Қамбар, Бөлтірік кіреді, үстерінде жаңа костюмдер, ак жага, жақсы галстук, қолдарында газеттер. Қамбар “Известияны”, Бөлтірік “Правданы” оқи кіріседі. Алтын арттарынаш, бірге оқып келс жатады.

Қ а м б а р. ЦК-ның мынау тағы бір үлкен тарихи байлауының бірі екен. Мынау өзі тағы бір дәуір болар.

Б ө л т і р і к. Пәлітатдел де! Колхозшы еңбекшіні партия санасып, құнделікті іс, құрылыш ісіне қабыстыру. Қаулының мазмұнын байқаймысын?

ЦК даналығының бір ерекшелігі осында! Бұрын жан баспаған бір түрғыдан тың бір істі бастайды да, осы істі баарына барғызатын адамдардың бір пародиасын жасайды. Көрерсің<sup>27</sup>

**А л а т а й. О қандай адам?**

**Б е л т і р і к.** Қандай адам? Ойла, міне мазмұнына түсін. Мына қаулы осы еңбектің методы қандай адам болуға керек, соны анықтап білдірейін деп отыр. Бұл адамдар бір қызық түрдегі..... (*бір сөз оқылмады*) тілегі бір ортақ, партияны паналайтын болуы қатыс.

**А л а т а й.** Партия мүшесі қай жерде босада бірқалыпты партия емес пе? Жақсы партия бар жерде жақсы. Нашар бәрінде нашар.

**Қ а м б а р.** Олай демес, бала. Сен ойлап көрсөң Бәлтірік өбден дұрыс айтады. Мысалы біздің қызыл өскер оның ішінде граждан соғыс уағындағы политкомандар, ия жалпы политкомының қызыл командиріне немесе мысалы осы партработниктің езінің долгісі.

**Б е л т і р і к.** Болмаса мына тіпті жалпы жұмыс қамсамол деген жастардың үлгісі. Ал, осының бәрі бұрын болмаған жаңа үлгідегі адамдар. Ол бір. Екінші соның әрқайсының айқын тіпті айрықша үлгілері бар.

**Қ а м б а р.** Соның әрқайсысын осындай долгідегі адам босын деп, алдын созып жастай баулап, анықтап қалыптаپ отырған ЦК (*газетті қайта қарап*) мына қаулы ішінде мына политотдел бір жаңа үлгіні партия қызметкері болатынын нұсқап, шешіп отыр.

**Б е л т і р і к.** Партия ЦК даналығының бір ерекшелігі осындай. Бұрын жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да осы істі баарына барғызатын адамдар тусын. Және сондай адамды туғызады.

**А л т ы н.** Ендеше өзі Қазақстандағы басшылықтың өзгерген кезінде сөтімен дәл келген екен, Өлкенің тез оңалуына себеп болмас па екен.

**А л а т а й.** Әй, Өлкені тым тұралатып кетті ғой мынау перегип. Оңай түзеле алар ма екен?

**Б е л т і р і к.** Қарашы өзін, өбден пессимист болып алған.

**А л т ы н.** Болмағанда қайтеді? Мынау қыыншылыққа қайтып шыдайды кісі?

**А л а т а й (курсініп).** Өзім оқуға кетем тағы да...

**Б е л т і р і к.** Уай, күйрек жасық! Барсаң жүре бер, өзіміз енді істейміз, ЦК бет белгіледі, басшылық сенімді. Енді проривтан бір-ақ суырамыз, Қазақстанды.

А л т ы н. Уа, көңілің өссін. Мен өзім Алатайдікі мақұл деймін.

Шәкен кіреді, қолында “Правда”, о да оқып келе жатыр.

Ш ә к е н. Қамбар, сені мен (*Бөлтірікті саусагымен нұсқап*) анау екеуінді Крайкомға шақырады (*Қамбар тұрады. Бөлтірік те тұрады.*) Анау астағы телефонға барыңдар, сонда тосып түр (*газетіне қарайды. Бөлтірік жай жалт қарап жақындаиды.* Шәкен бұрылып жотасын көрсетеді. *Екеуіне кнеккесін тапсырады.*)

Б ө л т і р і к (*өтірік ашуланған бол*). Жотасын көрсетіп! Қарашы сөзін! Менің атым жоқ па, “анау” дейсің?

Ш ә к е н. Со да жетеді саған...

Б ө л т і р і к. Не бола қапты (*Шәкен бұрылып қараганда*), көзін қарашы өзінің мені жұтып қоятында!

Ш ә к е н. Не болғанын өзіңден сұра!

Б ө л т і р і к. Сен бе? Сен маган көрсетерсің, бірдемені.

Ш ә к е н. Ендеши, садағам, жоламай-ак қой.

Қ а м б а р (*екеуіне кезек қарап*). Немене, араз болып қалғансындар ма?

Б ө л т і р і к. Бұл ма, бұл! Құтты баяғы нағашы шешесі Текті марқұм! (*Шығуга ыңғайланады.*)

Ш ә к е н. Өй! (*Жұдырығын түйіп, көрсетін.*) Бөлем, тұра түр.

Б ө л т і р і к. Төбенді ояды тек. Бұл ма, бұл (*кетеді, Бөлтірік қорқып шықсан кісі сияқтанып кетеді. Шәкен, Алатай, Алтын тегіс күледі.*)

Ш ә к е н. Өзі айтқандай, аруақ атқыр! Онысы неси екен?

А л т ы н. Ал, Шәкентай! Бұл оқу болса бітті, енді қайтеміз, не ойлайсың?

А л а т а й. Ие, Шәкен, бір маслихат берсеңші, айтшы! Өзің қайтесің осы?

Ш ә к е н. Қызмет ше? Енді іске бармайсындар ма?

А л а т а й. Ойбай, мынау қыындықта ма? Ис торықтырады ғой.

А л т ы н. Елдің мынау жадаулығын көргенде, кісі арасында отырып ас ішіп, киім кие алар ма, жанынды жейді ғой.

**А л а т а й.** Әлі де оқып-оқып, ширай түссек деймін.

**Ш ә к е н.** Рас қын-ак, мен өзім Мәскеуге баармын.

**А л а т а й.** Шын ба? (*Алтынға.*) Олай болса, Алтынжан... Енді неде болса будан бытай өкеуіміз бірге болайқышы. Өкеуіміз бірге кетейікші енді осы.

**Ш ә к е н** (*күліп*). Сен не айттың? Оныңды қалай деп үғалық, қайта айтшы? (*Алатай үлады.*)

**А л а т а й.** Оку оқуды айтам (*Аналар құле береді. Бұл жаси береді.*)

**А л т ы н.** Өзің тілгі ұялшақ бала едің! Тілің шыгайын депті ғой.

**Ш ә к е н.** Бері қарашы, көніки (*Алатай қарамайды, екі қызыз күледі.*)

**А л т ы н** (*телефонды алып, отырып*). Город, 3-57, ие, атайды, мен ғой, (*Тыңдаап, күліп*.) Оралғысы болды ғой, енде-ше, (*Күледі.*) Жок, сізден бе? Қашқан жоқпын.

Алатай қызгана бастайды, қиналады. Шәкен күледі.

**А л а т а й.** Кемесар ғой тағы (*Қиналып.*) Бізді не ғыл-сын!

Бір отырып, бір тұрып, газетті қарап, Алтыншың сөзін тың-дап қойып, газетті бүктеп, алғызып өуре болып жүреді.

**А л т ы н.** Шын ба? Солай етейін бе? Ал, жарайды, бекінермін... (*Күліп.*) Мейлініз, өзіңзге сенем... жүрермін. Бірге аласыз ғой?

**А л а т а й** (*тоқтай қап*). Кеттің бе енді тастап?

**Ш ә к е н.** Θ кім?

**А л т ы н.** Жей бір үлкен кісі. Мәскеуде үлкен үністеттің біріне орналастырам дейді, жүр дейді.

**А л а т а й** (*кекетіп*). Жай кісі екен, жай ғана алып кетем дейді!

**Ш ә к е н.** Қайтесің, кетесің бе?

**А л т ы н.** Біраз ойланып алайын деп отырмын (*Қазазга қарайды.*)

**Е с б и к е** (*Шәкеннің қасына кеп баптанып отырып*). Қалқам-ау, окуың бітті ғой осы сенің, осы, ә?

**Ш ә к е н** (*жымып күліп*). Иә, оны неге айттың?

**Е с б и к е.** Қамбардың да оқуы бітті.

**Ш ә к е н.** Ие, бітті... ал?.. (*Кемпір үялғандай бөгеледі.*)

**Е с б и к е.** Енді не болады? (*Шөкенге үңіліп қарайды.*)  
Не ойлаған ойын бар дейім-ау, қалқам!

**Ш о к е н** (*Есбикені құшақтай алып, аузын басып, күліп*).  
Не ойлаң жағалатып отырғаныңды білтіп отырмын-ау. Өтірік  
деші көне. Айтпа!..

**А р п а б а й** (*Есбикені жақтырмай*). Несі бар әкен,  
бірін-біріне теліп осы балаларды. Өз білгендері болар нең  
бар деймін осы сенің?

**Е с б и к е.** Жарайды. Ол ақылың өзіңе, қуанышымды  
көп көремісің. Өзім ойымды айтам балаларыма.<sup>28</sup>

**Ш ә к е н.** Ал енді қашан айтасың?..

**Е с б и к е.** Қалқау, енді үғып отырсың гой. Не сыр-  
ларың бар дейім? Мені не қып, қашан қуантасыңдар  
дейім да... .

**Ш ә к е н** (*өтірік қылымсыған бол*). Яптырай, тағы ана-  
ум де... Үлкен кісісің үялам...

**Е с б и к е.** Ойбай, ойбай-ай. Жаман немелер-ай!  
Күндерін сонымен өтті-ау.

**Ш ә к е н.** Қайдағыны айттып үялтасың өзің...

**Е с б и к е.** Қарағым-ау, Қамбарға да өзім айтамын...  
Не қып жүрсің өзің түге дейін оған.

**Ш ә к е н** (*үялған бол теріс қарап күліп*). Қамбардың өзі  
гой (*Бетін баса қап*.) Қойшы, тәйірі. Ұят... Жай айтам...  
Үндеме...

**Е с б и к е** (*жылап жіберіп*). Е, қалқам, жарығым! Сойтіп  
куантсаңшы мені айналайын.

**А р п а б а й** (*қоса дәмеленіп*). Жаным-ау. Кемпір-ау!  
Бір тың жырды қозғап отырма десем, жаны бар сөз бе еді.  
Өзі, қалай?..

**Ш ә к е н** (*Жаны шоши*). Жоға дейім! Қойшы дейім!  
Болмайды екесіңдер өзің..

**Е с б и к е.** Е, жарайды. Сөйдел әбден тауымды шағып,  
болғансың екеуің де.. Керегі жоқ. Ендігілерінді тыңдамай-  
мын. О неси екен!?

Шәкен күле береді. Қамбар, Бөлтірік кіреді.

**А л а т а й.** Иә, немене екен?

**Қ а м б а р.** Болыпты. Міндет өзір Алматы облысын-  
дағы совхоздарды зерттеуге шығамыз.

**Б ө л т і р і к** (*Шәкенге қарап тұрып*). Шығамыз сол, ал бәлсем! Екі күнде жүреміз.

**Ш ө к е н.** Е, журсең бара бер... Етегіде оралар деймісің?

**Б ө л т і р і к.** Ие, сенгенім-ақ, ішің аурымай отырган шыгар!

**Ш ө к е н** (*шындаң*). Жолдарың болсын, жолдастар, ал енді, міне, істе корсетіндер оздерінді.

**А л т ы н** (*тұрып, қамданып, мыналармен амандаса бастайды*). Жарайды енді, Бөлтірік, Қамбар, сендер шын пісіп толдыңдар! Енді екеуің де ірі кісі болып өсіп, улкен әңбек етулерінді дәме етеміз.

**Қ а м б а р.** Е, сен немене қоштасқандай...

**А л т ы н.** Мен де жүрем (*Жүрт аңырганда*) Е, немене аңыргандарың. Мәскеуге кетем. Жүрерде тағы келермін... Әзірше! (*Сыпайы үйліп кете береді. Алтай артынан қозгала береді, Алтын бұрылып*.) Иә, сен не істейсің?

**А л а т а й** (*тоқтап аңырып*). Білмеймін... Білмеймін... Қайда барам? (*муңлы*)

Алтын шыбып кетеді.

**Қ а м б а р** (*Алтайга*). Әлі күнге не қылатыныңды білмесең енді, бала, озің біл! Бетіңен жарылғасын.

**А л а т а й.** Қайтемін, білмейім... Қиналамын (*Басын үстайды*.)

**Ш ө к е н** (*қызығып, қарап тұрып*). Балалық тазалығының әлі қаймағы бұзылған жоқ... Неткен жақсы өзі (*Жүгіріп келіп сүйіп алады, маңдайын сипайды*). Оқы, тағы да оқи тұс.

**Б ө л т і р і к.** Иә, шалалығыңың қаймағын бұз.

**Ш ө к е н** (*айналып қарап*). Шалалығы несі?

**Б ө л т і р і к.** Сол. Балалық емес, ендігісі шалалық (*Алтайга*.) Бірак, бұдан былай да піспесең онда қиын екен...

**А р п а б а й.** Ой, жаман бос неме, қызарып үялыш, біреудің қорасына түскендей! Не адам болады дейсің осы?

**А л а т а й** (*егескендей*). Иә, үқпайсыңдар, бәрі бірі айтпайым.

Жөнелсді.

Е с б и к е. Қамбар, бері келші, бері мұнда!

Қ а м б а р. Ие, не болды? Ойбай түрін қара. Бірдемені бұң да әзірлесп отыр (*Бөлтірікке.*) Бір керге мініп алғанын көремісің?

Б ө л т і р і к. Е, айтқызы, тіпті өзің аттапайын деп пе сң осы жүргтты?

Қ а м б а р. Оқуды оқығанда бір сын, бітіргенде бір сын, ә! Бүгін біздің базарымыз ашылды ма деймін осы.

Е с б и к е. Е, базары ашылса ашылды, оқыдың, мұратына жеттің. Шаужайға қаға-қаға болғансың. Енді тура айтам: мына бізді де мұратымызға жеткіз... Қалқам, мен өзім сойлестім.

Қ а м б а р. Пөле, өзіңе болайын!

Ш ә к е н. Қойыңызыңы, Есеке (*Ұялған болады.*)

Е с б и к е (*құліп*). Болды, қоятын жерім жоқ енді (*Қамбарга.*) Тағы міне жол жүрем деп отырысың. Тағы созылып кетеді. Өлім бар да қаза бар.

Ш ә к е н. Ұялгады енді үстіп.

Қ а м б а р (*шешесіне*). Жарықтығым, осы саған мен қатын өпер дедім бе? Әлде Шәкен күйеу тауып бер деді ме?

Шәкен Болтірікке ымдал өртіп шығып кетеді. Қамбар газет алып отырады.

Е с б и к е Қалқам-ау, енді қашанғы соза бересіндер?

А р п а б а й. Піскен сөз болса енді не қылсаңыз, балам-ау, тыңдасаңыз мынау жаман шешенді.

Қ а м б а р. Қatalасасыңдар. Дөнеңде соз жоқ. Біздің арамызда ешбір сөз болған емес (*Газетіне үңіліп, оқи алмайды, курсінеді.*)

Е с б и к е. Иә, айта бер. Бай қызы дейтіннен кетті. Сен де болсаң да сол. Алғашқы келгеннен балам бол деп неге жабыстым, жақсы екенін баятыдан білетінмін, озі де ойысыпты. Ендігінің бәрі өзіңнен, көнши! Қуантышы бізді де, қалқам (*Anau үндемеген соң дәмеленіп қарал.*) Е, бәсе, айналайын, омір-жастарың үзак болсын.

А р п а б а й. Е, олай болса қайырлы болсын:

Қ а м б а р (*газетін бетінен алады, курсінеді, маңдайын қос қолымен сүйеген*). Олай емес, бәрі де олай емес қой, апа! Неге қоймайсың білтелеп?

Сол кездс патефон ойнады, скінші бөлмескің есігі ашылады, киңген Шәкен мен Бәлтірік құшақтасып фокстрот билеп шыгады.

Қ а м б а р (*басын көтеріп, жәнделіп*). Е, ие! Келдіңдер ме! Болды ғой, қәне қайырлы болсын айтамыз да, апа, әке! (*Anau екеуі билей береді, кемпір-шал аң-таң.*)

Б ө л т і р і к (*тоқтап, Шәкенді құшақтап тұрып*). Е, еркін қоям ба? Қолыма қайта қондырып алдыым ғой, міне.

Ш ә к е н (*ашуланып, қолын жүлдіп ап қойып қалып*). Өй, созің құрсын! Мені де Топайшылатайын деп пе ең? Ал ендеше... Тіліңе ие болғанша жоқпын саған, жоқпын, ешбір сезім де жоқ, қайтып алдыым... Оқуға кетем!.. (*Жонеле беріп*.) Қайда әлті Алтын?!..

Жөнследі, барлығы аңырып қалған.

Қ а м б а р (*Бәлтірікке*). Ой, бұл қалай, неғып кетті тағы?

Б о л т і р і к. Қап, закске бара жатқан бетіміз еді. Мына кісілерге білдірейік, рұқсат алайық деп ек! (*Есбикеге.*) Сендердің де тіпті салуың жоқ ақ екен. Қойши, тіпті!

Қ а м б а р. Ай, қос тентек, сендер ерлі-қатынды боп жарытса игедің!?

Б ө л т і р і к. Бұл ма, бұл, төбендей ояды. Енді кетті міне. Зым-зия шын кетті (*Жүріп-жүріп ойланып, байлан*.) Ойбай-ау, қашан қатын алам енді, ойбай?

Қ а м б а р. Е, жаңың шығып бара ма? Зар қаққаны несі?

Б ө л т і р і к (*Есін жинап*). Өй, осы сен үндеңеші осы. Қатын қадірін білуші ме ең, сен сүр бойдақ!?

Е с б и к е. Е, бәсе, соны-соны ғана бір айтши, қалқам, өзіне.

Б ә л т і р і к. Үа, ку тіземді құшақтап қалдым-ау, енді тағы. Ә, аруақ атқыр, Топай! Бәрі сенен! (*Тұрып тоқтап, аңырып қарап тұрган Қамбарга*) Қой, жо, жетті енді, қыралушы ма ек? Бас мәседесі сонымен тамам болсын. Әйде, жолға қамданайық, әй, енді іске бір салайықшы бар шыбынымызды! Әйде, жур Наркомземге.

Қ а м б а р. Е, бәсе есің жаңа кірді ғой байғұс (*Жөнеледі*.)

**Е с б и к е** (*Ернін сүлп еткізін*). Ойыны қайсы, шыны қайсы?

А р п а б а й. Қой жүр, театрға барам деп ең той.

### ҮШІНШІ АКТ

#### *БЕСІНШІ СУРЕТ*

Сахна, төуір жиналған кабиет, “Шақпак” совхозының Политотдел бастығының бөлмесі. Үстел басында Болтірік, жанында Қамбар.

#### **Көрініс**

**Б ө л т і р і к** (*қағаз цифрларын қарап*). Ойпыр-ау, дүшпан жайлаған совхоз ба өзі, не мынау? Не деген шығын? Күн сайын отар басы 20-30 қой өлтөн. Өзі 60 отар. Айна 1200-1500-ден. Жұт жоқ. Орасан індеп жок. Неден, неден болған осынша көп шығын?

Қ а м б а р. Індеп дейді той. Не індеп екен? Сонысын гана көрсем екен. Әлгі бір зоотехник пен врачи да жете алмай қойды.

**Б ө л т і р і к** (*қиналып*). Әттең, соны айтсаңшы? (*Телеграмманы алып*) Міне, Алматыдан шықты ден телеграм бергеніне 15 күн болды. Қайда жүр содан бері?

Қ а м б а р (*шабандар есік ашады. Қамбар көріп, шақырып алып*). Бері келіндер, жолдастар! Жә, мына шабандарды таратамыз, қайтарамыз той енді фермаларына (*Болтірікке*.) Енді не мәселе бар?

**Б ө л т і р і к** (*Шабандарга*). Жә, жолдастар, біз көп сейлестік, көп жайды үғыстық, айтыстық. Ендігі мақсат қойдың өлімін тоқтату. Шығынын жою. Бұған жетпей қоймаймыз, уәдеміз осы емес пе? Не дейсіндер, Нұрбай, Жұмтай, басқаларың?

Н ұ р ғ а б а й. Е, Болтірік жолдас, бүгінге шейін бізben бүйтіп сейлескен сөз болды ма? Бар жайды мына Қамбар екеуін әбден біліп отырысЫң. Енді төуекел деп сертке серт берісіп, совхоздың амандығы үшін алысамыз деп тұрмыз. Шабандардың сөзі сол.

**Б ө л т і р і к** (*Қамбарға*). Енді дирекциямыз болсын, басқамыз болсын мына шабандар арасының социалдық

жарысына орай, барлық жаңа екпінділеріне орай, біз нені уәде қыламыз?.

Қ а м б а р. Дирекция ең алдымен астықты үздіксіз бергізетін болады! Азық және киім-кешек жағын қолға алады. Онан соң совхоз оліп қалса да ен өуелі жалақысын төлетемін. Ақы ала алмағандарына бай болыпты, не деген сұмдық?

Ж ү м а т а й. Борекелде, осірсесе ажқ киім жағынан тым нашармыз.<sup>29</sup>

Б ө л т і р і к. Азық, астық жағын сен міндетіңе алсан, мына жаздай ақысыз отыра ма? Үй-іштері, бала-шагасы бар. Шабан күйі түзелгенше, әрбір шабан 20-30-дан сауын саусын. Ол бір, екіншіден, аяқ киім, үстіге киімді ескеру қажет. Үй тұрмыстарын, басындағы баспанасын түзейік.

Б е й с е м б а й. Қаректарым, рас. Ол жағы біржолата ескерусіз кеткен той мұнда. Баста да тегіс лыпа жоқ. Тіккендері күркे. Оның да жарымы саламмен жабылған.

Қ а м б а р. Өте бір киын жері сол. Бірақ бұл күйлерінде қалдыруға болмайды. Бір шығыс табамыз.

Ж ү м а т а й  
Н ү р б а й  
Б е й с е м б а й

Е, бәсе, иә, кенес кедей бейнетқор-  
дың қамын неге жемесін? Бәсе, бізді  
де ескеретін ие болсын да. Е, құр-  
құрғақ міндет арта бергенше, осын-  
дай адамша сөйлессінші бізben.

Қ а м б а р. Адамша сөйлесуі ғана емес, енді міне істің

бөріне ие де, жауапкер де өздеріңсің.

Б ө л т і р і к. Ең ақырғы соз, жолдастар, кеше айтылған Крайком сезі, Қазақстанның жаңа басшылығының сезі 100 қойға күзге 105 қозы аман алғы шықсак, одан аргы осім осы шабандар өздерінде бәйгіге беріледі. Өз малдарың болады. Ток тұру, киімді, үйні-жәйлі боп, мал малданып, көркейіп тұруды талап етіндер. Совхозыңа саналы еңбекшінің ойдағыдай еңбегін етсендер сендерді солай ғыл тұрғызу біздін міндет. Міне, партияның, үкіметтің, Қазақстан басшысы Мирзоян жолдастың бізге тапсырған тапсырмасы осы.

Б ө л т і р і к. Ең ақырғы сез... ... тапсырмасы осы.<sup>30</sup>

Н ү р б а й. Жолдастар, бұрын... (bir сез оқылмады) қара жұмысшы көрген қыындықты коздерің коріп отыр. Тек бұ-

дан кетіп, көгеретін күніміз енді басталар.. Бізге енді сене бер.  
Оң көзіміз деп біл. Соз сол. Біздің айтқан барымыз сол.

Жұматай. Жалғыз-ақ енді әйтеуір бұрын болдырып  
қалған болса, соган... болындар.

Бейсембай. Бәссе, балық басынан шіриді деп,  
кейде жаман басшы бол, сондайдың не шалалық  
білместігінен, не бұзакы қастығынан да шығасыға көп  
ұшыраған кез бар.

Болтірік. Енді ондайдың бәрін де түзер өздеріңсің.  
Иеліктерінді көрсетіндер. Бұзықтық болсын, білместік бол-  
сын, білетіннің бәрін ашып, жарыққа салындар. Бірігіп  
отырып емдейміз.

Нұрабай. Бәрекелді, қарағым.

Қамбар. Жә, жолдастар, болды осымен.

Нұрабай. Бәрекелде, қарағым, енді сез осы да!

Жұматай. Түсіндік. Рас, не, макул.

Шығыса береді.

Қамбар. Жалғыз-ақ, осы жақсы шабан күшінің  
бәрін енді анау тортінші фермана салу керек. Осы қысы-  
жазы шығысының толасы болатын сол ферма сияқты.<sup>31</sup>

Болтірік. Оздері де мойынды қашыққа салып,  
совхоз кіндігінен тақ 50 шақырым жерге, қалың тау ішіне  
кіріп алғанын кормеймісің? Бастығы қайда? Қайда өлті  
Жоламанов? Біз келгелі талай болды. Неге көрінбейді  
көзімізге?

Хатшы кіреді. Камбарта қағаз береді.

Қамбар. Бәрекелде. Мінс 4-ші ферманың хабары.  
Рапорт (*Қарайды, Бөлтірік бірге оқиды.*) Ойпыр-ай! Мына-  
лар не дейді? Тағы өлген.

Болтірік (*айғайлап*). 150 қой. Масқара ғой мынау.  
32-жыл ғой мынасы. Өлі не жок, коз жоқ деп, түйені  
түгімен асau ғой мынау.

Қамбар. Індет депті. Мына біреусі — акті. Топалаң дейді.

Болтірік. Кім актіге қол қойып отырған?

Қамбар. Ферма басы Жоламанов және көршілес  
ауыл советі. Ойпырау, мынаган тез ветврач, зоотехник  
керек. Кідірмей тұрып тез зерттеу керек еді. Врач жоқ,  
Қайтпек керек енді?

Б ө л т і р і к. Өй, кеселді көрі ит-ай, қылды-ау мынау!  
Қ а м б а р. Не дейсің, көрі итің кім?

Б ө л т і р і к. Ветврачты айтам.  
Қ а м б а р. Ол кім еді, білуші ме ең?  
Б ө л т і р і к. Білмейім, қайдан білейін?  
Қ а м б а р. Ендеше нең?.. Көрі...

Б ө л т і р і к. Ие, көрі және жарығы да бар (*Anau таңырқағанда*.) Ойбай-ау, енді өрі көрі, өрі жарық болмаса, Алматы мен осы екі араға 15 күн итім жүре ме? Қылды-ау кесел. Шабу керек, енді ең болмаса өзіміз жету керек сол 4-ші фермага.

Қ а м б а р. Бәсе, өзіміз бармай бар басшысын, бар шабанын, бар мал-жайын енді тез жетіп өзіміз көрмей болмайды. Болды. Танысуым жетті. Ойпырай, кісі, кісінің аздығы-ай!.. Бір мүйнет кідірмей онда жету керек. Бір мүйнет кідірмей басқа он турлі ірі іс бар. Оны да қазір қолға алу керек. Қайсысына жеттік.<sup>32</sup>

Х а т ш ы (*kіredі, Қамбарга*). Жолдас директор, екі маман келді. Түсетін орын, пәтер сұрап жатыр.

Қ а м б а р }      Б ө л т і р і к }      Кім-кім? Қандай маман?

Х а т ш ы. Бірі зоотехник, бірі ветврач!  
Б ө л т і р і к. Шақыр мұнда.

Хатшы кетеді.

Алдымен пәтер керек, қараши. Қылғаным аз болды дей ме екен? (*Қагаздарына үңіліп, жиып жатып*.) Қазір со-ларды алып 4-фермага жөнелейік.

Қ а м б а р. Ие, мынау 150 тегін өлім емес. Басшылықтың бір кетіп, бір келіп жатқандығы өредік қой, сезікті екен.

Б ө л т і р і к (*Қагазына үңіліп*). Бөлем, күлметінде ашармыз, Бөлтірік Қамбардың бүрын малшы болғаны рас болса, індеріңе су құярмыз.

Есік ашылады. Сөлкебай, Топай келіп кіреді, киімдері жақсы, қолдарында шамадан, Сөлкебайдың көзінде көзілдірік, Қамбар анырып үндемей қалады. Бөлтірік қазазына қараган бетінде.

Қайда әлті кеселді врачи мен зоотехнигі?  
Қ а м б а р (*аналарга қарай құшагын созып бара жатып*).  
Келген болар!

**С о л к е б а й** (*Бөлтірікке*.) Уай, 50 жылда ел жаңа деп,  
коріспегені 5 жыл болған екен, содан бері бізге сактаға-  
ның осы болғаны ма? Кеселің не?

**Б ө л т і р і к** (*аңырап, аналарға құшагын жайып*). Жа-  
ным-ау, сендермісің! Ойпыр-ау, енді не дейін?

**Т о п а й** (*құліп*). Е, сасқандығы тапқан сырлайы сөзі сол  
екен ғой.

**Б ө л т і р і к.** Жоқ, олай емес, отырындар. Келіндер!  
Сендер деген ойда жоқ.

**Қ а м б а р** (*екеуін құшақтап отыргызып*). Оқу бітті ме?  
Дендерің әбден сау ма?

**С ө л к е б а й.** Оқу бітті. Енді міне уодеден шығамыз  
деп, әдейі сендер кетті деген совхозды іздел келдік.

**Қ а м б а р.** Пәлі, жігіт, жарайды.

**Б ө л т і р і к.** Жаксы! Бірақ енді осынша кешігулерің  
не? 15 күн болды Алматыдан шыққалы, содан бері қайда  
жүрдіндер?

**Т о п а й.** Ой, біз емес болармыз. Біз шыққалы үш-ақ  
күн болды.

**С ө л к е б а й.** 15 күн бұрын бір мамандардың шыққа-  
ны рас, бірақ орта жолдан қайтып барды.

**Б ө л т і р і к.** Бәсе, еңдеше, жаңағы менің ұрысуым  
соларға арналған болатын.

**Қ а м б а р.** Ал, бұларға арнайтынымыз немене?

**Б ө л т і р і к.** Бұларға ма? (*ана екеуіне*.) Ал жолдастар,  
келген совхозын үлкен прорывтагы совхоз. Бұнда өлім,  
шығын бастан асып жатыр. Біз келгенге 10-ақ күн болды.  
Енді бас алмай, тыным таптай істемесек, өлімді өлі біз де  
тыя алғанымыз жок.

**С ө л к е б а й.** Иә, ененде ұрайын дегенінді емеурініңнен  
танимын – деп енді, сонымен іске кірісу ғой. Неменесі  
бар, біз өзірміз, солай емес пе, Топай?

**Т о п а й.** Маған салсаңдар қазір кірісейік.

**Б ө л т і р і к.** Бәрекелді, жақсылап қарсы алу, жақсы-  
лап жайласу барлығы да кейін болсын.

**Т о п а й.** Болсын.

**Б ө л т і р і к.** Ол бір. Екінші, бәрібір баптап қарсы  
аларлық жайдың өзі де жок Қамбар екеумізде. Мен өлі  
қатынсызбын. Қамбар болса, тұмыстан сүр бойдак. Иә,  
жәй солай, Толеке!

Т о п а й. Обал екен. Бірақ ол қайтыларыңызға жәрдем етер шамамыз жоқ, (*Kulip*) Одан да іске кірісептік.

Қ а м б а р. Ал, ендеше, жүріндер, қазір қамданындар, 4-фермаға қарай жүресіндер.

Б ө л т і р і к. Иә, бастайык, Сендер жүре беріндер. Арттарынан біз де жетеміз.

С ө л к е б а й. О, немене, бір шығыны көп жер ме?

Қ а м б а р. 150 қой бір-ақ өлді деп хабар етіп отыр. Шығынында шек жоқ.

Т о п а й. Болды, олай болса тарта берейік солай.

Қамбар, Сөлкебай, Топай шығады. Бөлтірік есікке барып хатшыны шақырып алып.

Б ө л т і р і к. Сіз бізге қазір 4-ші ферманың барлық жыл басынан бергі және өсіреле осы соңғы квартал бойындағы мағлұматтарын түгел өзірлең беріңіз.

Х а т ш ы. 4-ші фермаға журмексіз бе?

Б ө л т і р і к. Иә.

Х а т ш ы. Тау іші қын, барса онда қону керек.

Б ө л т і р і к. Ио, қонса қайтеді?

Х а т ш ы. Бұрынғы басшылар сонысынан қашып бармаушы еді. Ауру бар, паразиттер бар десетін.

Шығады, аздан соң Құсбек, Қомөлі кіреді, қастарында арсаландап куанған Есбике, Арпабай. Құсбек жүнттай семіз.

Е с б и к е. Қараларым, хабар қылмай, із-тоз жоқ, осынша жыл жоғалып не болды бұл сендерге? Міне көріндер, мынау Бөлтірік туысқандарың (*Beltirikke*) Қараларым Бөлтірік-ау, көрдің бе? Балаларымды тапқанымды?

Барлығы амандасады.

К у с б е к (*Beltirikke қол беріп*). Жаным-ау, бұл бастық сендер деген үш үйіктасам ойымда бар ма? Қайырлы болсын.

Б ө л т і р і к. Е, сен қайда едің? Көмеш, қалай, саумысың? Аманбысындар?

Қамбар кіреді, анырып тұрып артынан үмтыта амандасады.

Б ө л т і р і к. Қамбар-ау, жоқ бол кеткен туысқан табылдығой.

Қ а м б а р (*амандасып, Көмәштың бетінен сүйіп болып, Құсбекке*). Өй, сендер қайда едіндер?

Қ ұ с б е к . Біз осындағой.

Б ө л т і р і к . Қайда, қай қызметте?

Қ ұ с б е к . 4-ші фермада.

Б ө л т і р і к } Қ а м б а р } Өй, не дейсің, онда кімсің?

Қ ұ с б е к . Завферме! (*Аналар таң болысады.*) Сендер де білмейді екенсіндер-ау. Мен әйтеуір жаңа бастық, жаңа басшылық дегені болмаса, фамилилерінді де есітпедім.

Қ а м б а р . Ой, онда Жоламанов емес пе?

Қ ұ с б е к . (*Көмәшқа қарап құліп*). Айтып ем ғой саған, талай жүртпен енді мен тыннан танысам деп! Жоламанов мен емес пе?

Б ө л т і р і к } Қ а м б а р } Неге олай? Фамилияңды неге өзгертуң?

Қ ұ с б е к . Е, Қондыбай баймен бір фамилияда жүрейін бе? Содан өз өкем атын алдым.

Қ а м б а р . Себебі сол-ақ па?

Б ө л т і р і к . Қызық екен (*Пауза.*)

Қ ә м ә ш (*Әке-шешесінен бөлініп*). Е, немене сендер кездеспей-ақ бір-бірінді тергеуге алыш жатырмысың түге.

А р п а ба й . Жұмыстарының жайы ғой. Осы келгелі, тыным-тыпшыстық жоқ. Үйқыдан, кулқіден де арылды әбден.

Е с б и к е . Қарақтарым, міне, жыл жарым болды, екеуден-екеу-ақ қап еді. Енді бастарың қайта құрала бастады ғой ақыры... Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деп, бүгін Сөлкебай мен Топайды көріп қандай қуандым.

Көмәшқа еріп Арлабай, Есбикс оңашалау барып өзара сейлесіп отырады.

Қ а м б а р . Апа, баланды ертіп, енді үйге бар.

Қ ұ с б е к . Е, олар қайда? Осында ма, олар кім бол істейді?

Б ө л т і р і к . Олардың бірі ветврач. Бірі зоотехник. Сенің фермаңа кетті.

Қ а м б а р . Же, сенің мына бір күнде 150 қой өлімің не? Үнемі осылай ма? Бұ неткен шығын?

Қ ұ с б е к . Тұра тұр, өздерің жаңа келген екенсің. Өзім де жаңа басшылыққа баяндамамен келіп ем, есті жияйық,

бар хал-жайды, бар осы совхоз күйін тұп-түгел мәлімдеймін.

Б о л т ірік. Немене өзі, індеге пе, топалаң бар ма?

Қ ұ с б е к. Індеге те бар, ұры да. Кешеге шейін бандадан да көз ашладық. Шекара емес пе? Ал одан бері ашарық айналадағы ел босын, совхоздың өз қызметкері болсын, бәрі де сұық қолды салмады ма?

Қ а м б а р. Соның ағын енді бүтінге шейін жоғалмады ма? Бұл айтып отырганың былтырығы жылдың күйі емес пе?

Қ ұ с б е к . Алыс шет, артта қалған аудан емес пе? Былықтың бәрі тегіс арылып болмай жатқан жок па әлі. Әйтеуір кормеген қынышылтымыз жок, не көрек! Енді, міне, келіпсіндер, жақсы болды. Өткеннің бәрі үмыт. Бұйырса, бәріміз бірігіп түзөрміз ендігісін.

Х а т ш ы (*kirin*). Бір практикант студенттер келілті. Орын-жай керек деп жанжал салып жатыр.

Қ а м б а р. Қайдан келген студенттер екен? Неше кісі?

Х а т ш ы. Мәскеуден, агрономдар корінеді. Үшеу.

Қ а м б а р. Е. Түссін барып өзірше анау жатақханаға. Барып бір бөлме бергізіңіз.

Х а т ш ы (*шыға береді, алдынан студенттер қарсы келеді*). Жолдастар, орналасасыздар. Шешілді жайларың. Жүріндер менімен.

Есіктен Алатай, Алтың, Шәкен көрініп қалған, үйдегілер антаң. Аналар кимелейді, хатшы жібермейді.<sup>32</sup>

Ш ә к е н (*артымен үйге қарап, хатшыга*). Жолдаас, сіздің орналастыруыңыз бізге жетпейді. Біз қозы емес “өрістен келді, үйшікке қамалды” дейтін. Біз алдымен полиготдел, директор, екісін де көрмекшіміз. Кімдер өзі.

Х а т ш ы. Сәбещанияда. Қазір олардың тығыз ісі бар.

Ш ә к е н. Ә, сәбещания болса, тіпті жақсы, біз совхозда не бол жатқанының бәрін білуге міндеттіміз.

Қ а м б а р (*есікке кеп, Шәкенді артынан құшақтап үйге сүйреп кіргізеді, ана екеуі күле кіреді, олар көріп түреан*).<sup>34</sup>) Ой, мынау неткен скандалие студент. Мәскеуіне қайта жіберу керек екен өзін.

Көріспін, тегіс кулісін, құшақтап сүйіседі, екінші есіктен Арпабай, Есбикелер де шығын, тегіс құшақтастып жыласып, сүйіседі.

Б о л т і р і к. Ал, ісі қын совхозда жаңа екпінмен  
ендеріп іс істейміз деп келдіңдер ғой, о, солай ма?

Ш ә к е н. Солай. Және уәде де бар. Сендермен тізе  
қосқалы келдік.

Қ а м б а р. Жарайды, ендеше, жігіт болдындар.

Б ө л т і р і к. Бірақ, рас, жігіт болғанда екінші сорт-  
сындар.

А л т ы н. О несі, оны қалай деп үғайық?

Б ө л т і р і к. Алдымен келген Топай, Сөлкебай болды.  
Олар жұмысқа кетті.

А л а т а й. Не дейді, уай, жігіт екен олар да.

А л т ы н. Топай хат жазып еді, дұрыс-ақ.

Ш ә к е н. Біз мына Алатайдың шабандығынан кешіктік.

Қ а м б а р. Ал, қай жонде істейсіндер, мамандықта-  
рың не?

Ш ә к е н. Менікі тұқым асылдандыру — селекция.

А л а т а й. Менікі жайылыш мәселесі — нагул.

А л т ы н. Менікі асырау мәселесі — кормление.

Қ а м б а р. Олай болса, істің бәрі фермеде ғой. Осы  
екпіндеріңмен ең өуелі зор прорывта тұрган ең алыс фер-  
мадан бастауға қалайсындар? Бүтінгі бар күш, бар еңбек  
сол қын фермага салыну қажет бол түр.

А л а т а й. Ол күнді енді үмыт. Мен лақтыргам ондағы  
настроенині.

Ш ә к е н. Қазір Алатай, Алтын қолды-аяққа тұрмай  
іске кіріссек деп асырып келеді осы.

Қ а м б а р. Ендеше, қазірден-ақ тортінші фермага  
беттегендер.

Е с б и к е. Қарағым-ау! Есімізді жиғызысанышы...

Қ ұ с б е к . Уай, көріскеніміз жана. Жылдар бойы  
тырым-тырақай бол кетіп ек, кішкене өзді-озіміз бол оты-  
райық та. Бұларың не? Қорқыт дегенде осылай қорқыт  
деп пе едім деп, қалайсындар?

Ш ә к е н. Жоқ, совхоз күйінің қын екенін біз біліп  
келеміз. Оның үстіне мыналар тым сасып тұрган кісі ғой.  
Бөлтірік күлкіден де айрылып түр ғой өзі бүгін.

А л а т а й. Және Сөлкебайлар да іске кірісп қойыпты.

А л т ы н. Кейін кең уақытқа да жетерміз, әзірше  
бөгелмейік.

Б олтірік. Бәрекелде, келсөң бәсе, осылай келсөнді, жас кадр! Ендеши, арттарынан біз де жетеміз, сол 4-ші фермаға бір-ақ тартындар.

Есбике жана келген үшеуін ертіп шығып кетеді.

Х а т ш ы (*kırıp*, *Bəltirikke*). Сіздің кенсөнізге прокурор келді. Сөйлесуге шақырады.

Қ а м б а р (*Bəltirikke*). Ө, бұрынғы басшылықтың ісі өзір осы аудан прокурорында деген, сол гой.

Б олтірік. Мұнда шақырсанцы. Осында сөйлесеміз.

Қ а м б а р (*хатышыға*). Шақырыңыз, мұнда келсін. Осында сөйлесеміз.

Хатшы кетеді.

Б ө л т і р і к. Өзі усті-устіне шақыртып мына жұмыстың тығызында ауданға кел, ауданға кел деп қайта-қайта тыным бермейді.

Қ а м б а р. Иә, тіпті тегі совхоз ісіне тығыз кіріскен болу керек. Ол да жаңа адам болса керек.

Б ө л т і р і к. Кім екен?

Қ а м б а р. Білмедім.

Сол кезде есік ашылып Сапар кіреді, жүргі жабырлай аман-дасады.

Қ ү с б е к. Ойбай, мынау қызықты қара. Өзі тіпті шынымен уәденің бәрін бір күнге түйгендей болпыз-ау. Мынау тақ баяғы Қондыбай байды конфискелеген күнгі жиыннымыз болды гой. Тақ сонын қайталауы.

С а п а р. Жоқ, жолдас, тарихты, біздің үғынуымызша, дәл қалпында қайталамайды. Қайталау диалектика занымен “повторение высшем моменте” деген болмақца керек. Қазіргі халің өзі де солай. Солай емес пе, Қамбар? Директор ондағы Қондыбайдың жаңа конфискеленген киіз үйінде отырган жоқ. Үлкен кеңес шаруасының үлкенірек проблемаларының алдында тұр.

Б ө л т і р і к. Бәсе, мен де солай проблемаға тірелген кісімін де!

С а п а р. Рас, өр кімнің де ісі тығыз. Сендердің өсіреле солай екенін білемін. Сол сияқты менің де уақытым өте аз.

Қ а м б а р. Ал, ендеши, сез сенікі!

С а п а р. Олай болса сендердің алдындағы басшылық тегіс сотта екені мәлім. Бірақ барлық керекті адам альнып болмаған. Мен ескі басшылықтан тағы біраз адамды тексермекшін. Қалғандары бар.

Қ а м б а р. Ол кім?

С а п а р. Сендердің тортінші ферма дегенің мына басшылық ауысып жатқан кезде прорывты өлі де тереңдетіп, зорайтып жатқанын байқадындар ма?

К ə м ə ш. Бәрі бірдей тіпті төртіншіге қадалған екен!

С а п а р. Менің сейлесстін кісім сондағы Жоламанов, соны алдырып беріндер!

Қ а м б а р. Жоламанов қасында отыр!

С а п а р. Не дейді, қайда? (Айнала қарайды.)

Қ а м б а р. Міне.

С а п а р (Құсбекке). Не дейді, шыны сенбісін?

Қ ү с б е к . Иә, Менің Жоламан баласы екенімді ұмытып кеткенбісің озің?

С а п а р. А, не дегенің?

К ə м ə ш. Ұрыны бізге бақтырып қойып па едіндер?

С а п а р (Құсбекке). Оның фамилиясын білмеймісің? Осы малдарынды қырып, сойып, ат көпір қып қолға түспей жүрген нағыз қасқыр дейді гой. Соның ең болмаса фамилиясын да білмейсіндер ме?

Қ ү с б е к . Ондай бір жауыз ұры бар дейді, иә, рас.

С а п а р. Ендеше, фамилиясы кім?

Қ ү с б е к . Е, ит біліп пе оны?

С а п а р. Болар. (Тоқтап қалады.)

Қ а м б а р. Жә, Құсбек, әке, Көмәш, сіздер бара тұрындар. Біздің мұнда басқа созіміз бар.

Аналар тұрып кестеді.

С а п а р. 4-ші ферманың ісімен танысып болдындар ма?

Б ə л т і р і к. Жоқ, болғанымыз жоқ, енді кіріскелі отырмыз.

С а п а р. Ендеше, тез танысындар. Қанша күн керек?

Қ а м б а р. Ең болмаса үш күн бер.

С а п а р. Жарайды, үш күн берейік. Бірақ міндеттілік сендердің мойындарында!

Б ə л т і р і к. Озің Жоламановты қараламақтысын, немене?

С а г а р. Жоқ. Әлі ерте. Зерттеу енді басталады.  
Қ а м б а р. Ендеши, немене, бізді кепіл етіп.  
С а п а р. Жоқ, жауапты басшылық қой. Әдейі ескерту  
айтып отырмын. Ал, болды, ендеши, тездетіндер.

Шығып кетеді.

Б ө л т і р і к. Ал Қамбар. Енді сен шабанның азығы,  
киім-кешек, жалақысы, бәйгесі – барлығына кешегі ша-  
бан кеңесінде уәде қылған күнінен бір күн, бір сағат  
кешіктірмей мықтап ие бол. Адамымен мен айналысайын.  
Енді жатпай, тұрмай тез баурап алмасақ, өзі қылдың үстінде  
тұр осы.

Қ а м б а р. Сезіп отырмын. Жаңа басшылықты тез  
танытпасақ, бұрынғы таз кебіне қайта келуінде сөз жоқ.  
Ал енді 4-ші фермага аттанайық.

Арпабай кіреді.

А р п а б а й. Қарақтарым, екеуін ғана екенсің. Енді  
менің де арызым бар.

Б ө л т і р і к. Ойбай-ау, оның не, әке-ау, айтсаңды!  
А р п а б а й. Мынау совхоз отырған жердің күзеуі,  
көктеуі, жайлауы – барлығын білсем мына мен білемін.  
Ол бір. Осындаі мал құты болған ен дүниеде Кеңестің  
малы жатып неге өледі? Неге шығындаиды? Ол адамның,  
көздің жамандығынан. Жасым міне 62-де, көзім осы жер-  
де, осы малмен шыққан. Қондыбайға мал бітірген  
мендейлердің еңбегі болатын. Саламын мына барымды  
кеңеске. Дүние көрдім, менің де көзім ашылды. Тапсы-  
рындар, мен де міндет алам.

Қ а м б а р. Пәлі, мына көріні қара!

Б ө л т і р і к. Уа, жән-ақ, оянған екен! Бөсе, ұлы бойға  
қан жүгірген екен көрінің де.<sup>35</sup>

А р п а б а й. Е, тәйірі, кешеден бері бар шабанмен мен  
де сойлесіп, әбден ыздан зығырданым қайнады. Қіргіз  
мені де есептеріңе.

Қ а м б а р. Қай есепке?

А р п а б а й. Баяғы бай үйінде сендер уәделескенде  
мен де ішімнен уәде еткем. Кеңестің бір тетігіне мен де  
жараймын деп! Міне, бәріңің басың тоқайласқанда  
уәдемді орындауга мен де кеп тұрмын.

Б ө л т ірік. Уай, пәлі, еңдеше, мінс, жолың болсын,  
4-ші ферманың шабаны! Жүр әйде бізбен.

Екі жағынан екі жігіт құшактап жөнеліседі.

### Ш ы м ы л д ы қ

#### ЭПИЗОД

Кеш батып қалған, тасты тау арасы сияқты. Ала көленкеде бүкшендеп екеу-үшеу жолдын екі жағына шығысады. Бірсуі басында бүкшендеп, кейде бойлап артына қараң, басшылық стіл жүрген біреуі бар. Қолдарында кесілген мылтық. Басшының беті-көзінен төменгі жерінде қап-қара шұберекпен тақылып алынған.

#### Көрініс

Б е т і т а н ұ л ы ұ ր ы (*артындағы біреуіне*). Тұр, тұра қал, ана даңдага. Келеді (*Екінші біреуіне*.) Былай жалтарса мынадан... Сен тұр... (*Екіншінің орнын корсетеді*.) Басып бүктеп алындар. Дыбысы шықпасын. Белгі менен... Менсіз қыбыр етпе, үқтың ба?

Е к і н ш і ұ ր ы. Алысып аламыз ба? Атпаймыз ба?  
Б е т і т а н ұ л ы ұ ր ы. Айтамын кезінде, ал жонел!

Өздері бір тасада халықта көрініп тұрады. Келе жатқан кісілсердің дабыры естіледі. Тс-сс! Аздан соң Селкебай, Топай жөнс бір шабан шыгады.

Ш а б а н. Міне, осы бір суды Қасқабұлак дейді.  
С ө л к е б а й. Ал десін. Бұның не жазығы бар! Топай, сен тыңдай қал!

Ш а б а н (*жан-жагына жалтақтап сөйлейді*). Осы су өлі етті су екен. Баяғыда Қондыбай деген байдың қонысы екен. Осы арада жылда қойын қырғызады екен сол бай. Өзіне кейін қонудан да қашып жоламайтын болған екен. Міне 4-ші ферманың бір отар қойы, өлті осы біздің 5-ші отар білмestен кеп биыл осыған қоныш тақ бір күнде 150 қойын қырғызды. Баяғы өлемет олі бар екен. Топалаң шыға келді.

С ө л к е б а й. Бұдан кейін қай құдыққа қондындар?

Ш а б а н. Қаша көштік. Содан ана “Суықтөрге”, биік шыңға шығып кетіп отырмыз, амалсыз.

С ө л к е б а й (*Топайга*). Қондыбайдың бұл құлыққа қой олтіргенін сен біліп пе едін?

Т о п а й. Айта берсін. (*Шабанга*) Сен өлген қойдың өлекесін көрсетудің орнына ертек айтып жүргенің не осы, жаным?

Ш а б а н. Ойбай-ау, сіздер мына өлетті суды көрсін деп жүрміз ғой.

С ө л к е б а й. Ендеше, Қондыбайдың ондагы қойы өлді ме, өлмеді ме? Бұнда өлет... болушы ма еді, болмаушы ма еді? Оның жөнін ферма бастықтарын бізден сұрасын, жүр ілгері. Одан да өлген қойдың жемтігін көрсет.

Ш а б а н. Жарайды, жарайды, макұл (*Жалтақтан*.) Бірак қарангы бол кетті-ау. Өзі тау іші, өзі қауіпты болушы еді..

С ө л к е б а й. Жө, жарайды, саспай-ақ қой, тарта бер, жүр атыңа, жүр.

Т о п а й. Өзің тым құрмаса бір жемтік тауып берші.

Ш а б а н. Ойбай, бәрі бір жерде, бәрі үйліп көмілген, дәріленген емес пе? Жүрейік-жүрейік. Ерінбесендер, мен енді оны іздеп табайын.

С ө л к е б а й. Маған десе тұні бойы іздесең де тап сол жемтік үйген жерінді.

Т о п а й. Бәсе, таптай тынбаймыз, көрсет, жалтарташа, білдің бе?..

Кетіседі, артынан ұрылар бір басып, екі басып шығады, екі ұры бастыққа келеді.

1-ұ р ы. Неге жібердің, немене?

2-ұ р ы. Атына мініл кетті ғой енді ой, жақсы-ақ кеп еді!

Б е т і т а ң у л ы ұ ր ы. Үндеме, өзір керексіз болды, мыналар екен (*арттарынан қарап тұрып*.) Мен мұндайлар емес деп ұғынып ем. Бұларды білем... Есебін өзім табам, басқаша табам.

Жөнеледі.

Ш ы м ы л д ы қ.

## АЛТЫНШЫ СУРЕТ

### Кориніс

Кешкі уақыт. Ферма бастығы Құсбектің бөлмесі.

Құсбек (қағаздарын асығыс өзірлең, нәрселерін ыңғайлаң жатады. Кәмәш кіреді). Кәмәш! Уақыт тар, қазір дүние шырқ-көбелек айналғалы түр. Екеуіміз бір-екі сәздің басын ашып алайықшы. Отыр!

Кәмәш. Немене өзі! Еңбегінді еш қылайын дей ме?

Құсбек. Жоқ, оны қоя түр.

Кәмәш. Ал, басқа немене?

Құсбек. Ойлашы, бір әйел оқып кеп, әлде біреу өсіп кеп жатыр. Соның бәрі кешегі сенің теңің еді-ау. Солар өскенде, біз өспей қарап жүріп пе ек осы? Олқымысың сен солардан?

Кәмәш. Е, неменесі асып кеткен екен? Неге олқы болайын. Оны несіне айттың?

Құсбек. Олқы емессің, рас. Бойгі түбінде бір-ақ жерде. Тіршіліктे ереккепен қатар тұрып тізе қосып алысуга, тартысуга шыдаса әйелдің өскендігі сол. Соны айтам! Осыған қалайсын?

Кәмәш. Е, мені сонда әлі сынаған жоқпысың. Тіпті ондайда бәрінен өр мен емес пе ем?

Құсбек. Бәсе, соған сенем, ол бір. Екінші, ендігінің бір күні бұрынғының бар күнінен қыын. От керек, қайрат керек. Соған табыламысың? Қажымаймысың, қайтпаймысың?

Кәмәш. Тәуекел, сен өлген жерде олемін.

Құсбек. Ендеши, тас түйін деген осы.

Кәмәш. Болса болсын.

Құсбек. Онак соң, бұл совхозға келгеннің бәрі де жар жагалап жүрген адам. Бұрынғы сортты болып кетті, жаңаңын да алдында әлі сол кезең қашық болмас, кім біледі? Өйткені бұл батпақтан жатқан совхоз. Жұмырдай үрылардың шеберлігі әлі асып түр. Қыласыны қылыш түр гой. Жалғыз-ақ совхоз сол жаңа келгендердікі ғана ма? Біздің де совхоз гой. Сондықтан, міне, бұл үшін алыспай қалмаймыз. Бар сөздің түйіні сол гой. Үқтың ба?

Кәмәш. Ұғамын, серігіңе жаарымын, Құсеке!

Құсбек . Құп, жарайсың, Кәмәшым.

Көмөш. Ал, ана кісіні қайтесің? Не дейсің? Жана осында келді.

Құсбек . Қой! (*тұрып*) Отарға барсын деп едім ғой!

Кәмәш есікке барады, бір шалдау адам кіреді.

Мен сізді 5-ші отарға барсын, сонда болсын деп едім ғой.

Шал. Қарағым, оны естідім ғой, бірақ өзі осында кепті ғой! Мен зарыққан, талған адам ем ғой, козіме бірде-бір көрсетпеймісің? Тым болмаса бір көрейін де.

Құсбек . Қария, жасымаңыз, жасымаңыз. Оған жол жок.

Шал. Қарағым, іштен шыққан шүбар жылан ғой, іші-бауырым езіліп барады. Мен талған адам ғой. Бір гана демеу бола ма деп ем.

Құсбек . Қатайыңыз, бұл жасықтықтың бұл күнде бес тыын керегі жок.

Шал (*бекініп*). Оның рас, қарағым. Тегі бұным жолсыз ғой?

Құсбек . Жолсыз, уақыт жетеді, көресіз... Ал енді бөгелме 5-ші отарға, "Суықтөрге" жөнеліңіз. Кәмәш та солай барады қазір.

Кәмәш пси шал кетеді, Құсбек біраз ойланып журіп, есікке барып.

Сыбанбай, өй, Сыбанбай!

Шабап Сыбанбай кіреді.

Құсбек . Немене, қалай екен екінші, үшінші ферма?  
Шабандардың пейілі, кейпі оңала бастап па?

Сыбанбай. Атамаңыз, жалақыларын тегіс беріпті.  
Киім-кешекті алғызып, үлестіріп жатыр. Астықтан басқа шабан басы сауын беріп, жарылқапты.

Құсбек . Иә, тағы не шаралар істепті?

Сыбанбай. Тіпті, пейілдің үшы-қызыры жоқ. Мына жаңа келген екі жігіт бір күнге жіберетін емес. Тіпті шабандардың ойында жоқты істеп жатыр. Басындағы күркелерін, үйлерін де бүтіндей бастапты. Ликбез деген үшкөл де ашыпты. Бір үй орнатыпты. Тіпті масайрап барады. Осы соны хабары дәл той күніндей дүңк-дүңк келіп,

мына қашықта жатқан біздің шабандардың талайын да елеуіртіп отыр.<sup>36</sup>

Құсбек Е, халық: “Жақсы болады екеміз”, – деп үміттеніп бара ма?

Сыбандай. Бұндагы енді әлі қолына дәнене тиғен жоқ қой. Өйткенмен, копшілік: “Анау алғанды біз де алармыз”, – деп, айтты, даурығып жур.

Құсбек Шығын қалай?.. Шығын бар ма екен? Ол қалай болыпты, ана жақта, бұнда қалай екен?

Сыбандай. Шабандар: “Енді өлім, шығын жойылады”, – деп серт беріпті ғой.

Құсбек. Сейтіл пе?

Сыбандай. Бұнда әлі ішінара секіртпе бар ғой.

Құсбек. Актылар қалай, бар ма? Акт бере ме анау жаңа дәрігер мен зоотехник.

Сыбандай. Әй, саран, өздері де біледі-ақ екен. Қакосы қырық жыл шабан болған адамнан кем емес. Егжеттегійне дейін қарайды.

Құсбек. Ал, анау қауыртын не қылдыңдар?..

Сыбандай (қойынан қағаз шығарып берін). Міне, оның орнасын былай салды.

Құсбек. Ой, мынау қол... Е, солардың қолы ғой, болты ғой, анау ма? Өздері ме?..

Сыбандай. Әйтеуір, анау осыны жеткіз, іс қылсын, болды деді.

Құсбек. Әрине. Ал ат өзір ме?

Сыбандай. Әзір, ерттеуді.

Құсбек. Ендеше, сен бесінші отарға жет. Тос, сонда.

Анау женелс бергенде.

Әй, сол кісің сол анау, онан бөтен емес, білдің бе. Жақсы, сенімді. Өзің, өзіміз білген шабан ғой. Ұстайтын, сүйейтін, істі сеніп тапсыратын солар ғана. Осыған сақ бол.. Бар!

Анау кетседі. Құсбек жаңағы қағазды айналдыра қарап, өзге көн істің арасына тігіп салып жатқанда Шөкен кіреді.

Құсбек. Ә, қалқам Шөкен, келдің бе? Но.. Қалай... Исің қалай?

Шөкен. Біздің іс істеледі ғой, бірақ сенің ферманың айтсаңсыз<sup>37</sup>.

Құсбек. Шәкен-ау, менің зарлап жүргенім сол емес пе? Тап дорақтың ортасында түрғандай бол отырған жоқ па?

Шәкең. Ендеше, осы тасқа, ел-жүрттың берінен алысқа шырқап шығып не қып тығылып отырсың?

Құсбек. Жаным-ау, мен қайтейін?! Басында 4-інші фермага белгіленіп берген қонысы осы ғой.

Шәкең. Иә, сен бұл араның қойта қоныс емес екенін білмеуші ме ең? Енді міне күнде үрлік, күнде өлім. Озі осы маңда үры деген не еткен көп, кім солар?

Құсбек. Ойбай, осы тастың бәрі де үры емес пе?.. Қашқан-пысқан, аш-арық. Шабаны қайсы, үрсы қайсы, кім біледі?

Шәкең. Жоқ, шабан жаман емес, тәрбие жоқ. Біз біліп келеміз.

Құсбек. Айнала бір қарангы жау! Осы отырыстың өзі қауіп оуелі. Мені тақ үш тонады ғой, биылдың өзінде.

Шәкең. Ендеше, неге алыспайсың, неге білдірмейсің? Осы жайын тіпті дирекция да білмейді ғой. Біз осында келіп коріп отырмыз.

Құсбек. Білдірдік қой, ойбай. Сот-тергеушінің бәрі біледі.

Шәкең. Жоқ, бұндай түрін білмейді.

Құсбек. Енді, міне, жаңа басшылармен қосылып алысуга кірістік қой, бәлемді енді көреміз! (Пауза.) Жә, Шәкен! Ол бір сәрі. Ал енді өзің мына, жасында туypesкен жеріңе келдің. Кешегі кіндік кескен ата-анаңың қонысы, аулыңың жайлай, күзеуін, көктеуін бәр-бәрін араладың. Совхоздың мүлкі болғанын көрдің. Қоңлің қандай енді осыны көргенде?

Шәкең (*Күсбекке тесіле қарап отырып*). Иә, көңілге бір түрлі тиеді... Қандай болмаққа керек. Өзің қалай ойлайсың?

Құсбек. Білемісің, анау “Суықтөрге” бір жылды ауыл көшкенде 20-30 қызы, бозбала бол көштен қалып, бұлдірген теріп, қандай жарыс пен асырды салып ек...

Шәкең. Еске алуға ыстық-ақ па? Өзің сағынасың ба дейім... Жерді көргенде, кісі соны еске алмай туралмас... ө?..

Құсбек. Еске қайтып алмайсың? Ойлашы, сіздің, үлкен үйдің қойларының ені өлі күнге шейін бар осы отарда. Есінде бар ма, құмырсқа ен еді ғой?!

Ш ө к е н (*тұрып жақындал*). Иә, Құсбек! Сен қалай жайылып барасың осы, байқамаймысың?

Қ ұ с б е к (*тұрып*). Иә, несі бар? Сенің күйің қандай? Соны бір барлайын деп ем.

Ш ө к е н. Ендеше, қысқартқан абзал болар, білдің бе?

Алатай, Алтын кіреді.

А л т ы н. Шәкен, бүгінгі көргеннің қорытындысы не?

А л а т а й. Бәсе, айтшы қане?

Қ ұ с б е к. Қорытындыға өзір асықпасандаршы. Өзі түн жарымы болып қалды. Жатайық, тынығайық. Алатай, сен менимен бірге жур.

Ш ө к е н. Асықпау емес, біз қорытындыны күнде жасаймыз.

А л т ы н (*Құсбекке*). Біздің ісіміздің методы сол (*Шөкенге*), иә, сонымен?

Ш ө к е н (*Алатайга*). Көне, сен айтшы?

А л а т а й. Меніңше, біз бұнда жалғыз өз ісіміз емес, политотделдің де, дирекцияның да, шабанның да, ахраның да – бәрінің де ісін істеуіміз шарт.

А л т ы н. Ферма ісі оналғанша барлық жыртықтың бәріне жамау болуға тырысу керек. Ертең мен осы арада лекбез ашам.

А л а т а й. Мен шабандарға өздерінің техминимумын оқыта бастаймын.

Ш ө к е н. Бәрекелде. Мен екеуіңе жәрдемші. Қысқасы, біз өрі маман, өрі шабан!

Қ ұ с б е к. Дұрыс, ал болса болсын солай. Жүр, Алатай!

Алатай ексуі қоштасып кетеді.

А л т ы н. Шәкен! Білесің бе... мен Алатайды енді ғана шындал тани бастадым.

Шешіне бастайды.

Ш ө к е н. Иә, таныған сайын өзі тәуірленіп барады де.

А л т ы н. Рас, оны қайдан білдің?

Ш ө к е н. Е, іс қыннышылық, сын бар емес пе? Кісіге кісінің қымбаттығы сонда ашылмай ма?

А л т ы н. Рас екен.

Ш ә к е н. Бұл оны ғана тануың емес. Ең алдымен өзінді өзің тануың, табуың да болар.

А л т ы н. О, қалайша?

Ш ә к е н. Ол солайша. Алатай баяғыдан сен емес пе? Өзінің момындық тазалығымен көрсете алмайды. Әйтпесе сенің күлкің, оның да күлкісі. Сенің уайымың, оның да уайымы емес пе? Осыны шын байқамай жүрдің бе?

А л т ы н. Жок, сезуші ем. Бірақ сен ол екеуіміздің барлық жайымызды қазір тым түсінікті қып шешіл жібердің. (*Ойланып.*) Рас, мен ол да, ол мен екен-ау, өзі көп жағынан. Қайда кетті өзі? Шынымен осы совхозда, осы қын күндердің ішінде алғашқы рет бір сүйер едім өзін.

Ш ә к е н. Әй, салусыз бала, Алатай-ай... Жолыңын жаңа болғанын білсең етті...

Сол кезде терезе салдыры етеді, скеуі жалт қарағаңда ала көлен-кеде беті қап-қара бол таңылған бір адам секіріп кіріп келеді. Артынан тагы ексуі қарап тұр. Шөкен тап беріп стол үстіндегі мылтыққа үмтұла бергенде, анау жолын қоршай қалып, мылтықты өз қолына алады.

А л т ы н. Бұл кім? Кімсің сен?

Ш ә к е н (*қорықпай*). Әй! Сен кімсің?

Ү р ы. Мен Жұмыр!. Білдің бе.. Оқымысты сулу қарындаас.

Мылтықты тәссеп жағалай береді.

Ш ә к е н. Е, Жұмыр баңдымысың?

Ү р ы. Корықпайсындар гой өздерің! Корықпайды екен бұлар.

Үмдал екі кісіні шақырады. Оларға белгі жасайды. Есіктің шотын салып алысады. Үры Шөкенге жақындаиды. Шөкен кейін баса береді. Бірақ ананы тори, айнала жүреді.

Ш ә к е н. Бізді қорқытқанда не түседі сендерге?

Ү р ы. Ие, бәсе, қорықпауың керек. Одан да жақсы келісу керек. Ә... Сұлу қарындаас, ер қарындаас! Совхоздың иесісіндер гой?

Ш ә к е н. Жо, қалжақтама! Бетінді аш одан да. Немене еркек басыңмен құбыжық тәрізденіп.

Анау жақындаай береді, Шөкен еппен айнала береді.

Ұ р ы. һа-һа! Біз құбыжық емес, біз кісі қызығатын жаспыш... Сіздерге өзіміз де қызыққанбыз... һа... һа... Әдейі ізден келдік.

Ш ә к е н. Бізде не ақыларың бар?

Анау жақындай беріп ақырып қалады.

Ұ р ы. Жетті, болды, киін (*Алтынға*) Кийн!  
Ш ә к е н. Асықпа...

Сөйтіп тұрып үрінің бстіндегі орамалып жұлып алады, шалқалап шошып.

Мес?!

А л т ы н (*ұмтылып*). Мес!..

Ш ә к е н. Мес... Ой, жүзі қара!..

М е с (*тап беріп*). Шыгарма үнінді!

Екеуін де үстал, киімдерін басына жауып, үшеулеп, зорлап терезеден шығарып жатып.

Іа... һа... коп оқып бұлардың білімі, тілі, қайраты асып кеткен. Олай болса несі бар? Мұнда орын тар. Өзім онашаға апарып, кеңінен отырып, жақсылап дауласам. һа... һа...

Ш ә к е н }  
А л т ы н } Жауыз, жүзі қара!..

Айқайлай бергенде ауыздарын басып алғып кетеді. Мес есіктің шотын ашып, терезені сыртынан жауып кетеді. Аздан соң үтеге жылдам басып Құсбек кіреді. Артында Қамбар, Сапар, Сапардың жолдасы кіреді. Құсбек обден киішген. Қызынып сойлей кіреді.

Қ ү с б े к. Сендер өздерің тұнделетіп келіп, жанды жағадан алыш (*асығып, ақтармалай кеп бір буда қагазды қолдарына ұстата беріп, өзі беттерін ашып алақанымен үріп тұрып*.) Мен, міне, алдарыңа жайып сап тұрып, көзге шүкіп айтайын. Үрің бар дедің бе мұнда? Жоқ, кенестің қамқоры, өзім ғана деп білдің бе? Шетінен?.. Міне, көздерінді ашып қара... 150 қойды мен жұтып қойды дескенсіндер ғой. Мә, міне, неден өлгенінің актысы. Кешегі, ана, жаңа келген врач, зоотехник Сөлкебай, То-пайдың жасаған актысы.

С а п а р (*қарап тұрып*). Иө, рас.

Қ а м б а р (*жігітке*). Шақырып келші екеуін.

Жігіт кетеді, Қамбар қағаздарды қарап.

Топалаң... Көң, қотыр, тастан құлап өлген, ақсақтан өлген – бәрі де солардың қолы.

Құсбек. Е, тапқан екенсіндер сезіктіні.

Сапар. Ей, сен немене осы, жеті түндег шарт киініп алғансың?

Құсбек. Ұрлықта аттанайын деп түрмүн, о несі екен. Бізде тыным бар ма? Мен осы тегі түн баласында үйіктайым ба екем. Қашар-қашарды аралауға жүргелі түрмүн.

Сөлкебай, Топай, жігіт кіреді.

Сапар (*қол алысып амандақаннан кейін*). Е, 4-ші ферманың өлімі, шығыны, ұрлығы тұрасындағы сөздер бекерге шықты ма? Коне, сендер айттындаршы.

Сөлкебай. Біз қорытындымызды енді аяқтап келеміз. Түні бойы істел.

Топай. Бекер болды деген не деген сез?

Қамбар. Бекер емей немене, 150 койдың урнасы табылса.

Сөлкебай. Урнасы қайда екен?..

Қамбар. Босе, қайда?

Құсбек. Қайда екен бәсе, айтшы. Айтып берсін өні ездері.

Топай (*қатайып, Құсбекке*). Урнасын, біз айтпайык, аралаган сұық қол айтсын.

Сапар. Сұық қолын топалаң, кек қотыр, тастан құлап әлу, ақсақтан олу ме? Есебін тауып бар олқыны толтырыпсындар ғой.

Сөлкебай. Өй, не айтып тұрсындар өздерін, жақау-ратып. Бірдемен болса айтсандаршы тіке, езбей!

Қамбар. Мынау не?

Сөлкебай} (*Жұлып алып, бірге қарап тұрлып*).

Топай } Акт... Иә. Мениң қолым! Мениң қолым!

Сапар. Осыны айтып тұрмыз. Бұлай болғанда ана 4-інші ферма жайындағы бұрынғы сез есек емей немене?

Құсбек. Ал, оттап, секем алған бол!

Топай (*қагазды ақтармалап қарап-қарап ап*). Өй, жолдастар, мынау масқара екен. Біз мұндай акт жасаган жоктыз.

**С а п а р.** Қол ше?

**С ө л к е б а й.** Қол біздікі, ал біз жасаған акт басқа.

**Қ ұ с б е к.** Өздерің актыны кімге беріп едіңдер?

**С о л к е б а й.** Біз шабан қолына бергеміз, Сыбанбайга.

**Қ ұ с б е к.** Мен де шабаннан алдым. Жаңа өкелді.

**С о л к е б а й.** Біз жасаған акты басқа емес пе еді, Топай-ай?

**Т о п а й.** Бәсе, ал мынау не?

**Қ ұ с б е к.** Иә, танайын деп пе едіңдер? Берген оздерің, енді келіп үріккені несі?

**С ө л к е б а й.** Иә, алыр-ау, бәсе, қаранды сауатсыз шабан. Ол байғусты не деп айыптаймыз? Жаным-ау, біз шатасқанбыз ба, Топай-ау?

**С а п а р** (*қагаздарды қолына алып*). Жоқ, сендер жауаптылықты ұмытқансындар! Әйтпесе, бұл не нақұрыстанып тұргандарың? Біз жасаған акт деп неге айтпайсындар, қолдарынды қойған соң?

**Т о п а й** (*ашуланып*). Жоқ, өйтіп сандырактамандар, мұнда ондай бұзығың жоқ. Біздің акты емес.

**Қ а м б а р.** Өзі топалаң, бүнда бұзықтық, бүнда үрлық, бүнда қаскөйлік қана бар.

**Қ ұ с б е к.** Олай болса, қаскөйдің басы сендер.

**Т о п а й** (*ақырып*). Қыскарт тілінді. Ендеши, міне сенсің подлок жасаушы.

**Қ ұ с б е к.** Оттама, көзінді ашып қара, ақымак. Шабандармен жең үшінен жалғасқансындар ғой, парага жығылып, кызыл тұмсық болып!.. Оңбагандар.

**С ө л к е б а й.** Ойпырмай, не дейді, не дейді мынау шошқа, мен бе екем кеңестің қасы (*ұмтыла береді*.)

**Қ ұ с б е к.** Білем, алғаш пара алып сотты болған маман сендер емес! Иттер.

**Т о п а й** (*мылтығын суырып алып*). Эй, жауыз, бұл қорлықты естігенше олтірейін, олейін мен!

Ата береді, Сөлкебай жүгіріп “қой деп” үстай бергенде атып калады. Мылтық үшіп түседі. Сөлкебайдың қолына оқ тиіп отыра кетеді.

Ит, жауыз, кім деп білесің сен бізді?!

Мылтығына ұмтыла береді. Қамбар ұстап, жібермейді.

Күсбек (*Сапарға*). Міне оқыған екен десем, қайтеді мыналарың ақымақ. Жынды ғой өзі мыналар.

Қамбар. Әй, қысқарт енді сен сөзді.

Сапар. Тоқта енді, сөзді қоя тұрындар.

Умтылып Сөлкебайға жәрдемдесуге айналады.

Күсбек. Қайда дәрігер, ойбай? Өңшең жынды. Шақыр, қайда, қайда дәрігер? (*Өзі жүгіріп шыға береді*.)

Топай (мылтықты алып ұмтылып). Қайда кетті әлгі ит? Керегі жоқ оның жәрдемінің!

Қамбар мұнымен алысып мылтығына жармасып, ұстап жүреді.

Біз осындағай оскарбление есітпек пе екеміз? Кімнен?..

Сол уақытта Бөлтірік кіріп келеді.

Бөлтірік. Бұл немене, өй?.. Бұл не масқара? (*Сөлкебайға*.) Мынаған не болған?

Сапар. Актіні корсетіп. Міне, мынау актіге мыналардың қолы қойылған. Ал бұлар біз жасагамыз жоқ - подлок дейді. Құсбек ол актыны шабан қолынан алған. Мыналар шабанға акт бергенін жөне де мынадағы қолдарын жалған демейді. Соны ұғысамыз дегенде жаңжалдасып, Топай Құсбекті атамын деп мынау қолына жармаса бергенде оғы осыған қатеден тиіп кетті.

Бөлтірік (*Сапарға*). Өй, сендерде кез жоқ екен (*Қамбарға*). Қамбар, саған не болды? Сөлкебай мен Топай ма екен жалған айттын? Бұлардың жалғыз үні шыққан жерде өзгені түрекелгізіп койып бауыздамас па ем мен болсам!

Сапар. Ей, Бөлтірік! Заң керек, тәртіп керек, сен не айтып тұрсың өзің?

Қамбар. Жоқ, Бөлтіріктікі рас. Мен қаталасқанмын. Сенің еркіне беремін деп, саған сенем деп осылай боп қалды. Қайда олті Құсбек? Шақыр. Өпкел мұнда (*Сапарға*). Ұстап! Арест қыл соны.

Бөлтірік. Иә, арест қыларсың.

С а п а р. Е, немене (*жігітіне*) Ұмтылышы. Алып кел  
(*жігіт жөнеледі.*)

Б ө л т і р і к. Кешіктіндер! Жүр! Жүр жан-жаққа!

Бәрі атып-атып жөнеледі, Топай да жөнеледі.

С ө л к е б а й. Әй, Құсбек ит, жау ма едің? Кәпір!  
Қойнымызға жылан салып жүріпіз гой.

А л а т а й (*жүгіріп келеді*). Әй, саған не болған? Ой-  
пыр-аяу, мынау қан не?

С ө л к е б а й. Білесің, білесің кейін.. Шап, жүгір одан  
да Құсбек қашты... Содан...

А л а т а й. Не дейсін, ойпыр-ай! Шәкен, Алтын қайда?  
Мен дүниенің бәрін аралатып таппадым гой соларды  
(*Жоғеле береді, алдынан Болтірік, Сапар, Қамбар, Топай  
кіреді.*)

С ө л к е б а й }

А л а т а й } Немене, немене, бар ма?

Б ө л т і р і к. Жоқ, қашқан.

А л а т а й. Алтын мен Шәкен де жоқ.

Қ а м б а р (*отыра кетін*). Ойпыр-ай, не дейсін, не  
сүмдыш?

Б ө л т і р і к. Ә, ендеше біз Құсбек емес, бұл жерде  
үлкен ұяға кездескен болдық. Бәсе, әттең Шәкен...

А л а т а й. Алтын, жаным, не дермін!

Теріс айналып кетеді.

С а п а р (*Қамбарга*). Сенен осының бәрі, кінәлі ендігі  
сенсін! Айтып па едім міңдеттілікті!

Т о п а й. Ой, қалжырама енді сен. Козің ағарыл,  
көретінді көрмей, енді не оттап тұрғаның?

Қ а м б а р. Мениң жақыным, жазықты болсам аяма,  
білдін бе?

С а п а р. Ендеше, сол, әні, өзің айттың...

Б ө л т і р і к. Тоқтат, жетті. Өйтіп сандырактама! (*Ар-  
набай жүгіріп кіреді*) Немене?

А р п а б а й. Балаларым, білдіндер ме, ойбай? Мен осы  
жерден басында шошып ем, өздігіммен кірісп ем. Білдім  
гой, ойбай... Ұстат... Тез Құсбекті... ұстат... Ана ит Кө-  
мөшты де!..

Б е л т і р і к. Немене? Не білдің?

А р п а б а й. Жүр, жүр, бөгелме... Тұс соңымнан... Бір отар малды бар шабанымен көшіртіпті. Қытайға өкеткелі беттепті. Жүр, түге. Мін, мін, тез аттарыңа!

Бәрі жәнеліседі.

### Ш ы м ы л д ы қ

#### ТӨРТІНШІ АКТ

#### ЖЕТИНШІ СҮРЕТ

Қазақы қыстаудың кішкене терезесі, тар есікті, аласа бөлмесі, 4-ферманың отары. Комәш жалғыз. Бірдеме жат дыбыс естігендей елендеп, асығыс қарбаласып, терезеге бір қарап, есікке бір ба-рып тыңдал, қарап о да үркіп.

К ө м ө ш. Бұл не, бәтір-ау? Тасырлап шауып келеді.  
Қашу ма? Қуып келе жатыр ма әлде?

Құсбек жүгіріп кіреді.

Ойпыр-ау, жаным, немене?

Қ ү с б е к. Айтып ем ғой. Дүние шыр айналды, енді міне. Артымыздың бөрі дүшпан.

К ө м ө ш. Қуып келе ме өзі, немене? Кімдер, Қамбар да бар ма?

Қ ү с б е к. Кім дейсің сол емей туысқан болған, дос болған күні бар ма еді (Зілмен Қемәшқа қадалып.) Тұқымың құрғыр.

К ө м ө ш. Өзі келе ме қазір осылай, келе ме?

Қ ү с б е к. Бұнда кетті деп ойламас. Бірақ жиналу, асығу керек. Япыр-ай, қайда енді әлгі?.. Қайда кесел?.. Үсталды-ау. Бөгелді-ау.

К ө м ө ш. Қайсысын айтасың, тосқаның кім?

Тасыр шығады, Құсбек мылтығын алып босагаға тұра қалады.

Қ ү с б е к (дубір жақындаған бергенде). Кімсің-ай! Айт жөнінді, өлесің тек! (Қемәш қасына тақап.)

Көмәш. Қамбар болса бір тілдестірші. Атпашы!

Қолыша жабыса береді.

Құсбек (*штерін, құлатып жіберін*). Аулак, үялас қаншық итте де бар, туғаным емес, дүшпаным деп біл дегенім қайда? (*Есік тартылады, бұл жабысын*). Кімсің? Жонінді айт!

Дауыс. Уай, қорықпа тәйірі, менмін.

Есік ашылып кетеді. Үйге Мес аттан кіріп артындағы Шәкен, Алтын екеуін бір-ак кіргізеді, есік сыртында жігіттері қалады.

Шәкен }      Құсбек, Құсбек, бұл не сүмдық?  
Алтын }      Кім едің сен?!

Комош (*Умтылып, Құсбекке*). Шәкен, Алтын (*Құсбекке қарал*) бұлары несі?

Мес. Бұлар біздің кісі. Қосылды міне, оқып келіп бізге.

Алтын. Құсбек! Айт жонінді, бұл не? Біз қайда келдік, кім деп жүрсің бізді?

Мес. Ha... ha... Кім дейік, сендер оқып ессең, Құсбек, Мес те жас бала емес. Міне, бұрын аз едік. Енді, міне, сіз қосылдыңыз. Біз де бір топ болдык.

Алтын (*Құсбекке*). Отпен ойнайын деген екесін, сазайынды тартарсың, тарттырармыз, дүшпан!

Шәкен. Дүшпан деген соз отеді деп түрмисың бұған. Енді сөзді шығын қылма, тоқта! Қайтер екен.

Құсбек (*салмақтан*). Болдыңдар ма? Ендеше, дүшпандық жок. Сендердің басында біздің жүрек адап.

Алтын. Жүрегінді ит жесін сенің, жүрек бар ма сенде.

Құсбек (*тыңдамай*). Иә, сол, жүрек адап, үғысамыз. Біз енді, үлкен сапар жол кешеміз. Құн ілгері, жол үзак, үғысамыз (*Шәкенге қатты*). Біздікі шын достық. Ұқпай көзінді шел қаптаса, одан айығу керек, айығасың.

Мес. Ө... Білім бе? Білім онда да керек. ha.. ha... Оқыған маман қатын кімге керек болмаушы еді! (*Кұланып*) Тәйір деген о не... Оның тіпті күдігі жок.

Шәкен (*ақырып*). Арам болар. Ондайды істейтін еркек сендермісің? Бықсыма, сасық, паразит! (*Құсбекке*) Босат қазір. Әйтпесе, басынды алыш жер бұл кеселің!

Құсбек. Шырағым, тулама, мен сенің жақыныңмын, менде туысқан қаны жоғалған жоқ сендей.

Шәкен. Сенен мен жиренемін өуелі.

Құсбек (*Меске басымен белгі етін*). Келтір...

Алтын (*Көмөшқа*). Ойпыр-ау, мынау да осында?..  
Көмәш, бұл не? Бұл не қылған иттік?

Көмәш. Уай, Алтын! Шіркін, сен асқақтамасаңшы.  
Қайдан шыққаның, кім екенің мәлім еді гой, үрікпей-ак,  
ұрыспай-ақ сойлес.

Шәкен. Ә, сені Қамбардың қарындасы, Арпекем,  
Есекемнің баласы екен десем, садаға кеткір, бандының  
қатыны екенсің гой...

Құсбек. Бандың не? Жаңылма... Банды жоқ мұнда...  
басқа...

Шәкен. Жоқ, мұнда, ұры, мұнда банды.. Мұнда  
біздің жау.

Есік карт анылып қалады. Шөкен есікке жалт қарайды, сси  
шығып кеткеидей болады. Алдында манағы б-суреттегі шал, ол  
бұның әкесі – Қондыбай.

Құсбек. Жау... Ие... жау болса, міне, жауың. Міне  
екен Қондыбай. Айдалған, тентіреген, үй ішінің бәрі қы-  
рылған. Жалғыз сен деп тентіреген әкен.

Қондайба (Шөкенге умтылып, қолын сүйіп жылап,  
жорғалап). Ah, жаным балам. Қарашығым, сәулем, сені де  
көретін күн бар ма еді? Ау, құдай, кәрсеттің бе сөулемді.  
Енді алсан да ризамын (*Қолынан сүйіп, жорғақтап жылап*.) Жалғызыым! Шешен өлді, бауырларың бітті, сенсің!  
Сен тана, өлтір мені, өлтірмесең енді кетпе, тастама... Мені!

Мес (тыстан жүргіріп кіріп). Ойбай, тасырлатып шап-  
қан аттылар дүбірі келеді.

Құсбек. Ал қамдан (*Шалға*.) Тұрыныз, тұрыныз,  
есті жиырыз, мен өлмесем өлмейсің енді сен де. Тұр, оп-  
кетем.

Қондайба (Шөкенге). Жарығым, міне, кураган,  
тозған, жарапанған әкен.

Мес. Ал, ал қаруынды, өзір бол!

Шәкен (*тез өзгеріп*). Әке, қаруын бар ма? Әпкел  
маған<sup>38</sup>.

Алтын. Шәкен? Ойпырай не дейсің сен?!

Шәкен. Доғар сөзді, шыгарма үнінді.

Қ о н д ы б а й (*қармалап алты атарын бергелі созып*).  
Сөулем, қарашибым! Ал, міне, әкемнен алдым деп ал, мен  
деп ал. Мә...

Шәкен тоқтаң тұрып, акыры жұлып алады.

Қ ү с б е к }      Болды, жетті, жөнелу керек.  
М е с }

Т ы с т а  д а у ы с (*есіктен*). Жоғары кетіп барады. Өтіп  
барады.

Қ ү с б е к. Өтсін, өтіп кетсін. Бірақ қазір тез атқа  
мініп айналып кетейік, енді адасты. Енді үстап көрсін. Бол...

Шалды, қыздарды жігіттер мен Мес икемден шыгаруга ай-  
налады.

А л т ы н. Осылай болды ма? Ендеше, кедей қызының  
кеңес жолынан азғанын сендердің козің көрмесін...  
Кормайді... Жеңбессін, мен арам болармын.

Ш ә к е н (*Күсбекке*). Басқа жерде адамдарың бар ғой,  
куштерің бар ма?

Қ ү с б е к. Бар, бар, бар емей, қазір жөнелеміз солай.

Ш ә к е н (*Алтынга*). Жо, менен ардақты әмессің, мен  
көргенді сен де корерсің. Жүр былай!

К ө м ә ш. Бәсе, сөйтіп жөнге келсендериші өйткенше  
(*Күсбекке*.) Осы мына Алтын кімге дәрі, бұл неме керек?

Қ ү с б е к. Керек, бәрінен де сол керек.

К ө м ә ш. Не дейсің, кімің еді? Тағы күйдірмек пе ең,  
баяғыша... Айт, ойбай жөнінді!

Қ ү с б е к. Қысқарт! Шығарма үнінді.

Алдыңғыларға белгі жасайды. Шал, Мес, Алтын шығыл  
кетеді. Алтынды Мес зорлықпен шыгарып, жігіттерге талсыра-  
ды, өзгелерді қарулы ұрылар коршалт алған. Осыларды шығар-  
ған соң Мес қайта кіреді.

М е с (*Күсбекке*). Есеп тегіс емес қой, түйдің бе ішке.

Қ ү с б е к (*қаруланып қамданып алып, кетейін деген  
Көмәшті бөгөп, Меске*). Ол жагын түйем, екінші жағын  
шешпекпін.

М е с. Қайсысын?

Қ ү с б е к (*басымен Көмәш жақты нұсқап қалады да,  
Меске*). Тарта бер, жет енді анау тыққан қонысқа, шыр-

май бер, әлгі аз шабанды, жабыс тіс-тырнағынмен енді соған.

М е с. Құп. (*Keme bере.*) Қорғанба, ол жақ сенімді (*Kemedi.*)

К ү с б е к (*tysi бұзылып, тістері ақсиып Көмәшқа қарай басып*). Сенің бауырың ғой, бауырың езілтір. Қал қазір осы арада.

К ә м ө ш. Құсбек-ай, не дейсің? Сен үшін кетпеп пе ем бәрінен.

К ү с б е к. Ол сенің бауырың, сен әйелсін, қарында-сына тимейді. Орал шылбырына! Бөге! Болмаса Алматыға кетті, ақталуға кетті де, қайта оралып келіп алам.

К ә м ө ш. Не дейсің, тастадың ба? Қалмаймын ойбай сенен, жаным ағатайым, әкет мені, әкет, өлтіріп кет мені!

Жабысады.

К ү с б е к (*tan беріп төніп кеп*). Шығарма үнінді, болмаса өлтіріп кетемін. Шық алдынан, тап соны, айт жа-нағыны, жанынды бер мен үшін, өл мен үшін. Бағана бер-ген сертінің орындалатын жері, міне, осы. Не десіп ек? Болмаса, бөлеуге жарамасаң үргашылық қылыш, жасық-тық етсең айрылдың менен. Жоқпын мен саган...

К ә м ө ш. Жаным, не дейсің, алдаңың ғой, жараладың ғой, қор еттің ғой мені.

Жабысады.

К ү с б е к (*Көмәштың қолынан ұстап тұрып*). Алдаға-ным жок! Шатылма босқа! Бөге, тіпті олтірсөң де бое Қам-барды, үқтың ба?

Итеріп тастап шығады.

Ш ы м ы л д ы қ

### СЕГІЗІНШІ СУРЕТ

Тау іші, саҳнаның бір жағы кішкене киіз үй, қос тәрізді. Озге жағы тасты тогай, бір жасырын койын. Барлық көрініс биік тау, жартастар арасынша тығызып отырган бір үры сайдагы үры қоныс сияқты. Мезгіл тұн ортасы ауган, таң алды. Әр жерде шабандар жиыны, он шакты адам. Ала колсікеде србендер

журген қозғалыстары үрлік істеп журген адамдардың қалпындаидай. Эр тастың тубінде қазан асып, шикілі, пісілі ет жеп жүр. Бұл уақыға мен 6-7 сурет уақығаларының барлығы бірақ тұн ішіндегі халді баян етеді. Шабандар ішіндегі бастилауы Сыбанбай.

### Көрініс

С ы б а н б а й (*Орталық жердегі білктімей тасқа отыра беріп*). Жігіттер, болындар, тездетіндер, таң атып қалды. Қазір тутіндерің көрінеді енді мына тастан, бір қайнаса болды. Қапаш-құпаш жеп алсандаршы, соны созып тәйір деген бұн не?

1-ш а б а н. Уа, қайнауы жетпей жатыр.

2-ш а б а н. Болды-болды, алып-алып жей берейік, айтам ғой.

3-ш а б а н. Е, осы жау іші, жау-жалында кім баптанып отырсын!

1-ш а б а н. Ой, осы біз шынымен-ақ совхоздан жырылышп кеттік, ө?

4-ш а б а н. Босе, соны айт, озі қайда, қайда барамыз бұл?

2-ш а б а н. Е, есітпедің бе? Кетеміз. Мына түрған Қытай, бір-ак белдің асты. Басшың сүйдел жатыр.

5-ш а б а н. У жесек, ұрынмен деп, әйтеуір Мес, Құсбек барлығы тұтас көрінеді ғой.

1-ш а б а н. Олардікінің мәнісі бар шыгар. Біздің табатын олжамыз не екен?

2-ш а б а н. Ең болмаса аш-жалаңаш болмаймыз. Мына совхоз құртты ғой өзі. Қыс бойы ақы жоқ, азық жоқ, осы қыста аштан қататын едік, осы Мес емес пе аман алып келген?

5-ш а б а н. Үсте киім, баста лыпа жоқ. Ел жоқ, күн жоқ. Құр таста 4-ші ферманың бір отары, әйтеуір деп, ан болып кетіппедік пе?

3-ш а б а н. Өзінің басшысы ма, қосшысы ма, осы таута тақ былтыр кеп кіріп ек. Содан бері бір Құсбек, бір Местен басқа бірде-бір тірі жан көрінбеді-ау көзге. Осылай да ескере ме екен? Дүниеден аулақта тіпті шын ан болып кетіппіз-ау!

4-ш а б а н. Рас-ай, елсіз, күнсізде өзге тірі жанды көрмей кеткенімізге тақ бір жыл бопты-ау өзі. Тілеуің бергір

осы Мес пен Құсбек қой, қайта, анда-санда кеп “сой, же, өлме, күйлене бер!” деп жақсылық істеген.

1-шабан. Жақсылық істеді осы Мес, Құсбек бізді енді мына апаратын жерінде де көгертсін. Болмаса тағы үстіп жүре бер дей ме. Не дейді екен өзі.

6-шабан (*әңгімелеге шетінен кірісін*). Бәсе, ел-жүргітты тастап кетіп барамыз. Жат жақ, осы кеңескенің бар ма?

7-шабан. Шын, басты ашып сойлесіп алайық. Бұғін осы майды мына қызыннан, шекарадан алып өтетін де бізбіз.

1-шабан. Бәсе, содан ертең әрі өткен соң, осы майдың иесі кім болады екен, Местің анау күнгі уәдесі қайда. Соны осы арада анықтап алу керек.

Сыбандай. Әй, жігіттер, бұларың жанды сез. Айтылған сез. Қазір осы арада басын ашып алғандарың теріс болмайды. Енді не де болса тәуекелге басып, қауіп-қатерге белді байлан, кетуге ниет қылындар. Оларың ғой даусыз. Енді бәрі бір, қашып кетті деп артыңың өзі де тегіс жау болып алды, қайтуға жол жоқ. Ал алдың болса, қын өткел, мына түр. Қатер. Әйтеуір, бекінген соң енді мал жонінде не деседі екен. Шешіп алындар басын ашып.

Тасырлаған дүбір естіледі, ат түяқтары. Бұлар тыңдай қалады. Уай, бөтен кісі болса жай мал бағып жатқан отармыз деңдер! Жылдам басып Мес, Құсбек, Шәксің, Алтын шығады. Арттарында екі-үш қарулы жігіт.

Келгендег. Уа, жол болсын. Жолымыз болсын, азаматтар! Тәнірі жолымызды қылсын! Иә, тәнірі, бере гөр!

Мұндағыларап. Жол болсын, айтқаның келсін! (деп жатысады).

Қондайбай. Уа, қарақтарым, ер азамат! Бұл бірақ түн. Қайрат етіп көр енді.

1-шабан (*қасындағыларга*). Өй, мына шалы кім?

2-шабан. Білмеймін. Өй, білген кісі бар ма? (Ешкім үн қаттайды.)

Сыбандай. Е, мына Местің нағашы атасы.

Алтын. Өтірік айтпа, өтірік, алдайды.

Мес алдына тұра қалады.

4-шабан. Мына біреу қыздары кім?

1-шабан. Е, қатындары да, кім қызын қосып жіберді дейсін?!

Шәкен мен Алтын бұл сөздерге құлақ, салып шетірек тұрады.

Ш ә к е н (*Алтынға*). Міне, елің! Бұ да саган майдан.

Оқығандық қызметінді осылар арасында істе, несі бар екен?

Қ ү с б с к (*Шәкен сөйлей бергенде тап беріп қасына келіп тыңдал*). Е, бәсе, солай сөйле, түге.

А л т ы н. Қараң қалсын мұндай күн (*Шәкенге*). Өз ақылың өзіңе.

С ы б а н б а й (*Месті оңашалап алып*). Мына шабандар, кешегі уәдесін осы арада атап айтсын, біздің жайымызды шешіп берсін дейді. АナンЫ айтады, кешегі.

М е с (*ортадағы тасқа аз көтеріліп алып*). Ә, солай ма, онысының жөні бар! Ей, жігіттер! Ең алдымен бар сөзімізді шешіп алайық... Біз, міне, кеткелі тұрмыз. Ал не деп шешеміз? Сендер томага-түйік кетпендер. Өздерің, оз бастарың үшін кеткенінді үғынып ал, міне! Кеңеске жиырма жыл істесен, жиырма түяқ бітпес еді, алдымызда міне бір отар қой тұр. Мың қой. Осының бес жүзі сендердікі. Он шабансың, әр қайсының, қазір міне, кісі басы елу қойға ен салып ал. Міне, сөз осы. Ал алыңдар қазір.

2-д а у ы с. Уа, тілеуін берсін, ау, жолың болсын.

6-ш а б а н. Бәрекелде, соз осы да.

1-ш а б а н. Ал міне, сөз ақ емес пе?

Д а у ы с т а р. Уа, жолымыз, жолымыз болсын, ендеشه.

Қ ү с б е к. Ал, шабандар, сендерді кешегі аштықтан да өлтірмей асырап шыққан біз болатынбыз. Міне, сол сендерді асырады, астық алып берді деп бүгін бізді де қуып отыр. Енді бір бас, бір тас болдық. Енді, міне, не мұрат, не ниетке аттанғанымызды ғой үктыңдар?

3-ш а б а н. Ойбай, Құсбекжан, айт, айта бер енді.

2-ш а б а н. Айт, қарагым, тапсыр, баста енді өзің.

Қ ү с б е к. Болды, ендеشه, эне (*бірге келген жігіттерге бүйірып*). Әй, жігіттер, шығарыңдар бері өлгі қаруды! (*Он шақты мылтық алып келеді, ішінде алты атар, қос ауыздар бар*.) Ал, міне, тегіс, бәрің де қарулан. Енді, міне, жанды өлісіп береміз.

М е с. Е, жан бермейміз. Осы малды бір-ақ түн екен, аман-есен алып өтеміз. Өз малымыз.

Қ о н д ы б а й. Ендеше, шырақтарым, қарақтарым, мен көпті көрген көрі едім, бір сөзге құлақ салыңдар. Бұл

жол қын емес, гранетса деген бір-ақ көш жер, одан бері де тақ осы қобы, “Адасқақтың” қобысы деген қобы болады. Бұл тасты мыннан бір жан болмаса ешкім білмейді. Осы араны басқаның бар ма, тегі?

С ы б а н б а й. Рас айтасың, көрі. Осыны тілті туталы білген емес ек.

Қ о н д ы б а й. Ендеше, сол. Жолы, асуы, барлығы екі айрылып кетіп отырады да, мынаған келетін қынды ешкім ойга да алмады. Білмейді... Бүгінгі жүрген тірінің мұны білетіні қалмаған-ақ шығар.

Д а у ы с т а р. Ә, бәрекедде, ойпыр-ай, әзіміз құтылышыз гой онда.

Қ о н д ы б а й. Құтыласың. Бұйырса оңай құтыласың. Осы қобы, осы кереге биіктің қақ басымен тартады да отырады. Тура гранетсага барып бір-ақ кіреді. Енді оған барған күнді өздерің көресің. Ол арада да жан баспайтын асу бар. Сонымен бір-ақ кетеміз.

М е с. Енді, жігіттер, жол жайы сол, түк қындығы жоқ. Бір-ақ аттаймыз. Жолымыз болсын!

Д а у ы с т а р. Тек жол болсын, жол болсын. Айтқаның келсін.

Осы даурықтың түсінда Алтын мен Шәкен жакын тұрған тастың біріне шыға береді. Ар жағынан тастың түбінен баспалап қараған Арпабай көрінеді. Алтын бүк деп белгі жасайды. Арпабайдың артында Нұрбай. Олар кейін шегіне береді. Соңда Шоқен қайтып кеп, Мес пен Құсбекке оралады.

Ш ә к е н (*екеуіне*). Ал, жүртқа айтатынды айтып болындар. Енді бізге не айтасындар?

Қ о н д ы б а й. Е, қалқам, бәсе сүйде. Сүйтсөнші, ұғыссаншы.

М е с (*Құсбекке қарап*). Айтайық олай болса сендерге айтатынды да.

Ш ә к е н (*екеуін киіз үйге қарай бастап*). Айтындар! Біздің де естігіміз келеді.

Қондыбай, Мес, Шәкен үйгіс кіреді. Шокен әкессіне оралып жай сурап жатқанда Құсбек Меске ымдал өзара күңкілдеседі. Осы кезде Арпабай шығады. Шабандар оған үркे қарайды.

2-ш а б а н. Мынау кім?

3-ш а б а н. Ей, сен кімсің?

А л т ы н. Агатай-ай, сен де келдің бе? Бәсе, ио сәт, жолымыз болар енді!

А р п а б а й. Ойбай, тәйірі, мұнда екен ғой (*Алтынга*.) Бәсе, маган бағана Құсбек “Адасқақтың” қобысы деген десем, мынау (*Нұrbайды көрсетіп*.) “Бұл жақта жол жоқ” деп тіпті болмайды. Ал, жігіттер, жол болсын, тоңір жолымызды қылсын енді!

Д а у ы с т а р. Айтқаның келсін. Уа, ел екен ғой.

А л т ы н. Ел гана емес, басшым дессийші. Бәріміздің сенгеніміз осы кісі емес пе?

А р п а б а й. Е, ел емес, мен сендермен бірге өлем деген кісі емеспін бе? (*Нұrbайга*) Бар, сен ана аттарды осы арага өкел. Көрініп қалар.

Н ү р б а й (*кете беріп*). Эй, адасып, құғын қолына түсіп өлдім-ау деп ем, иә, құдай, берерсің. Өкелейін. Осы мынаның артына қоям ғой атты!

Д а у ы с т а р. Иә, осының асты бір ұя тұрган. Қой да сонда жатыр. Бар, әкеле ғой жылдам.

А р п а б а й. Ал, балалар, ой, қарақтарым, көген көздерім-ай. Енді тек жолдарың болғай-ақ та! Өй, бірақ, жүргелі құрғыр айни береді. Мынау алдымыз ін-тірессіп тұрган әскер, көкбенбек қару ғой.

2-ш а б а н. Уа, қойынызышы, солай ма екен?

1-ш а б а н. Уа, алдымызды онайлатып тұр ғой.

А р п а б а й. Е, тек солай болғай-ақ та. Ал алды-алдымен тұр-ау. Енді мына артты білгендерің бар ма?

4-ш а б а н. Е, бәсе, о не бол жатыр?

3-ш а б а н. Немене, қуып келе ме?

А л т ы н (*Арлабайга*). Бәсе, сонда, соңғы бір екі-үш күнде шабандар масайрап: жаңа күн туды деп тілті қуаныштан асыр салып деген не осы? Оны білдіңіз бе?

2-ш а б а н. Немене дейді?

1-ш а б а н. Уай, не дейді. Не бол жатыр екен, білдіңіз бе?

А р п а б а й. Ойбай, артта көп мән жатыр. Артты айт!

1-ш а б а н. Е, айтсаңызы мәнін, қария-ау.

А р п а б а й. Уа, бермен жүр, ендеше.

Барлық шабан артынан еріп кетеді. Алтын беріде қалады.

Ш ə к е н (*үйде, Құсбек, Местің арасына отырып*). Айтындаршы енді, мынау шабандарын, мынау отарың қалай, не өзі?

Қ о н д ы б а й. Бәсе, өздеріне мал үлестіріп жатырындар, мен де үққаным жоқ-ау, мәнісі не екен?

Қ ү с б е к. Мәнісі сол, бұл отардың малы совхоздың бұрынғы санында жоқ, мал.

Қ о н д ы б а й. Не дейді? Ол қалайша?

Қ ү с б е к. Бұл ылғи жогалды, өлпі деген мал, актінің малдары. Ылғи анау басқа фермелерден құралған мал.<sup>39</sup>

М е с. Құсбек пен Местің қолөнері десеңші. Қап бәлем, жалғыз-ақ Сөлкебайды қатырып, алдаң кеттім. Екеуінің қолын сірестіріп тұрып-ақ келістіре дәл өзіндей қойып едім де...

Ш ə к е н. Сонымен бұл мал?..

М е с. Қай мал деп жоқтайды. Бұрын 850, кеше, жайкүй қалай болар деп, соңғы 150-ді бітті деп өзіміздің біріміз деп жоқ қып, осында косып алдық. Болған сон, енді дөңгелек есем тұра мың болсын дедік. Іші күйсін.

Ш ə к е н. Ал, бұрынғы 850 басқа жерде ме еді?

Қ ү с б е к. Ессепсіз бола ма? Месекен өзге фермадан жырып алып келеді де, косады да отырады.

М е с. Бәлем, өсіресе талай одернек болам деген шабандарды шоңқиттых-ау. Бүкіл совхозда, мына Бөлтірік, Қамбар келгенше, бір одернек шығартпай қойдым-ау, ай өзім-ай!

Қ ү с б е к. Ал, мына шабандар осыны біле ме?! Бұлардың не енбегі боп еді?

М е с. Өй, кой баққаннан басқа тұктің ісін білмейді. Олар совхоз қойын бағып журміз деп, қойдың кейін Местің подсобный хозяйствосы екенін қайдан білсін (*куліп*.) Е, біреуіне “бас” десен, құлақ дейді тұра.

Қ ү с б е к. Бұлар бір қызық. Бір алуан, ойында дәнене де жоқ адамдар.

Ш ə к е н (*куліп*). Япыр-ай, қалай дейсің? Тамаша шебер істепсіндер ғой, жаным-ау!

Қ ү с б е к. Бұлардың бәрін совхоз білмейді. Совхоздың ешбір адам, ешбір дүниесін жыл он екі айда бұлар да не білмейді, не көрмейді.

М е с. Оларға палитәдел мен де, деректер Құсбек! Соңан соң белгілі, азықтан, киімнен таршылық болса ол

кеңес мінезі. Сой, же, сүтін ал, терісін киім қып ки деген баяғы біздің кішіпейілділігіміз.

Қонды ба. Шынында, соғой озі. Әке-шешесіндей болған сен екеуің де.

Мес. Міне, ол мәселе солай-а-ай (*Шәкенге жамбастап құліп*.) Ал, Шокентай, осыншамен, міне, өкендей қашып жүрген жерінен қолға алған, мал-дүниенде аман сактаған, баяғынды баяғыша ал-аман, түп-түгел өзір қып отырған жігітін, міне, біз. Енді, көні, сен не дейсің? Мынау Алтының не дейді?

Құсбек. Бәсе, екі талайдын үстіндеміз. Енді іштегіні шындалап айтсып алайық. Түйткіл қалмасын. Солай емес пе, Шәкен? Солай емес пе, кәрия?

Қонды ба (*Шәкенге*). Қарашығым, балам, мен дедің, кеттің аналардан. Өзімді таптың, жан балам. Енді, өлер шағымда тілімді алдың-алдың, енді мынау соңғы тілегімді де қабыл ал. Мен мынау Меске бұйырғым келеді. Не дейсің?

Құсбек. Қалқам, мен сенің жақыныңнан қалған жар дегенде жалғыз ағаң екем. Мен де осыны тілеймін. Анау Алтынды да дегеніңе көндір. О да өзімізден кетпесін (*пауза*.) Айтшы, не жауап бересің?

Шәкен (*ұялып, бөгеліп*). Япыр-ай, не айтайын?!. Мес, Құсбек... (*арадағы бір сөз өшіп қалған*) адамдар екінші осындай қысталанда бұларың не?<sup>40</sup>

Мес. Жок, Шәкентай, осы арада бер жауабынды. Мен сенің жалғыз дегеніңе қарап, жанымды отқа саламын. Не үшін алысатынымды біліп алысайын. Жауабынды қазір айт.

Шәкен. Осы арада ма?

Құсбек. Иә, осы арада.

Шәкен. Ендеше, ойланайыншы (*Пауза. Тыста шабандар кеткен жақтан Сыбанбай шыга береді. Үйге қарай басқан Алтын жолын бөгей береді.*).

Сыбанбай (*сөйлей келеді*). Өй, мынау шалың кім еді ез? Мынау қаранды шабандардың басын айналдырып әкетіп барады гой, шырқ-кобелек айналдырып! Ә? Қой!

Алтын (*үйге бара бергенде алдынан оралып құшақтаңқырап*). Уай, ағай-ай, слайтер дейсің, былшылдай береді де! Жаным, ағатай, түсі жақсыдан түңілме деп еді. Менің

жүрегімде бір сыр бар, таңдал тапқаным сен болдың  
(*Құшақтайды*.) Тындармысың сонымды айтсам?

Сыбай. О, не еді, қарагым? Мына біреудің  
асығыс болып тұрганын көрдің бе?

Алтын. Жоқ, бастау қиын еді, бастап қойдым, тыңдашы енді мені.

Сыбай. Ал, шырағым, айт, айта ғой.

Алтын. Менің сүйген адамым мынау Құсбек еді,  
япыр-ай, енді айту да қиын. Бері жүрініші, балайырақ  
барып отырып айтайын.

Жетелеп окетеді.

Мес. Қане, Шекенжан, не дедін?

Шекен (*Местің қолын сипап*). Япыр-ай, Мес-ай,  
шіркін-ай (*Майыса береді*). Не қылдың шыдамсыз боп.

Сол кезде тастың арасынан айкай.

Даус. Ойбай, күткін келіп қалды. Ойбай, аттан!

Мес (*үйден ата жүгіреді, барлығы жүгіре шыққан*.  
*Шабандар жүгіріп келеді*). Уай жігіттер! Ал, мылтықты!  
Өліспей беріспейміз. Бірің қалғанша атыс (*Өзі мылтығын  
жұлып алады*).

Қүсбек. Ат енді, неге тұрсын? Ат!

1-шабан. Жоқ. Бұл мылтықтар атылмайды.

Мес (*қарап*). Ат енді жаңың барында, әйтпесе қырып  
кетем! (*Өзі қайта ақырады*.)

Арпабай. Адырақал, кенестің кедейі кенеске оқ  
атады, саған құл болар.

Мес үмтұлымп Арпабайды атам дегенде Шекен үстай алады.

Шекен. Атпа оны (*Мылтықтылар тасырлап келіп  
қалады*)

Мес. Шекен! Жүр, ендеши, жүр (*Жөнеле береді*.)

Шекен. Тоқта, қашпа!

Мес. Жүр-жүр (*кете береді*.)

Шекен. Тапжылма!

Даустар. Кеп қалды, ойбай, кеп қалды! (*Конды-  
бай жөнеле береді, оны Арпабай бөгейді. Құсбек Алтынга жа-*

*қындал өкетпек болады. Мес қаша береді.)* Қозғалма! Мо, ендеше, жүзі қара! (*Басып салады. Мес құлап түседі. Құсбек Алтынга жақындал.*)

Ш ө к е н. Ұста, ананы! (*Құсбек қаша бергенде Нұрбай ұстайды.*)

Н ұ р б а й (*ұстап алып*). Сабыр ет. Қазір тексереміз!

Сол уақытта Бөлтірік, Сапар таты басқа шабандар шыға-шыға келеді. Тастандан секіре-секіре түседі.

Қ а м б а р. Әрине, тексереміз!

Ш ө к е н (*Бөлтірікке Месті көрсөтін*). Міне, совхоздың борсығы (*Құсбекті көрсөтін.*) Міне, алындар! (*Шабандар алып кетеді, Сапарға.*) Міне, мынау конфискаленген бай, айдаудан қашқан Қондыбай!

Сапар, Қамбарлар шабандарға араласады. Бөлтірік, Шокенге қарай басады. Осы кезде күн шығып келе жатқан.

Б ө л т і р і к. Япыр-ау, сүйсіндірдің гой, Шәкен! Әкелиші қолынды.

Ш ө к е н. Шының ба?

Б ө л т і р і к (*қалжыңдал*). Япыр-ай, енді сауда пісстін болды гой, енді тәйірі. Иріккен дәнеңем жок, ал енді.

Ш ө к е н (*атқып келіп қолын берін*). Ендеше, өткелден етіл келмек ем, олай болмаса мә қолым, міне, мен.

Б ө л т і р і к. Ал мен де мә?

Ш ө к е н (*куліп қалжыңдал*). Солай ма? Ендеше, қондырган олай болмайды. Былай болады.

Б ө л т і р і к (*куліп*). Айтам гой бұл тобенді ояды деп. (*Қасындағылар күледі.*)

А л т ы н (*Алатайдың қолын қысып құшақтанқырап түрүп*). Қалқам, қаншалық қымбат екенінді біліп не едің?

Анау үялышырап төмен қарайды. Мынау оның маңдайын сипайды.

Қ а м б а р (*көппен ілгері басып, мыналарға жақындал келеді. Барлық басты адамдар бір арага топталады*). Япыр-ай, кеше совхоз орталығынан шыққаннан бері бір-ақ сөтке

болды. Міне, осы бір соткенің ішінде совхоздың бар түйінінің бір-ақ шешілуі-ай.

Б ө л т і р і к. Ие, бір-ақ тұнде түлеп шыққандай болдық, барлық ескіден, паразиттен арылып.

С а п а р. Бәсе, біз осылай, сұрыпталып түлеп әсеміз де!

А р п а б а й. Балаларым, түлек екені рас. Қазір барлық Қазақстанның, жаңа жүртшылықтың өсуі де осылай. Түлеп еседі ғой. Сен соның бір үшкыны, бір шоғырысың. Көңілің есе, қайратың тола, мерейің аса түледің. Мұның аты – тас түлек. Тас түлек болсын бұл түлек! (*Балаларын бір-бір сүйеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ .

*Соңы.*